



ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ КІРЕ
АЛМАЙ КЕТКЕН
ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ АМАН
ОРАЛДЫ...

3-бет



СУБСИДИАРЛЫҚ
ЖАУАПТЫЛЫҚТЫҢ
АРТЫНДА КІМДЕР ТҰР?

4-бет



ТАРЛАН
ТАРИХШЫ

18-бет

ҚАЗАҚҰНИ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№21 (787), 28 мамыр, 2018

ӘКІМ АНТ-СУ ІШСЕ ДЕ, БҰЛ АБАЙДЫҢ МҮСІНІ ЕМЕС!..



Сəбит ДОСАНОВ:

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ АЛАШ АРЫСТАРЫНА ҚАРЫЗДАР

– Ол кезде билік өз идеологиясын жүргізу үшін жазушыларды жақсы пайдаланды, шыққан кітаптарымызды таратты, шығармашылықпен алаңсыз айналысуға жағдай жасады. Біз мемлекетке идеологиялық тұрғыдан ғана емес, сатылымға шыққан кітаптарымыз арқылы бюджетке де қомақты қаржы түсірдік.

10-11
бет



Әкім қанша жерден «Бұл Абайдың ескерткіші» деп жанталасып, ант-су ішсе де. БҰЛ АБАЙДЫҢ БЮСТІ ЕМЕС! Мен мұны тура осы ескерткіш қойылған 1979 жылы осы Ұлы Абайдың атындағы Қазақ педагогикалық институтының көркемсурет-графика факультетіне түсіп, 1984 жылы (Степногорск қаласының әкімі Әнуар бауырымыздың туған жылы) бітірген, жоғары білімді суретші, ақын ретінде мәлімдеймін. Бұны тек суретші-мүсіншілер ғана емес, бюсті бір көргеннен кез-келген қарапайым адамдар да айтады және айтып жатыр. Әлеуметтік желіде Қазақтың ұлы ақынын пролетариаттың көсеміне айнымай ұқсатып қойғаны үшін қатты наразылық өршуде.

2
бет

ҚЫТАЙДА ҚАЗАҚТАРҒА ҚЫСЫМ КӨРСЕТІЛУІ ӘЛЕМ НАЗАРЫНА ІЛІКТІ

Ұлты қазақ азаматтардың Қытайда ешқандай себепсіз, жазықсыз түрмелерге тоғытылып жатқандығы туралы мәселе Қазақстан халқы мен бірге Халықаралық құқық қорғау ұйымдарын да алаңдата бастады. Бұл туралы Еуропарламентте айтылып, қазір көптеген шетелдік ақпарат құралдары да жариялап жатыр. Демек, Қытай үкіметінің қазақтарға қысым көрсетуі әлем назарына ілікті деп айтуға болады.

3
бет



АРДАҚҮРЕН АҚЫН ТОЙЫ ТУҒАН ЕЛ ТӨРІНДЕ

20
бет

МОН – «СВЯЩЕННАЯ КОРОВА» РК? ВНЕ КРИТИКИ?

За последний год усилились силовые приемы «решения» проблем в сфере образования. В сентябре прошлого года, когда Министерство образования и науки РК обратилось в МВД республики по поводу распространения ложной информации о содержании казахстанских учебников. По данным МОН, в социальных сетях тиражировались снимки с якобы заданиями в казахстанских учебниках, в которых, к примеру, изображенный на картинке лось называется гусем, утверждали, что во 2 классах ввели новый предмет «Сексуальное воспитание» и т.д.



17
бет

ҚОРҒАНЫС ҚАБІЛЕТІНІҢ ӘЛЕМДІК КӨРМЕСІ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Елорданың халықаралық әуежайының әскери алаңы аумағында V халықаралық «KADEX-2018» қару-жарақ және әскери-техникалық мүлік көрмесінің ашылу рәсіміне қатысты. Көрмеге Ресей, Беларусь, Қырғызстан, Армения, Түркия, Иордания, Әзірбайжан, Израиль, Италия сынды 40-тан астам елдердің өкілдері келді. Әлемнің 28 елінің 318 кәсіпорыны өз өнімдерін ұсынды.



Бұл көрме 2010 жылдан бері өткізіліп келеді және осы уақыт аралығында қорғаныс өнеркәсібі өнімдерін өндірушілер мен тұтынушылар арасында өзара оңтайлы байланысты орнату мен дамытуға қолайлы жағдай жасауға, қорғаныс күштерін технологиялық тұрғыда жаңғырту

мәселелері жөнінде тәжірибе алмасу үшін тиімді алаңға айналды. Биыл көрмеде 10 павильон жұмыс істейді, солардың қатарында ғарыш қызметіне арналған үлгілер алғаш рет қойылып отыр. Аталған шаралар барысында әлемнің түрлі елдерінен келген мамандар мен сарапшылар қорғаныс

өнеркәсібі, әскери-техникалық ынтымақтастық, ғарыш қызметі мен ақпараттық қауіпсіздіктің маңызды мәселелері төңірегінде пікір алмасып, заманауи кезеңдегі киберқорғаныс жөніндегі сауалдар талқыланды.

«Өздеріңіз де білетіндей, біздің еліміз таяу және алыс елдермен тату көршілікті нығайтуға бағытталған бейбітсүйгіштік саясат жүргізіп келеді. Дегенмен, әлемдегі бүгінгі жағдай барлық елдерді қорғаныс қабілетін нығайтуға мәжбүрлеп отыр. Біз де ҰҚШҰ аясында дәл осыны жасауға ұмтыламыз», — деді Нұрсұлтан Назарбаев. Мемлекет басшысының атап өтуінше, қарулы күштердің қорғаныс саласын дамыту мемлекет басымдығының бірі саналады. Бұл ретте, Орталық Азия өңіріндегі жалғыз саналатын KADEX халықаралық көрмесі қорғаныс саласын жүзеге асыруда негізгі рөлге ие болып отыр.



МЕДИАФОРУМ: ЖАЛҒАН АҚПАРАТ ПЕН АҚИҚАТТЫ АЖЫРАТА БІЛУ КЕРЕК

Алматыда кезекті XIV Еуразиялық медиа форум болып өтті. Форум алғаш рет өткізілген уақыттан бастап 15 жылда Қазақстанға 6 мыңнан астам шетелдік делегат келген. Конференцияның ауқымы мен халықаралық деңгейі еліміздің ғаламдық ақпарат кеңістігінің ажырамас бөлігі екенін көрсетіп келеді.

Медиафорумда сөз сөйлеген ҚР Ақпарат және коммуникация министрі Дәурен Абаев Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың құттықтау хатын оқып берді. «Бүгінгі форум медиа саласындағы білікті майталмандардың өзара диалог жүргізуіне мүмкіндік беретін маңызды шара. Әлем құбылып, геосаяси қайшылықтар мен жана технологиялық мүмкіндіктер шиеленіскен қазіргі жағдайда бұқаралық ақпарат құралдары қақтығыстар эскалациясының детонаторы, сондай-ақ халықаралық шиеленістерді тежеу мен алдын алудың жаһандық факторы бола алады. Осы жерде журналистердің жауапкершілігі шығады. Классикалық журналистикаға басты сын-қатер ретінде

балама ақпарат көздері — блоггерлер мен әлеуметтік желіні айтуға болады. Бұл ретте, дәстүрлі БАҚ-тың бәсекеге қабілеттілігі әрдайым журналистің кәсібилігі мен сапалы контент болып келеді. Осы мақсатта осындай диалог алаңдарын құрудың өзектілігі арта түседі», — делінген Президенттің құттықтауында.

Сол сияқты Алматы әкімі Бауыржан Байбек Еуразиялық медиа форум жұмысына қатысып, форумның Алматыда өтіп жатқаны біз үшін үлкен мәртебе екенін жеткізді. Форумда ғаламдық дамудың өзекті мәселелерін белгілі журналистер, сарапшылар, саясаткерлер талқылап жатқанын айта келе «Біздің көз алдымызда геосаяси, экономикалық өзгерістер болып жатыр. Осы орайда, сын қауіп-қатерлерді алдын алу әлемдік БАҚ-тың бүгінгі келбетіне байланысты. Жалған ақпараттар шынайылық пен жауапкершілік қағидаларын бұзуда. БАҚ тек қана қоғамдық пікір ғана туғызбауы керек, ол сонымен қатар адамдардың бірегейлігіне, қоғамдық құндылықтарына ықпал етуі қажет», — деді Бауыржан Байбек

АУЫЛ ӘКІМДЕРІН ХАЛЫҚ САЙЛАЙДЫ, БІРАҚ...

Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында палата депутаттары «Қазақстан Республикасының сайлау туралы» ҚР Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын талқылап мақұлдады.

«Мәслихаттар депутаттарын сайлау процесін жетілдіруге байланысты аудандық сайлау комиссияларын жою ұсынылып отыр. Енді аудандық сайлау орындарының қызметтері мен өкілеттіктері аумақтық сайлау комиссияларына беріледі. Олардың екі мүшесі

өздерінің өкілеттіктерін тұрақты кәсіби негізде жүзеге асырады», — деді Әділет министрі Марат Бекетаев заң жобасы бойынша баяндамасында. Сонымен қатар, М. Бекетаев ауылдық деңгейдегі әкімдерді тікелей сайлау енгізілетінін атап өтті. Әкім жергілікті тұрғындардың жалпыға бірдей тең төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы төрт жыл мерзімге сайланады. Бекетаевтың айтуымен бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғандай — ауыл, кент округтерінде әкімге үміткерлерді аудан әкімдері ұсынады екен. Бұл заңнамаға сәйкес, жеке тұлға

өзін үміткерлікке ұсыну қарастырылмаған көрінеді. Олай болса, жергілікті әкімдерді халық сайлайды деп қалай атауға болады? Тұрғындар өзі таңдаған адамды ұсына алмаса оны сайлау деп айтудың өзі қиын. Аудан әкімі ұсынған үміткерлердің бірін «сайлау» сол баяғы тағайындаудың екінші түрі емес пе? Аты — сайлау, заты — тағайындаудан тұратын мұндай көзбояушылықтың керегі қанша? Халықтың қалауы ескерілмеген сайлау науқанына бүйтіп қыруар қаржы шығындағанда аудан әкімі өзіне ұнаған адамын тағайындай салса, мемлекеттік қаржы үнемделер еді ғой...

ӘКІМ АНТ-СУ ІШСЕ ДЕ, БҰЛ АБАЙДЫҢ МҮСІНІ ЕМЕС!..

Кешелі бері әлеуметтік желілерде Лениннен айнымай қалған Абай Құнанбайұлының бюстің түсірген видео тарауда.

Бұл ескерткіш Ақмола облысы Степногорск қаласындағы №6 мектеп-гимназиясының аумағында тұр екен. «Мұнда бұрын Лениннің ескерткіші тұратын. Енді қазір ескерткішке тақия кигізіп, Абай деп жазып қоя салған. Бұл не сұмдық», — деп жазыпты видео авторы.

Осы мәселеге байланысты, Степногорск қаласының әкімі Әнуар Күмпекеев түсінік берді. Шаһар басшысының сөзінше, әлеуметтік желіде дауға іліккен бюстің орнатылғанына 40 жылға жуықтаған. Абайдың бюстіне дейін мектептің алдында ешқандай ескерткіш болмаған.

«Степногорск қаласының №6 орта мектебі 1977 жылы ашылды. Оның ашылуы 31-тамызда өтті, ҚазССР Халыққа білім беру министрлігінің шешімімен мектепке А.Құнанбаевтың есімі берілген. Мектеп екі қорпуста (бастауыш және жоғары блок) тұрады, 2000 оқушыға есептелген. Екі жылдан кейін Алматы қаласында атакты жазушы және ақынға бюст құйылды. 1979 жылы қазан айында бюст Степногорск қаласына жеткізіліп, сәулетшілердің жоспарлауы бойынша №6 орта мектептің алдына орнатылған», — деп мәлім етті Әнуар Күмпекеев ҚазАқпарат тілшісіне.

Әкім қанша жерден «Бұл Абайдың ескерткіші» деп жанталасып, ант-су ішсе де. БҰЛ АБАЙДЫҢ БЮСТІ ЕМЕС!

Мен мұны тура осы ескерткіш қойылған 1979 жылы осы Ұлы Абайдың атындағы Қазақ педагогикалық институтының көркемсурет-графика факультетіне түсіп,

1984 жылы (Степногорск қаласының әкімі Әнуар бауырымыздың туған жылы) бітірген, жоғары білімді суретші, ақын ретінде мәлімдеймін.

Бұны тек суретші-мүсіншілер ғана емес, бюсті бір көргеннен кез-келген қарапайым адамдар да айтады және айтып жатыр. Әлеуметтік желіде Қазақтың ұлы ақынын пролетариаттың көсеміне айнымай ұқсатып қойғаны үшін қатты наразылық өршуде.

Мен бұл бюстің суретін Қазақ педагогикалық институты көркемсурет-графика факультеті түлектері ашқан чатқа салып, көптеген суретшілердің (бұл топта елімізге белгілі дарынды суретшілер бар) пікірлерін де сұрадым.

Бәрі шошып кетіп, бір ауыздан «Мынау тақия кигізіп қойған Ленин ғой. Абайға еш ұқсамайды. Қазақтың ұлы ақынын осылай мазак етуге болады ма?» — деп наразылықтарын жазуда.

Кеше ақын Ғалым Жайлыбайдың 60 жасқа толуына байланысты Қарағандыда өткен үлкен жиында ақын-жазушылар мен зиялы қауымның ортасында отырып, бюст фотосын көрсетіп едім, бәрі бір ауыздан «Мынау Абай емес, Ленин ғой. Бұл қай жерде, кім қойып жүр бұны» деп, наразы болды.

Осыдан 4 жыл бұрын, 2014 жылы Өскемен қаласында Абай мен Михаэлиске ұсқынсыз ескерткіш орнатылып, «Қазақ үні» сайты үлкен шу көтеріп, оны бүкіл БАҚ қолдап, ақыры ол ескерткіш алынып тасталған болатын. «АБАЙДЫ МАЗАҚТАҒАН ЕСКЕРТКІШ АЛЫНЫП ТАСТАЛДЫ!»

Енді міне, бұндай келеңсіз көрініс жастай қалай әкім болу керектігі туралы ақыл айтып жүрген Степногорск қаласының әкімі Әнуар Күмпекеевтің айтуынша 40 жылдан бері тұр екен!?

Біз Степногорск қаласында тұратын, тұрған таныстарымызға хабарласқанда олар да бұны растап, елдің бәрі оны: «Бұл — Абай атамыз емес, тақия кигізіп қойған Лениннің ескерткіші ғой» деп, айтып-айтып қойғанына талай жыл болды. Бұны көтеріп жатсаңыздар, дұрыс болған екен, қолдаймыз», — деп жазып жатыр.

Ескерткішке тапсырыс берген тарап, Степногорск қаласының әкімшілігі немесе гимназия басшылығы бұл ескерткіштің Абайдың бюсті екеніне шынымен «сенетін болса» онда оларды бюсті жасаған мүсінші жақсылап тұрып алдап кеткен. Ол кезде ең көп қолданылатын, сондықтан дайын тұрған Лениннің бюстің нашар өзгерте салған. Адамның ешкімге ұқсамайтын ең өзгермейтін бейнесі көзі мен қас-қабағын өзгертусіз қалдыра салған.

Енді мүсінді жасаған мүсіншінің кім екенін айтуды қажет деп таппаған Степногорск қаласының әкіміне бірер сұрақ:

1.Әрине, Әнуар Күмпекеев мырза, сіз



қол астыңыздағылар дайындап берген жауапты жариялап отырсыз. Тиісті жауапты қызметкерлердің, мектеп басшылығының ақпары солай болуы керек. Бірақ сіз өзіңіз әкім болған 3 жылдан бері (оған дейін әкімнің орынбасары) сол Ұлы Абай атындағы мектеп-гимназияға бір рет барып, осы «Абай» ескерткішіне көз салып қарадыңыз ба осы уақытқа дейін?!.

2. Бюсті көрсеніз, қарапайым тұрғындар көз жеткізген маскара шындықты сіздің және Степногорск қаласы басшылары мен жауапты идеологтары неге көрмейді?

3. Енді бұл ел наразылығын тудырып, 40 жылдан бері мазалап келе жатқан «ескерткішті» қашан ауыстырасыздар?

Бұл мәселеге Ақмола облысы әкімі Мәлік Мырзалин назар аударып, шешімін табуға ықпал етуі тиіс!

«Қазақ үні» ұлттық порталы бұл тақырыпты қадағалап, жұртшылықты хабардар етіп отыратын болады.

ҚАЗАҚ ЕЛІНЕ КІРЕ АЛМАЙ КЕТКЕН ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ АМАН ОРАЛДЫ...

АНАСЫНАН АЖЫРАП ҚАЛҒАН БІР ЖАРЫМ ЖАСАР АҚЖОЛДЫҢ ТАҒДЫРЫНА «АҚ ЖОЛ» ПАРТИЯСЫ ДА АРАЛАСТЫ

Таңғы сағат төрттен елу минут өткенде Алматыға Стамбұлдан келген ұшақпен елге аман оралуын бүкіл қазақ алаңдай күтіп отырған Жайнагүл Ғажапқызы ұшып келді.

Алматы әуежайындағы Шекаралық бақылау қызметінің шектен шыққан жауапсыздығы мен сауатсыздығының кесірінен бір отбасы бір-бірінен 18 күн бойы ажырап қалып, Нұрсейіт Төлегенұлының жұбайы қазақ қызы Жайнагүл Ғажапқызы өзінің Тәуелсіз Қазақ Еліне кіре алмай, әуежайдан кері Мысырға қайтарылған болатын. Қытай азаматы болғанмен, Қазақстанға қайтарып хаты бар ол Қытайға қайтарылса түрмеге түсетіні белгілі болып, 18 күн бойы тағдыры қыл үстінде тұрды.

Анасына шырқырай ұмтылған бір жарым жасар ұлы Ақжол мен баласын жылап тұрып бауырына басқан ананы көріп, қарсы алушылардың барлығының көзіне жас үйірлілді... Асыл жарымын аман-есен қауышқан Нұрсейіт те көз жасын жасырмады...

«Қазақ үні» ұлттық порталында

3-мамырда жарияланған Нұрсейіт Төлегенұлы мен жұбайы Жайнагүл Ғажапқызының бастарындағы ауыр жағдай туралы «Масқара! Әуежайдан жүкті әйелді кері қайтарған Шекаралық бақылау қызметі сауатсыз ба, жауапсыз ба?!» атты мақаланы ел жақсы білсе керек. Өйткені, оны бір күнде 20 мыннан астам адам оқып, қоғам ішінде үлкен резонанс тудырған аталмыш мәселеге әлеуметтік желіде халық өз наразылығын білдірген еді.

Еске сала кетсек, 3-мамыр күні, таңғы сағат 03:00 шамасында Нұрсейіт жұбайы Жайнагүл Ғажапқызы және баласы үшеуі Мысырдан Алматы әуежайына ұшып келген. Шекаралық бақылаудан өтіп жатқан тұста Жайнагүлдің Қазақстанда жүріп-тұруға арналған Ықтиярхатының жарамсыз деп табылған. Сол себепті, Нұрсейіт пен 1,5 жасар ұлы Қазақстанда қалып,

Жайнагүлді Шекаралық бақылау қызметі келген бетімен Мысырға қайтарып жіберген. Ол Мәжіліс депутаты Бекболат Тілеухан және т.б. жанашыр жандардың араласуы арқасында Дубай арқылы Стамбұлға жеткізілген болатын.

Аяғы ауыр қандасымызды еш жағдайға қарамастан кері қайтарып жіберген шекарашылардың бұл әрекетіне ашынған Нұрсейіт, әйелінің Мысырдан тікелей Қытайға ұшырылса, бірден қамауға алынатынын жеткізген болатын.

Аталмыш мәселеге қатысты Қазақстан Республикасының тұңғыш Көші-кон туралы заңын қабылдау жөніндегі жұмыс тобының мүшесі болған танымал ақын, ҚР мәдениет қайраткері Алмас Ахметбекұлы порталымызға сұхбат беріп, Шекара қызметінің бұл әрекеті Көші-кон туралы заңның 49-бабын бұзу екенін дәлелдеп, бұны «Ұлттық трагедия» деп атады.

Айдың-күннің аманында анасынан айрылып қалған бір жарым жасар Ақжолдың тағдырына «Ақ



жол» партиясы да араласты. Аталмыш мәселеге қатысты «Ақ жол» партиясы төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев пен Мәжіліс депутаты Берік Дүйсебинов Сыртқы істер министрі Қ.Әбдірахманов пен Ішкі істер министрі Қ.Қасымовқа ресми депутаттық сауал жолдап, қандасымыздың мәселесіне құзырлы органның жігі назар аударуын сұраған болатын.

Кеше Нұрсейіт Төлегенұлы редакциямызға хабарласып, жұбайы Жайнагүлдің жағдайы реттелгенін мәлімдеп, «Ақ жол» партиясына, «Қазақ үні» редакциясы мен жанашырлық білдіріп, қолдау көрсеткен барлық ағайынға өз алғысын жеткізді.

«Жұбайым Түркиядағы елшілікке барып арыз жазып, виза алды. Енді мамырдың 21-күні таңғы сағат 04:00-те Алматыға ұшып келеді», — деп хабарлаған еді Нұрсейіт.

Қазақ Еліне кіргізбеген қазақ қызы Жайнагүл Ғажапқызын

туысқан Түркия елі қабылдап, Стамбұлды айналып келіп отыр. Енді Жайнагүлдің жағдайын реттеуге Сыртқы істер министрлігі мен Ішкі істер министрлігі қол ұшын созуы керек.

Қандасымызды қарсы алуға осы мәселені көтерген Бұқаралық ақпарат құралдары, «Қазақ үні» газеті Бас редакторының бірінші орынбасары Зейнолла Абажан мен «Абай.кз» сайтының контент редакторы Нұргелді Әбдіғаниұлы, «Атажұрт» қоғамының төрағасы, Қытайдағы қазақтар мәселесін көтеріп жүрген Қыдырәлі Оразұлы және туыстары, т.б. келді. Қыдырәлі Оразұлы әуежайдан түсірілген видеоны өзінің фейсбук парақшасына қойып, хабар таратты.

«Қазақ үні» қазақ елі алаңдаған бұл мәселені бақылауда ұстап, жағдайды хабарлап отыратын болады.

Қазыбек ИСА
qazaquni.kz

ҚЫТАЙДА ҚАЗАҚТАРҒА ҚЫСЫМ КӨРСЕТІЛУІ ӘЛЕМ НАЗАРЫНА ІЛІКТІ

Алматы қаласы «Қазақстан» қонақ үйінде Қытайда жазықсыз қамалып, қорлық көріп жатқан қандастарымыздың мәселесіне қатысты дөңгелек үстел өтті. Жиынға аспан асты еліндегі «саяси оқыту лагері» деп аталатын түрмеге түскен азаматтардың туыстары, қамаудан босап келген азаматтар, қоғамдық ұйымдар мен БАҚ өкілдері қатысты.

Қытай қамауында азап көріп, ерең босап келгендер бастан өткерген қиындықтарын айтып, Қазақстан үкіметі мен көмек қолын созған ұйымдар мен азаматтарға алғыстарын жеткізді. Олардың айтуынша достық қарым-қатынаста деп жүрген көрші мемлекет қазақ азаматтардың қолындағы төлқұжаттарын жинап алып, жазықсыз соттауда, кейбірі тіпті сот үкімі шықпай қамауда отыр. Қазақстанға барған, Қазақстандағы туыстарымен хабарласқан, түрлі байланыс жасағандарды «сатқын» деген желеумен, «Саяси үйрену орталығы» деп аталатын ашық түрмеге қамап жатыр. Тіпті Қазақстанда оқып жатқандарды, тұрақты тұруға ықтиярхат алғандарды, Қытайда зейнетке шығып Қазақстанға көшіп келгендерді кері шақырып алуда. Олар келмесе Қытайдағы туыстарына қысым жасап, зейнеткерлердің зейнет ақысын тоқтатып жатыр. Сотталғандарды іздеп барған



туыстарын да түрмеге қамаған. Шара барысында Қытайда жазықсыз қамалған 8 азаматтың жұбайлары азаматтарының із-түссіз кеткендігін, балалары әкелерін тағатсыздана күтіп отырғандығын баян етті. Ұйымдастырушы модератор Қыдырәлі Оразұлы, Серікжан Біләшұлы мырзалардың айтуынша, бұл бізге белгілісі ғана, ал тіркелмеген айыпсыз жапа шегіп, елге қашып келіп жатқан біршама азаматтардың барлығын ашық айтты.

Дөңгелек үстелде сол жазықсыз азапты басынан өткеріп келген Қайрат есімді жігіт қамауда қалай күнелткенін, еш жазығы жоқ азап тартқанын баяндап берді. Айтуынша, ұрып-соғу мен қудалау көруінің себебі, тек Қазақстандағы бауырларымен байланысы болғандығында екен.

Қазір нақтылы статистика бойынша Қытайдан 190 мың

адам Қазақстан азаматтығын алған болса, кемінде 180 мың олардың заңы бойынша Қытайға барып тіркеулерін өшіруі керек екен. Ал бұл қандастар үшін де, біздің мемлекет үшін де үлкен шығын. Себебі, әр адам Қытайға бару үшін кем дегенде 100 мың теңге жұмсаған күннің өзінде қыруар қаржы тек сыртқа кетеді екен.

Ұлты қазақ азаматтардың Қытайда ешқандай себепсіз, жазықсыз түрмелерге тоғытылып жатқандығы туралы мәселе Қазақстан халқы мен бірге Халықаралық құқық қорғау ұйымдарын да алаңдата бастады. Бұл туралы Еуропарламентте айтылып, қазір көптеген шетелдік ақпарат құралдары да жариялап жатыр. Демек, Қытай үкіметінің қазақтарға қысым көрсетуі әлем назарына ілікті деп айтуға болады.

Ұлмекен ЛЕСБЕКОВА

Алматыдағы «Алатау» мейрамханасында «Атажұрт жастары» қоғамдық ұйымы белсенділерінің ұйымдастыруымен соңғы кезде өткір мәселеге айналған Қытай үкіметінің қазақтарға қысым көрсету барысында қамауда қаза тапқан қандастарымызға арналған құран бағыштау шарасы өткізілді.

ҚАМАУДА ҚАЗА ТАПҚАН ҚАНДАСТАРЫМЫЗҒА ҚҰРАН БАҒЫШТАЛДЫ

Мұқым мұсылмандар үшін қасиетті саналатын Рамазан айының да алғашқы аптасы артта қалды. Ораза әрбір мұсылман үшін парыз, сауабы мол, жауапкершілігі жүктейтін үлкен сын. Осындай шараларды жиі өткізіп тұратын ұйым бұл жолғы ауызашарды Қытайда қамауда отырған қандастарымыздың жанұяларын шақырып, бір сәтке болса да көңілдерін аулау үшін арнайы ұйымдастырған екен. Ауыз ашып, құрбандарға құран бағышталған соң ортақ мәселе де сөз болды. Құл-Керім Елемес, Серікжан Біләш, Қыдырәлі Оразұлы сынды қоғамға жақсы танымал азаматтар Қытайдағы қазақтардың қиын тағдырын сөз етті. Қазақстанға кіре алмай кейін қайтарылып, жақында ғана елімізге аман-есен оралған Жайнагүл Ғажапқызы мен Қытайда саяси оқыту лагерінде болып, босап шыққан азамат Қайрат Самархан өздерінің бастарынан өткізген

тауқыметті айтып беріп, қиын кезде өздеріне қол ұшын берген үкіметке, «Ақ жол» партиясы мен жекелеген азаматтарға алғыстарын білдірді.

Өз ойларын білдірген белсенділер осындай жағдайда ешкімнен қорықпай үкіметке арызданып, қоғам көмегін сұраудан тайынбау керектігін баса айтты. Басынан талай нәубетті өткізген қазақ ұлты өз қандастарын жерге тастамайтынына көз жеткізді. Ал, Жайнагүлді елге кіргізбей кері қайтарған кеден қызметкерлерін сотқа беру керектігі туралы шешім де бас көтерді. Қазақты кері тепкен мұндай маскара жағдай қайталанбас үшін осындай қадамға бару қажет. Саны жағынан онсыз да аз Алаш ауызбірлігі мен бірлігін қашан да сақтап, мәңгілік елінің өсіп-өркендеуіне күш салу керек деген түпкі мақсат осы отырыстың өзекті тақырыбына айналды.

Бек МЫРЗАҰЛЫ



САЙЛАУ ЗАҢНАМАСЫ ПАРТИЯЛАРДЫҢ ҰСТАНЫМЫН НЫҒАЙТАДЫ

Жалғыз-жарым, жекелеген Дон-Кихоттардың орнын алмастыруға ірі саяси бірлестіктер келеді. Бұл туралы Азат Перуашев «Сайлау туралы» заң жобасындағы өзгертулерді талқылау барысында Мәжілістің пленарлық отырысында мәлімдеді.

Перуашев «Ақ жол» КДП фракциясы жұмыс тобының қарауына оннан астам түзетулер енгізгенін атап өтті. «Олардың кейбіреулері қабылданды, ал кейбірін жұмыс тобы қабылдамады. Соған қарамастан, біздің фракция бұл құжатты қолдайды, өйткені, ол қарастыратын сайлау реформасы Қазақстанның партиялық жүйесі үшін өте маңызды және позитивтік мәнге ие», — деп айтып өтті депутат.

«Ақ жол» көшбасшысы 2012 жылдың партиялық бағдарламасында да, 2016 жылы өткен соңғы парламенттік сайлау кезіндегі сайлауалды тұғырнамасында да партиялық тізімдер бойынша мәліхат депутаттарын сайлауға көшуді партияның максаттарының бірі ретінде алға қойғанын еске сала кетті. «Сонда біздің қарсыластарымыз осы бастамаға аса күмәнмен қарап, оны «шикі» «және» мерзімінен бұрын» деп атаған болатын. Алайда, дәл осы идея бүгінгі күні Заң жобасының негізін құрап отырғаны — «Ақ жол» фракциясының кейде қолдау таппаған көптеген басқа да ұсыныстарының ерте ме кеш пе жүзеге асырылатынын растайды», — деп баса айтты Азат Перуашев.

Сайлау заңнамасын реформалау бастамасы саяси партиялардың, соның ішінде парламенттік азшылықтағы партияларының ұстанымдары мен әлеуетін сөзсіз нығайтады. Тіпті, осы бір ғана себептің өзінен оны қолдау қажет және тиістіміз.

Қоғамда қызу талқыға түскен өзін-өзі ұсынудан бас тартуға келетін болсақ, ол — мұндай реформалардың бұлжымас нәтижесі — деген пікірде «ақжолдықтар».

«Жалғыз-жарым жандардың, таза эмоционалдық ұмтылыстың дәурені өтті. Жалғыз басты «Дон Кихоттардың» орнын жоспарлы, ілгері қарыштаған жұмыстарымен және жүйелі әрі бір ізден таймайтын саясатқа негізделген шешімдерімен бірге ірі саяси бірлестіктер алмастырады», — деп мәлімдеді Перуашев.

«Ақ жол» фракциясы бұл тәсілді тек оң бастама деп қана емес, аса оңтайлы деп санайды.

«Сондықтан да, біздің кейбір қабылданбаған түзетулерімізге қарамастан бұл заң жобасын шүбәсіз қолдаймыз және де біз үміттенген сәттің де келетініне сенімдіміз», — делі ол сөз соңында.

«Ақ жол» партиясы
баспасөз қызметі

«Шағын және орта бизнес үшін субсидиарлық жауаптылықтың болуы біздің салықтық саясатты XIX ғасырға кері шегіндіреді» — деді Азат Перуашев жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің (ЖШС) Типтік жарғысына кәсіпорынның берешегі үшін құрылтайшылардың жауапты болмайтыны туралы норманы қайтаруын талап етіп. Бұл туралы ол Мәжілістің пленарлық отырысында Үкімет пен Бас прокуратураға жолдаған депутаттық сауалында мәлімдеді.

СУБСИДИАРЛЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚТЫҢ АРТЫНДА КІМДЕР ТҰР?

«АҚ ЖОЛ» ДЕПУТАТТАРЫ САЛЫҚ ОРГАНДАРЫМЕН ЕНГІЗІЛГЕН ЖШС ҮШІН СУБСИДИАРЛЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚТЫҢ АРТЫНДА «КІМДЕРДІҢ ҚҰЛАҒЫ ҚЫЛТИЫП ТҰРҒАНЫН» АНЫҚТАДЫ.

Сонымен, ағымдағы жылғы 11-мамырда бірқатар бұқаралық ақпарат құралдарында («Tengrinews.kz» ақпараттық порталында, «Деловой Казахстан» газетінде, «Хабар-24» телеарнасында және т.б.) «Қандай жағдайда менеджерлер мен бухгалтерлер өз дүние мүліктерінің құнымен «есеп айырысуы» мүмкін» («В каких случаях менеджеры и бухгалтеры могут «поплатиться» своим имуществом») деген атаумен Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің лауазымды тұлғалары мен құрылтайшыларының субсидиарлық жауаптылығына қатысты бөлігінде «Оңалту және банкроттық туралы» Заңның талаптарын қолдану жөніндегі түсініктемелері жарияланған еді. Атап айтқанда, «Егер жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің 5 миллион теңге берешегі болса, онда лауазымды тұлға және құрылтайшы бес миллион теңге жалпы сомасын өтеуге тартылатын болады және де бес миллион теңге көлеміндегі негізгі қарыз мөлшері өтелмей барлығынан өндіріп алу жалғаса беретін болады» — деген дәйексөзден мысал келтірілді. Алайда, мұндай шара кәсіпкерлердің өздері заң бұзған жағдайда ғана (мысалы, әдейі банкротқа ұшырату немесе банкроттық рәсімді бұзу сияқты) қолданылуы мүмкін деген ескертпе әрі қарай бірінші пайымдауға тікелей байланыссыз түрде келтіріледі. Бұл субсидиарлық жауаптылық нормасы жалпыға бірдей және міндетті сипаттамаға ие деп пайымдауға мүмкіндік береді. Сол себепті де заңның мұндай кеңейте түсіндірілуіне абыржыған кәсіпкерлердің тарапынан «Ақ жол» партиясының атына көптеген арыз-өтініштер келіп түсуде.

Перуашев Наполеонның Кодексінен бастап ЖШС қағидадарының қалай пайда болғанын, соның арқасында миллиондаған адамдар бизнестің иегерлері атанып, ал нарықтық үрдістер қоғамның ең ауқымды топтарына ене түскенін түсіндіріп өтті. «Аталмыш норманың мәнісі сол — әртүрлі құрылтайшылардың азғантай қаражатын жинақтауға және оны экономикаға инвестициялауға мүмкіндік береді, сонымен қатар кәсіпкерлік тәуекелдерден олардың өздерін қорғауға да мүмкіндік жасайды. Бұрынғы кезде қазақстандық ЖШС-ның типтік жарғыларында да кәсіпорын құрылтайшылардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал құрылтайшылар кәсіпорындардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді деген ұғым әрдайым берілген. Алайда, 2008 жылдан бастап сол тұжырымдалған ой байқатпай, білдірместен жоғалып кетті, қандай мақсатта және мұндай шешімнің артында «кімдердің құлағы қылтиып тұрғаны» енді түсінікті болғандай», — деп атап өтті Азат Перуашев.

Бизнес әрқашан тәуекелге барумен тікелей байланысты. Компанияның экономикалық дағдарыстардың салдарынан сұраныстың төмендеуі және несиелердің жоғары құны сынды объективті себептер бойынша күйреуі жиі кездеседі. Тіпті

Еуропаның өзінде алғашқы 5 жылда жаңадан құрылған шағын және орта бизнес кәсіпорындарының жартысынан көбі жабылады екен.

ЖШС-ның борышын өндіріп алу үшін оның тек ақшасын ғана алып қоймай, жеке мүлігін де тартып алатын болса, ешкім де іске қаржысын салмайтын болады, себебі өзінің туған балаларының болашағына қауіп төнгенін қаламайды деп есептейді ақжолдықтар. «Мұндай тәсіл шағын және орта кәсіпкерліктің өркендеп, дамуына кәсіпкерліктің тамырына балта шабады және бизнеспен айналысуда тек олигархтарға айрықша мүрсат береді. Бұл дегеніміз, тіпті XIX ғасырға да емес, феодалдық қарым-қатынастар дәуіріне қайтып оралғандай әсер береді», — деген сенімде Перуашев.

Шенеуніктер сілтеме жасайтын «Оңалту және банкроттық туралы» Заңның 6-бабында шын мәнінде субсидиарлық жауаптылық қағидасы қарастырылған. Бұл қағида 2012 жылы заңның үкіметтік редакциялануымен енгізілген болатын. Сонымен қатар, ҚР-ның «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңының 2-бабына сәйкес жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылар оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және серіктестіктің қызметіне байланысты зияндарға өздерінің қосқан салымдарының құны шегінде тәуекел етеді. Бұл ережелен ерекше жағдайлар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексында және осы Занды көздеуі мүмкін. Көріп тұрғанымыздай, «Оңалту және банкроттық туралы заң бұл тізімде жоқ.

«Дәл осындай тәсіл нарықтық экономикасы бар іс жүзінде барлық елдердің заңнамасында: Германияның «GmbH-Gesetz» заңы, Қытайдың «Қытай компаниялары туралы» заңы, АҚШ, Канада, Ирландия, Ресей, Белоруссия елдерінің және т.б. заңдарында орын алады. Тіпті мұны «жауапкершілігі шектеулі компаниялар» деген атауының өзі айтып тұр.

Алайда, тек Қазақстанда ғана салық органдарының нарық заңдары мен құқықтық формаға қайшы келетініне қарамастан, оған субсидиарлық жауаптылықты «жапсырып» қоюға ойланды. Олар мұнымен, өздеріңізге белгілі, тура сол ЖШС үлгісінде жұмыс істейтін еліміздегі коммерциялық заңды тұлғалардың басым көпшілігіне қауіп төндіріп отыр. Әріден соң, жоғарыда аталған жарияланымдарға қарағанда, бүгінгі күні мемлекеттік кіріс органдары өз қалауы бойынша субсидиарлық жауаптылықты әлдеқашан қолдануды бастап кеткен. Бұл түпнұсқалық «өнертабыс» біздің салықтық саясатымызға көріксіз, артта қалған, жетілмеген рең беріп, кәсіпкерліктің сыр-сипаты мен табиғатын түсінуде елеулі кемшіліктердің бар екенін айқын көрсетеді», — делінген сауалда.

Сөзсіз, кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысандарына қатысты бөлігінде субсидиарлық жауаптылық толыққанды

жауапкершілікпен жұмыс істей алады және тиісті де. Бірақ, менеджерлер, оның үстіне — ЖШС құрылтайшылары, — кәсіпорынды банкротқа қасақана ұшыратқан деген жеке тағылған кінәсі дәлелденген және жалған банкроттыққа немесе банкроттыққа тосқауыл қоюға әдейі кедергі болғаны анықталған жағдайда ғана жауаптылыққа тартылуы мүмкін. Және бұл кінәмен айыптауға өз қалауы бойынша әрекет ететін салық органдарының емес, Соттың ғана хақы бар. Үкімет дәл осындай аргументтерін алға тартып көрсеткендіктен ғана депутаттар 2012 жылы осы норманы енгізу туралы келісім берген еді.

Басқа барлық жағдайларда, сол сияқты банкроттық жағдайларды қоса алғанда, субсидиарлық жауаптылық принципі ЖШС-ға қатысты қолданылмауы қажет — бұл түсініктеме ЖШС-дағы субсидиарлық жауаптылық туралы кез-келген пайымдаулардың алдын-алуы тиіс. Әйтпесе, «ақжолдықтардың» пікірінше, ел Президентінің бұқаралық кәсіпкерлікті дамыту, жалпы ішкі өнімдегі шағын және орта бизнестің үлесін 50% -ға дейін жеткізу, халықтың еркін айналымдағы қаражатын экономикалық айналымға тарту жөніндегі нақты берілген тапсырмалары ешқашан орындалмайды.

Осыған байланысты, «Ақ жол» КДП фракциясы:

1) Туындаған құқықтық қайшылықты, яғни заңдар қайшылығын зерделеуді сұрайды: Қалайша «Оңалту және банкроттық туралы» Заң Азаматтық кодекс пен «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» бейінді заңнан жоғары, үстем тұр?

2) Кәсіпкерлік қызметтің жағдайын жақсарту шеңберінде, банкроттық туралы заңдарды осы заңдарға және нарықтық экономиканың мүдделеріне сәйкес келтіру жөніндегі шараларды қабылдауды;

3) Салық органдарының қызметкерлері арасында банкроттық туралы заңның қолданыстағы нормаларын түсіндіруді және оның кеңінен талқыға түсуін болдырмай, жұмысын адал атқарып жүрген кәсіпкерлерге субсидиарлық жауаптылықты қолдануға жол бермеуін; Мұндай фактілер анықталған жағдайда — кәсіпкерлердің ізіне түсуді доғарып, кінәлі лауазымды тұлғаларды жауапқа тартуды;

4) Мемлекеттік кіріс органдарының бизнес қауымдастығына қажетті түсініктеме беруін және кәсіпкерлік қызметтің пайда болған қосымша тәуекелдеріне қатысты туындаған қорқыныш-үрейді жою туралы нұсқаулар беруді;

5) ЖШС-ның типтік жарғысына кәсіпорынның міндеттемелері бойынша құрылтайшылардың жауаптылығы болмайтыны туралы тұжырымдалған ойды қайтаруын сұрайды.

«Ақ жол» КДП және оның парламенттік фракциясы сайлауалды бағдарламаны жүзеге асыру және қазақстандық бизнестің мүддесін қорғау бойынша жұмыстарын жалғастыруда.



СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ «АҚ ЖОЛ» ПАРТИЯСЫНЫҢ ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАНДАСТАР МӘСЕЛЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ САУАЛЫНА ЖАУАП БЕРДІ

«Қазақ үні» ұлттық порталы Қытайдағы қандастардың тағдырына алаңдаушылық білдіріп, бұл мәселені басты назарда ұстап отырғаны қалың оқырманға белгілі. Осыған дейін Бейжіңдегі әлемдік саяси партиялар жетекшілерінің І-халықаралық форумында «Ақ жол» партиясы төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев пен партия төрағасының орынбасары, «Қазақ үні» газеті президенті Қазыбек Иса Қытайдың мемлекеттік төрағасы Си Жинпинге жазылған, Қытайдағы қамалған 112 қазақ тізімі бар хатты Қытай Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Халықаралық істер департаменті меңгерушісінің орынбасары (министрдің орынбасары) Шэн Бэйли ханымға тапсырғаны туралы жазған болатынбыз. Қандастардың қиын тағдырына бей-жай қарамайтын «Ақ жол» партиясы мен «Қазақ үні» басылымы содан бері де бұл тақырыпты ұдайы қозғап келеді. Мәселен, Мысырдан Қазақстанға ұшып келген қандасымыздың кері қайтарылғаны туралы «Қазақ үні» порталында «Әуежайдан жүкті әйелді кері қайтарған шекара қызметі сауатсыз ба, әлде жауапсыз ба?» атты мақала жарияланып, қоғам ішінде үлкен резонанс тудырған болатын. Сол секілді елеулі ақпаратты қалт жібермей, қадағалап отыратын портал редакциясы «Ақ жол» партиясының төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев пен Мәжіліс депутаттары Ерлан Барлыбаев, Берік Дүйсембинов Қазақстанның Сыртқы Істер министрі Қ.Әбдірахмановқа Қытайдағы қандастардың мәселесіне байланысты ресми сауал жолдағанын хабарлайды. Сыртқы істер министрлігінен келген ресми жауапты оқырман назарына ұсынамыз.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ
ДЕПУТАТТАРЫ
А.Т. ПЕРУАШЕВҚА,
Е.Х. БАРЛЫБАЕВҚА,
Б.С. ДҮЙСЕМБИНОВКЕ

2018 ж. 18 сәуірдегі
№ 10-11-639 хатқа

Құрметті Азат Тұрлыбекұлы, Ерлан Хайланович,

Берік Салимжанович!

ҚР Сыртқы істер министрлігі Сіздер жолдаған Қытай Халық Республикасындағы (ҚХР) этникалық қазақтар төңірегінде қалыптасқан жағдайға қатысты ақпаратты қарастырып, келесіні хабарлайды.

ҚР Сыртқы істер министрі Қ.Абдрахмановтың ҚХР Сыртқы істер министрі Ван И-мен болған кездесуінде (2018 ж. 24 сәуір, Бейжің) және ҚР СІМ бірінші орынбасары М.Тілеубердінің ҚХР Үрімші қаласына арнайы жасаған сапары барысында Шынжаң ұйғыр-автономиялық районының (ШҰАР) басшысы Чэнь Цюаньгомен және баска жергілікті басшылармен өткізген келіссөздерде (2018 ж. 17-19 сәуір) бұл мәселе көтеріліп, олардың назарына жеткізілді.

Қытайдан шыққан қандастарымыздың Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері екі ел арасын «жалғастырушы көпір» ретінде екі-жақты достықты нығайтуға қосқан үлестерін қытайлық тарапқа атап айта отырып, қордаланған сұрақтарды шешу жөнінде өтініш білдірілді. Қос



азаматтағы үшін ұсталған ҚР азаматтарын босату (сапар алдында өткен келіссөздердің нәтижесінде 5 ҚР азаматы, одан бұрын 4 ҚР азаматы босатылды), ҚР азаматтарының Қытайға барып шыға алмай отырған туыстарының (ҚХР азаматтары) отбасына оралуы туралы және екі мемлекет арасындағы көші-қонға қатысты т.б. өзекті мәселелер талқыланды.

ШҰАР басшылары этникалық қазақтар жөніндегі мәселелерді Қытайдың ішкі заңнамасына сәйкес, Қазақстан мен Қытай арасындағы достық қатынастар және тығыз ынтымақтастық негізінде қарастыратынын мәлімдеді.

Қытай азаматтары болып табылатын қазақтарға қатысты енгізілген қатаң тәртіпті Қытай басшылығы терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимылдар бойынша қабылданған қытайлық жаңа ережелерді іске асыруға байланысты барлық ҚХР азаматтары үшін заңды орындауға бағытталған шара деп түсіндірді.

ҚР Сыртқы істер министрлігі қазақстандықтардың Қытайдағы қазақ ағайындарын шақыртып келтіре алмауы, Қытайға барып, қамауға алынып,

кері қайтарылмауы, онда қалып қойған отбасы мүшелерінің Қазақстанға жіберілмеуі, тарихи Отанына қоныс аударуы және ағайындардың барыс-келістері жөніндегі қиындықтарды қытай тарапымен өткізілетін түрлі деңгейлердегі кездесулерде көтеруде. Қытайлық тарап Қытай азаматтарына қатысты мәселелер толығымен Қытайдың ішкі ісі деп қарастыруда.

Бұл ретте, 1963 жылғы 18 сәуірдегі Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясының 55-бабының 1-тармағы бойынша бір мемлекет екінші мемлекеттің ішкі істеріне қол сұғуына құқығының жоқ екеніне назар аудартамыз.

Қазақстан азаматтарының Қытайдағы туыстарының барыс-келісін жеңілдету, Қазақстандағы отбасымен қауышуы, тарихи Отанына көшу мәселелері бойынша туындаған сұрақтарды қарастыру жөнінде қытайлық тараппен пысықтау жұмыстары жүргізілуде.

Сауалға жауап ретінде хабарлануда.

Министрдің орынбасары
Е.АШЫҚБАЕВ
17 мамыр 2018 жыл.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРІ Қ.Н.ҚАСЫМОВҚА

Азат ПЕРУАШЕВ:

ШЕКАРАЛЫҚ БАҚЫЛАУ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚАНДАСЫМЫЗДЫҢ НАШАР ДЕНСАУЛЫҒЫНА ДА ҚАРАМАҒАН



Қадірлі Қалмұханбет Нұрмұханбетұлы!
2018 жылдың 2-мамырдан 3-мамыр күніне қарағанда, таңғы сағат 03:00 шамасында Қазақстан азаматы Нұрсейіт Төлегенұлы мен әйелі, ұлты қазақ Жайнагүл Ғажапқызы және бір жарым жастағы ұлдары Ақжол Нұрсейітұлы Мысырдан Алматы әуежайына ұшып келеді. Әуежайдағы шекаралық бақылаудан өтіп жатқан тұста Жайнагүлдің Қазақстанда жүріп-тұруға арналған Ықтиярхатының жарамдылық мерзімі 2021 жылы аяқталатын болса да, жарамсыз деп табылған. Сол себепті, Нұрсейіт пен 1,5 жасар ұлы Ақжол Қазақстанда қалып, Жайнагүлді Шекаралық бақылау қызметі келген бетімен Мысырға кері қайтарып жіберген. Бірақ Жайнагүлді Дубайға жіберіп, Дубай арқылы ол Түркияға, Стамбұлға жеткізілді. Енді Жайнагүлдің Қытайға депортациялану қаупі төніп тұр.

Ал Қытайдағы қазіргі жағдайды ойласақ, аяғы ауыр Жайнагүлдің Египетте оқып келгендіктен жағдайы өте ауыр болатыны белгілі.

Нұрсейіт Төлегенұлы 1986 жылы ҚХР, ШҰАР, Мори ауданында дүниеге келген. Қазақстан Республикасының азаматы. Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Тасқарасу ауылы, Жанысбаев көшесі 10-үйде тұрады.

Әйелі Жайнагүл Ғажапқызы – Қытай Республикасының азаматы. Екеуінің отасқандарына 2,5 жыл болған. Бір жарым жаста ұлдары бар. Жас жұбайлар Египет Ислам Республикасында, Мысыр қаласында білім алған.

Жайнагүл Ғажапқызы Қазақстан азаматтығын алып үлгермеген. Бірақ Ықтиярхаты бар. Ықтиярхаттың жарамдылық мерзімі 2021 жылы аяқталады. Қазақстан аумағында 183 күннен астам

уақыт болмағандықтан, Ықтиярхат жарамсыз деп танылған.

Жайнагүл аяғы ауыр болғандықтан жолсоқты болып, қатты ауырып келген. Шекаралық бақылаудан өтетін кезде, түрін тексеру үшін камераға қарап тұрған жерде құлап қалып, әуежайдың жедел дәрігерлік көмек көрсету қызметіне жүгінеді. Олар бастан-аяқ тексереді. Шынымен де Жайнагүлдің денсаулығы нашарлап кеткенін сол жердегі дәрігерлердің өзі анықтаған. Шекарадағылар оған да қарамаған.

Өзіңізге белгілі, Ықтиярхатпен Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде 183 күннен артық тұрған азамат қылмыстық емес, әкімшілік құқық бұзушылық бойынша жауапқа тартылады. Оның өзінде, азамат бірінші мәрте құқық бұзса, аталған 49-баптың 5) тармағына (Қазақстан Республикасының шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы заңнамасын бірнеше рет

бұзған) сай, оған Көші-қон полициясы тарапынан ескерту беріліп, ары кеткенде айыппұл ғана қарастырылған.

Демек, Жайнагүлді Қазақстан аумағынан тыс жерде 183 күннен артық тұрғаны үшін шекарадан кері қайтарып, әуреге салмай әкімшілік жауапқа тартуға болар еді.

Осыған орай, құрметті Қалмұханбет Нұрмұханбетұлы, осы оқиғаға байланысты, сіз басқарып отырған министрліктің қарамағындағы көші-қон полициясы қызметімен ақылдаса отырып, қиын жағдайға душар болған қандастарымызға көмектесіп, екіге айырылған отбасыны қайта қосу амалдарын қарастыруды өтінеміз.

Құрметпен,
«Ақ жол» партиясының төрағасы,
ҚР Мәжіліс депутаты
А.Перуашев

БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ – БЕЙБІТШІЛІК, ҰЛТАРАЛЫҚ



Бағдат БЕЙСЕНОВ,
философия ғылымының докторы

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауында: «Көл-көсір мұнайдың дәуірі аяқталып келеді. Елімізге дамудың жаңа сапасы қажет. Жаһандық трендтер көрсетіп отырғандай, ол, бірінші кезекте, Төртінші өнеркәсіптік революция элементтерін кеңінен енгізуге негізделуі тиіс» дей келіп, еліміздің әлеуметтік-экономикалық табыстарының негізі – біздің басты құндылықтарымыз ретінде қала беретін азаматтық бейбітшілік, ұлтаралық және конфессияаралық келісім екеніне тоқталғаны мәлім. Тәуелсіз мемлекетіміз өркениетті әлемге танылып, елдігіміздің берік іргетасы қаланып, қасиетті де киелі құндылығымыз – Тәуелсіздік халқымыз үшін жаңа өрлеу жолын ашты. Қазақ елінің кемел келешегі бүгінгі жастардың салиқалы, сабырлы, білім мен еңбекке құштар, рухы биік, ұлттық дәстүрге адал, жан-жақты жетілген азаматтық ұстанымы айқындалған өркениетті және патриоттық бағыт-бағдарды ұстануын талап етеді. Қазақ ұлтының ауызбіршілігі мен келісімі қоғамдағы тұрақтылықты сақтауда маңызды. «Ел бірлігі – ең бірінші, қазақтың бірлігі. Жаһандық көштің басында жүретін мерейлі ел болу үшін бірлік пен ынтымақ алдымен өзімізге, қазаққа керек. Тарихтың өзі дәлелдеген бір ақиқат бар – халқымыз бірлікте болса күшейген, бірлігі қашса әлсіреген».

жасалуда... Сендердің азат ойларың мен кемел білімдерің елімізді қазір бізге көз жетпес алыста, қол жетпес қиянда көрінетін тың мақсаттарға апаратын құдіретті күш»

Кез-келген өркениетті қоғамның әлеуетті жасампаз күш-қуатының маңызды құрамдас бөлігі – бұл жастар. Жастар заманауи Қазақстанның қарқынды инновациялық-индустриялық үдемелі дамуының жасампаз шығармашылық күші болғандықтан, мемлекетіміздің экономикалық, индустриялық өрлеуі мен демократиялық құндылықтарының қалыптасуына жаңа мемлекеттілік ұстанымның негізгі іргетасын қалайды. Қоғамның жаңаруы мен кемелденуіне құштар бөлігі жастардың ел өміріндегі орнына ерекше мән беріледі. Тәуелсіз елімізде жастар саясатының тұжырымдамасын дайындау жұмысы 1997 жылдың күзінде басталған болатын. 1998 жылы ақпанда бірнеше жұмыс топтары дайындаған тұжырымдаманың жобасы бірінші құжат қалпына келтіріліп, студенттер мен жастар ұйымдары өкілдерінің Бірінші съезі делегаттарының талқылауына ұсынылған еді. 1999 жылы 28-тамызда мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті өкімімен бекітілді. 2004 жылы Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы қабылданды.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңының қабылдануы еліміздегі жастарға қатысты саясаттың даму бағыт-бағдарын айқындап берді. Жастардың елдің үдемелі инновациялық дамуына қосар үлесін ғылыми тұрғыдан зерделеу мен әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан жан-жақты саралау керек. Жастардың діни санасындағы құндылықтық бағдарларының өзгеруі және жастардың діни бірегейлік деңгейін де ғылыми негізде саралау қажет. Жастардың дүниетанымына дәстүрлі құндылықтарды өркениеттік тұрғыдан сіңіру бүгінде маңызды болып отыр. Әлеуметтік-демографиялық топ ретінде жастар қоғам өмірінде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси-мәдени өзгерістерге тәуелді. Жастардың қоғамдық санасы

және құндылықтық бағдарының толық қалыптаспауы мен жас ерекшелігіне тәуелді дүние көзқарасы қоғамның егде және ересек топтарының түсінбеушілігін тудырып жатады. Бұл адамзат қоғамына тән құбылыс. Қоғамның ересектер және жастар арасындағы түсінбеушілік көне дәуірден келе жатқан мәңгілік мәселе. Көне грек философы Сократ сол уақыттағы жастар туралы былай деген екен: «Қазіргі жастар сән-салтанатқа малынып, әдепсіз әрекеттерге бой алдырды, үлкендерді сыйламайды, ата-ананың тілін алмай кетті» [4]. Бұл ересектер мен жастар арасындағы уақыт үнінен туындайтын құндылықтық бағдардағы өзгерістердің бар екендігін болжайды.

Еліміздің әлеуметтік жаңғыруында және жаңа мемлекет құруда жастардың алатын орны зор. Жастар бүгінгінің ең озық инновациялық даму моделдерін болашаққа алып баруы тиіс. Ал, керітартпа тозығы жеткен идеялар өткенде қалуы тиіс. Кеңестік кезеңде жастар негізінен коммунистік және атеистік идеология тұрғысынан идеялық және саяси тұрғыдан тәрбиеленді. Кеңестік дәуірдің жастары жарқын болашақ коммунизм идеологиясына адалдыққа тәрбиеленді. Коммунистік идеяның науқаншыл, ұраншыл ұстанымдарының іргетасын шайқалтқан қайта құру, жариялық ұранымен келген 1980 жылдардың соңындағы саяси өзгерістер нәтижесінде жастардың түрлі формалды емес топтары мен қозғалыстарын (панктер, металлистер, рокерлер, байкерлер) тудырды. Бұл жастардың жаңа жағдайға әлеуметтік бейімделуін айқындаумен қатар, мұраттары мен өмірлік құндылықтарын қайта таразылауға мүмкіндік берді.

Жастар саясатын қалыптастыруда бүгінгі жастардың құндылықтық бағдарларының (саяси, мәдени, материалдық, этикалық, діни) кешенді түрде қарастырылған жөн. Жастардың рухани, эстетикалық, діни құндылықтарын қалыптастыруда бүгінгі ғаламтор және БАҚ елеулі ықпал етеді. Жастар көбіне ғаламторды дереккөз ретінде пайдаланады. Сондықтан да, әдепсіздік, зорлық-зомбылық, экстремизм, ксенофобиялық идеяларын насихаттайтын ғаламтор сайт-

тарына қарсы тұратын ұлттық және адамзатқа ортақ гуманистік құндылықтарды насихаттайтын, әрі жастар талабынан шығатын ғаламтор сайттарын қалыптастыру да маңызды.

Жастар еліміздің болашағы және олардың жаңшыл өркениетті ұстанымдарды келешекте іске асырушы десек жастардың рухани адамгершілік құндылықтары мен мінез-құлық бағдарын жүйелеуде жетекшілік жасау және тәрбиелеу үлкендердің борышы. Елбасының 2012 жылы «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына 20 қадам» атты бағдарламалық мақаласында жастарға еңбек ету, адал жолмен күн көру қажеттігін айтқан болатын.

«Жұмыспен қамту – 2020» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру бағытында ауыл және қала жастарын жұмыспен қамту мақсатында кешенді жұмыстар жүргізу аясында еңбек нарығына қажетті жұмысшы мамандықтарын дайындау, біліктілікті арттырудың тиімді жүйесін құру, шалғай ауылдар мен шағын қалаларды кәсіпкерлікке жастарды тартудың оңтайлы әдістерін жасау, жастарды шағын және орта бизнеске қатысуына қолдау көрсету және жастардың кәсіби өсуіне қаржылай қолдау көрсететін арнайы қорлар құру, демеушілікті ынталандыру, ірі өндіріс орындары жанынан жастар қорын ашу, жастардың ересек өмірге араласып, әлеуметтік мәртебеге ие болуына көмектесетін қамқоршылар кеңесі жұмысын жетілдіру қажет.

Жастардың саяси және рухани, экономикалық өмірге әлеуметтенуін ғылыми негізде қарастыру жастар саясатын қалыптастыру мен дамыту ерекшелігін түсінуге көмектеседі. Жастар саясатын іске асыратын іс-шаралар бағдарламасын жасауда жастардың өзекті мәселелесін шешуге назар аудару қажет. Қазіргі уақытта жастардың діни сенімге деген қызығушылығының арта түсуі және жастар арасында дәстүрлі емес діни ағымдардың миссионерлік жұмысының белсенділігінің өсуі өзекті болып отыр.

Қазақстан 2050 Стратегиясында «Қазір кейбір сыртқы күштер жастарымызды ислам дінінің хақ жолы-

нан адастырып, теріс бағытқа тартуға тырысуда. Мұндай ұлттық табиғатымызға жат келенсіздіктерден бойымызды аулақ салуымыз керек» деп атап көрсетілді. Сондай-ақ, зайырлы қағидаға сай діни сана қалыптастыру мен діни сауаттылықты арттыруды іске асыру механизмдері мен қажетті жағдайын жасау керек. Сонымен қатар, жалған діни ағымдар мен дәстүрден тыс діни ұйымдар қызметіне, миссионерлердің уағыз, насихатына қарсы тұратын иммунитет пен дүниетанымдық қалқан қалыптастыру қажет. Жастарымызды рушылдық пен жершілдік, әсіре діншілдік дертінен сақтау үшін ұлттық сана мен дербес мемлекеттілік рухына сай тәрбиелейтін жалпыұлттық бағдарлама қабылдануы керек.

Жастар арасында түрлі діни ағымдардың таралуы (жасанды сопылық, сәләфилік, дағуатшылдар, құраншылдар, ахмадияшылдар, кришнаиттік, иегова және т.б.) ұлттық бірегейлік пен рухани қауіпсіздігімізге кері әсер етуі мүмкін. Дәстүрлі және дәстүрден тыс діни бағыттар мен ағымдар арасындағы адамның рухы мен наным-сенімі үшін бәсекелестік адамдар арасындағы түсінбеушілікті тудыруы мүмкін. Қазіргі таңда елімізде 18 конфессияға тиесілі 3750-ден аса діни бірлестік қызмет етеді. Оның 2600 мұсылмандық, 294 православия, 85 католик, 667 протестанттық діни қауымдар, иудаизм 7, буддизм 2, кришна санасы қоғамы 7 және Бахаи қауымы. Ел аумағында 13 конфессияның 500-ден миссионерлері қызмет жасауда. Сондай-ақ, 15 діни білім беру орындары жұмыс істейді.

Осы тұста айта кету керек, 1900 жылы Қазақ жерінде жүргізілген есеп бойынша халықтың 73,5 пайызы ислам, 26,4 пайызы христиан, 0,09 пайызы иудей, 0,2 пайызы протестант, 0,01 пайызы католик, 0,004 пайызы пұтқа табынушылықты ұстанған. А.Смайылдың пікірінше: «Діннің бұлай түрлі тармаққа бөлінуі халықтың этникалық жағынан әркелкі бола бастағанын аңғартатын еді» деп көрсетеді. [5]. Жаһандану үдерісінде әрбір ұлт өзінің салт-дәстүрі мен ұлттық сана тіректеріне сүйеніп, өзінің бет-бейнесін жоғалтпай, ұлттық болмысын айқындап, ұлттық рәміздерін асқақтатуға ұмтылуда. Біздің жастар да, ұлтымыздың тілі мен ділін, тарихын, дәстүрін сыйлауы және дінін қастерлеуі, ұлттық қадір-қасиетінен туған киелі ұғым түсініктерін құрметтеуді қалыптастыру еліміздің қарқынды инновациялық-индустриялық өркендеуін қамтамасыз ететін ұлттық мүдде мен азаматтық парызға адал жастарды белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу болып табылады.

«Қазақстан – 2050» стратегиясында: «Бүгінде біздің халқымыз-

АЗАМАТТЫҚ КЕЛІСІМ

үшін дәстүрлі емес және жалған діни ағымдар мәселесі өткір тұр. Жастарымыздың бір бөлігі өмірге осы жат, жалған діни көзқарасты көзсіз қабылдайды, өйткені, біздің қоғамның бір бөлігінде шеттен келген жалған діни әсерлерге иммунитеті әлсіз» [6]. Жастардың діни санасын қалыптастыру үшін халқымыздың көнеден келе жатқан мәдениеті мен философиясын, салт-дәстүрін әдет-ғұрыпын, тыйымдарын, имандылық әдеп нормаларын, дәстүрлі діни ұстанымды тәрбиелеуіміз керек. Бұл діни сана қалыптастырудың негізгі тұғырының бірі деп білеміз. Өзгенің дәстүрі мен жат жұрттық діни ұстанымға құмарлық

білімі мен біліктілігіне, тәрбиесіне, отансүйгіштігі мен жасампаздығына байланысты.

Елімізде 14 пен 29 жас аралығындағы жастар 4,4 миллион, бұл халықтың 26 пайыздан астамын құрайды. Қазақстанда 1000 аса жастар ұйымдары бар. Жастар ұйымдарының жұмысына қатысатын жастар үлесі – 22 пайыз. ҚР БҒМ стратегиялық жоспар көрсеткіші бойынша жастардың – 75,4 пайызы өзін патриотпын деп санайды. Дін мәселесін зерттеу орталығының деректеріне сәйкес республика халқының 90% астамы өзінің нақты бір дінге қатынасын көрсетеді. 18-29 жас аралығындағылар 75,7% өзін діндер деп көрсетеді. 16,7% дінге

мен өндіріс арасындағы байланысты арттыру, ғылыми әлеуетті арттыру, жаңа буын жастарды тәрбиелеуге бағытталған инновациялық жүйені дамыту.

«Интеллектуалды ұлт – 2020» аясында өзіндік азаматтық ұстанымы қалыптасқан, кемел тұлға қалыптастыру үшін жастарға рухани тәлім-тәрбие беруде білім сапасына мән бере отырып, жастардың интеллектуалды әлемін қалыптастыру керек. Осы мақсатқа орай, Н. Назарбаев зияткерлік мектептері ел аймақтарында ашылууда. Интеллектуалды ұлт дегеніміз – рухани, интеллектуалды, дүниетанымдық, ғылыми, ақпараттық, кәсіптік тұрғыда бәсекеге қабілетті адамдық ка-



кені халқымыздың тарихында айшықталған құндылықтарды және ұлттық дүниетанымдымыздың негіздері мен ерекшеліктерін білу ұлттық жаңғыруымыздың негізі болмақ. Қазақ елінің рухани тұғыры ислам мен оның құндылықтарының қайта жаңғыруы халықтың өзінің рухани түп-тамырын толық түсінуге деген ұмтылысын ашып көрсетеді.

Ұлттық дүниетаным мен ділдің қалыптасуына ықпал еткен рухани құндылықтарды зерттеу қазіргі қазақ қоғамының рухани түлеуі және діни санамыздың беріктігін нығайту үшін қажет. Осындай зерттеулер қазақ елінің рухани тұғырының бірі ретіндегі ислам құндылықтарының қоғам өміріндегі орны мен рөлін айқындауға мүмкіндік береді. Ұлт руханияты үшін ұлттық тіл, ұлттық діл және дін рухани тұғыр болып табылады. Осы үш дінге бір-бірімен ажырамас бірлікте болғанда ұлт тұтастығы да берік.

Қазақтың бітім-болмысын және рухани жан дүниесін айшықтайтын ислам дінінің құндылықтары мен мәдениетін жан-жақты зерттеу, қазақ қоғамындағы діни төзімділік пен діни келісім мұраты жолына қызмет етпек. Қазақстандағы қазіргі діни жағдайды және дінаралық қатынасты зерттеуде ислам діні мен дәстүрлі әлемдік діндердің қоғамдағы мәдени-діни және рухани негіздерін ғылыми тұрғыдан талдау өзекті.

Еліміздің тәуелсіз ел ретінде әлемдік қауымдастыққа енуі, ұлт руханиятының қайнар көзі тіл, діл, діни сананың өрлеуіне жол ашты. Халқымыздың рухани құндылықтарының қайта жаңғыру үдерісі діни сана мен дінаралықтың жандануына ықпал етіп отыр.

Соңғы уақытта жаһандану үдерісіне байланысты әрбір халық өзінің төлтума мәдениеті мен құндылықтарына ерекше мән беріп отыр. Құндылықтардың құлдырауы мен адамның рухани әлемінің құлазуы адамзаттың заманауи жаһандық мәселесінің бірі болып отыр. Бұл бүгінгі адамның рухани бағдарды ізденуіне ықпал етеді. Материалдық құндылықтар басымдық алған заманда рухани азыққа мұқтаждық қазіргі адам болмысына тән құбылыс. Сонымен қатар, діни мәдениетті танып білуге ұмтылу, діни құндылықтар мен дәстүрлерге деген құлшыныс бұл ұлттық руханиятқа деген ынта жігерді бейнелейді. Еліміздегі рухани жаңғыру ең алдымен, халқымыздың дәстүрлі мәдениетіне негізінде және зайырлы мәдениетке сай үйлесімді үндесуі тиіс. Шеттен келген діни ағымдардан сақтану үшін діни сауаттылық пен орныққан саналы ұстаным қажет. Бүгінгі қоғамда діннің адам дүниетанымына

ықпалы артуда, әсіресе жастар арасында діндарлық деңгейі өсіп отыр. Дін бүгінгі жастардың әлеуметтенуінде маңызды орынға шықты. Жастардың әлеуметтену үдерісіндегі діни түрткілердің және діни құндылықтардың орны мен рөлін талдау келешектегі қоғам мен адам өміріндегі діни мәдениеттің мәнін ашуға жол ашады. Деректер бойынша, теріс ағымдар арасында 16 мен 30 жас аралығындағы адамдар қатары көбірек. Жастардың діни санасының радикализациялануы қауіп мен маргинализациялану үдерісінен сақтану үшін ауылдан қалаға ағылып жатқан жастарды кәсіпке баулу, жұмысқа орналастыру, баспана мәселесін шешу, зайырлы мәдениетке тәрбиелеу маңызды. Қазіргі жастар ел тізгінін қолға алар жасқа келгенде зайырлы қағидатты ұстануы үшін бүгіннен оларды зайырлы мәдениетке баулуымыз керек. Зайырлылықты нығайту қоғамдағы руханилық пен дінаралықтың үйлесімді дамуының түп негізі. Діндар қыздарға ұлттық және зайырлы құндылықтар негізінде тәрбие беруге назар аудару қажет. Елімізде нәзік жандылар саны 4,5 миллион, олардың ІЖӨ қосатын үлесі 40 пайызға жуық. Денсаулық сақтау және білім беру саласы қызметкерлерінің 90 пайызы әйелдер қауымы. Еліміздегі рухани өрлеу ұлттық мәдениеттің имани нәрі мен өмірлік қуатына деген сенімінен туындап отыр. Қазақ халқының рухани мұрасындағы халық ауыз әдебиеті үлгілер, әдет-ғұрыптарды, сондай-ақ діни ойшылдарымыз мен дін қайраткерлері мұраларының діни негіздерін танып білу өзіміздің ділімізге негізделген және тарихымызда таңбаланған рухани ұстанымдар мен құндылықтар өмірдің нақты шындығы негізінде туындаған. Сондықтан да, ұлттық өмір салтымызды, әдет-ғұрыптымызды, дәстүрлі діни мәдениетімізді және киелі мұрамызды жүйелі де, толыққанды зерделеу үшін тарихи мұрамызды танып білуіміз қажет.

Қазақтың далалық өркениетіне негізделген көшпелілер мәдениеті мен ұлт дүниетанымына негізделген дәстүрлі құндылықтарымызды пайымдау рухани мүддеміз бен ізгі мақсатымызды айқындайды. Халқымыздың бірлігі мен ынтымағының негіздерінің бірі бұл ұлттық құндылықтар және ұлттық руханиятымыз. Зайырлы қағидатпен ұлттық салт – дәстүр, қазақ ойшылдарының діни ізденістері мен ұлтымыздың рухани мұрасын жастарға таныту жолымен біз келешек ұрпақты өзіндік төлтума дәстүріміз бен құндылықтар негізінде білім беріп, тәрбиелей аламыз.



– бұл өзінің төлтума, рухани дүниесінен жирену деген сөз.

«Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына 20 қадам» атты бағдарламалық мақаласында: «Мемлекет жастар саясаты туралы заңды жанарту қажет. Жас мамандарды еңбекке орналастырудың кепілдіктері мен әлеуметтік пакет туралы, жастар тәжірибесін ұйымдастырудың тәртібі туралы құқықтық нормалар» деп көрсете отырып, үкіметке «Мемлекеттік Жастар саясаты туралы» Заңына өзгерістер енгізу туралы тапсырма берген болатын. Жастарды еңбек ету мәдениеті, кәсіп таңдау, дербестік пен бастамашыл еңбек етуге баулудың маңызын қадап айтқан болатын. Техникалық және кәсіптік білім алып, еліміздің қарқынды инновациялық-индустриаландыру бағдарламасына қатысуға ынталандыру маңызын ерекше атап көрсетті.

2013 жылы ақпанда Үкімет 2020 жылға дейінгі «Мемлекеттік Жастар саясаты туралы» тұжырымдаманы бекітті. Еліміздің алдында тұрған «Қазақстан – 2050» стратегиясында көрсетілген биік міндеттерді еңсеру, болашақтағы тұрақты, үдемелі дамуымыз – ертең ел тізгінін қолына алар бүгінгі жас ұрпақтың

сенбейтіндер. 7,6% жауап беруге киналған. Дін мәселелерін зерттеу орталығының мәліметіне сүйенсек, жастардың басым бөлігі аптасына бір рет мешітке, шіркеуге, синагогаға және т.б. міндетті түрде барады, бұл сұралғандардың 54,8%. Жастардың 36,2% діни ғұрыптарды орындайды. 30,9% діни нормаларға сәйкес өмір сүруге даяр. 2,2% әлі де болса өз пікірлерін айқындамаған.

Жастардың әлеуметтенуі мына құндылықтарға сүйенеді: ұлтжандылық, білім мен ғылым, кәсіпкерлік пен еңбексүйгіштік, бірлік пен ынтымақтастық, руханилық пен діни тағаттылық, ұлттық, асыл мұраттар, саламатты өмір салты, спорт, ізденгіштік, қайсарлық.

Кез-келген қоғамның экономикалық, әлеуметтік, рухани жаңғыруы мен өркендеуі – елдің болашағы жастардың интеллектуалды деңгейімен байланысты. Еліміздің «Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық жобасының мақсаты жастардың жан-жақты үйлесімді дамыған, білімді, білікті, кәсіби құзіреті терең, мәдениетті, рухани дүниесі бай жаңа буын қалыптастыру. «Интеллектуалды ұлт – 2020» жобасының міндеті – ұлттық білім беру жүйесіне инновациялық серпіліс беру, ғылым саласын дамыту, ғылым

питалы бар қоғам. Қазақстандық жастар өз Отанын, мемлекеттік рәміздерін, бай тарихы мен көне дәстүрін, тілі мен ділін қадірлейтін азамат болып қалыптасып, кемелденуі қажет. Дәстүріміз бен тарихымыз, ана тіліміз – біздің тұтастығымыздың негізі. Ұлттық дәстүрлі құндылықтарымыз – ұлтымыздың өміршеңдігінің кепілі және жаһандық бұқаралық мәдениеттің қиратушы ықпал-әсерінен қорғайтын қалқанымыз. Ел болашағы үшін ұлттық құндылықтарымызды қолдап, көздің қарашығындай сақтап, киелі мұрамызды сақтауымыз керек.

Тәуелсіздік аясында халқымыз өзінің тарихын, мәдениетін, рухани мұрасын жан-жақты және терең тануға қол жеткізді. Қазақстан-2050 стратегиясында елдегі діни жағдайға қатысты өзекті мәселе қозғалды. Жастарды ұлттық дәстүрді ардақтауға, зайырлы мемлекетіміздің болашағы жастарда елдік дәстүр мен ділге сай діни сана қалыптастыру қажеттігін атап көрсетті. Әсіресе, қыздарымыздың өзгенің емес, өз ұлттық болмысына сай киіну және заман талабына сәйкес өмір салтын ұстануға шақырды. Діни сана мен ұстаным діни ілім, мораль, салт дәстүрлер, тыйымдар, ғұрыптар, ұлттық құндылықтарға сүйенеді. Өйт-



Тілектес ЕСПОЛОВ,
Қазақ ұлттық аграрлық
университетінің ректоры,
ҰҒА академигі

Университет бүгінгі күні 450 орынға арналған заманға сай жабдықталған жатақхана салудың жоспары мен сметалық құжаттарын әзірлеп қойды. Бұл жөнінде университет тарапынан тиісті құзіретті органдарға арнайы хат жіберіліп, барлық керекті құжаттарды дайындалды.

Университет оқытушыларының көп бөлігін жас ғалымдар құрайды. Олардың көпшілігі баспанамен қамтамасыз етілмеген. Елбасы үндеуіндегі әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беруге қатысты бірінші бастамасы әсіресе жас отбасылардың баспаналы болуы үшін жасалып отырған оңтайлы кадам екенін атап өтуіміз керек. Елбасы ұсынған әлеуметтік маңызы бар «7-20-25» бағдарла-

мен шығуға мүмкіншіліктері бар. Себебі 2-курстан бастап барлық мамандықтар бойынша «Агробизнесі ұйымдастару», «Жобаны басқару» және «Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру» және т.б пәндер енгізіліп отыр. Осы жұмыс нәтижесінде жақында университетте студенттердің стартап-жобалары байқауы ұйымдастырылды. Стартаптардың 70% өндіріске енгізуге болады. Осындай жастар келешекте өз беттерімен бизнеспен айналысуына осы микрокредиттердің көмегі тиетіні анық.

Аталған бағыттарды дамыту мақсатында 2015 жылдан бері Қазақ ұлттық аграрлық университеті жанында Агротехнологиялық Хаб жұмыс істейді. Оның қызметі – шетелдегі

ханалары кіреді.

Бүгінгі күні ҚазҰАУ база-сындағы Агротехнологиялық хабта отандық агроөнеркәсіптік кешенге цифрлы технологияларды енгізуге ықпал жасайтын Ситуациялық орталық жұмыс істейді. Бұл орталық сандық технологияларды игерген әлемдік деңгейдегі білікті мамандарды тартуға, тың идеялар мен жаңа коомуникациялық-ақпараттық технологияларды енгізуге, озық инновациялық тәжірибелерді алмасуға жол ашады. Бүгінгі күні осы орталықта білімді жастарымыз өздерінің жаңа идеялары мен ғылыми жобаларын іске асыруға мүмкіндік алуда.

2017 жылы университетте ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі, Азия Даму банкі, АҚШ Ауыл шаруашылығы

раптамасы, генетикалық модификацияланған жануарлардың мониторингін, отандық селекция нәтижесінде шығарылған және шетелден әкелінген асыл тұқымды малдардың қауіпсіздігін бағалаудың әдістемелерін жасақтау мен бекіту, асыл тұқымды жануарлармен молекулалық-генетикалық деңгейде жұмыс жасаудың нормативтік құжаттарын түзу сияқты өзекті мәселелер қолға алынуда. Аталған зертханада ірі қара малдың өнімділігін 240 көрсеткіш бойынша анықтауға мүмкіндік беретін зерттеулер жүргізілуде. Жануарлар аурулары мен өсімдік аурулары анықтағаннан кейін, алынған зертханалық мәліметтерді әлемнің 34 еліндегі агротехнологиялық орталықтарына жіберіп, шет елдік әріптестерімізбен бірлесе отырып, ғылыми-зерттеу нәтижелерінің нақтылығын анықтаймыз.

Жуырда ғана еліміздің Ауыл шаруашылық министрлігінің ұсынысымен республикамыздағы екі ғылыми-зерттеу институтын: Картоп және көкөніс шаруашылығы ҒЗИ мен Жеміс және жүзім шаруашылығы ҒЗИ – ҚазҰАУ-ға сенімді басқаруға беру туралы шешім қабылданды. Бұл отандық агроөнеркәсіптік кешенін ауқымды жаңғырту бойынша Елбасы тапсырмасын жүзеге асырудағы ғалымдардың қосар үлесін молайтуға септігін тигізбек.

Мемлекет басшысының барлық бастамалары бойынша университет жан-жақты жұмыс жүргізуде. Елбасы ұсынған Мәңгілік Ел, Рухани жаңғыру ұлттық идеяларын іске асыру мақсатында университетімізде жақында «Н.Назарбаев білім, ғылым орталығы» ашылды. Орталық құрамында, Елбасы мұражайы, Елбасы кітапханасы және білім алушы 23 ұлттың өкілі бас қосқан «Достық» студенттік ассамблеясы орналасқан. Жақында ғана біз Астанадағы Елбасы кітапханасынан Президентіміздің 1500 кітабын алдық. Бұл – біз үшін, біздің белсенді жастарымыз үшін үлкен олжа. Аталған орталықты ашуға Қазақстан Республикасы Президентінің Кеңесі мен Елбасы кітапханасының басшылығы бізге тікелей қолдау көрсетіп, үлкен абыройлы міндеттер атқарды.

Мемлекетке өзгеріс пен жаңалықты әкелетін – озық білім мен инновациялық ғылым. Білім мекемелерінің түлектері жана форматтағы ел экономикасының темірқазығына айналуы тиіс. Ауылдан шыққан жастар білім алатын университет түлектерінің басым бөлігі бүгінде ауыл зиялылары контингентін қалыптастыруға негіз болып, еліміздің түкпір-түкпірінде еңбекке белсене араласып, елге қызмет етуде. Біздің мақсатымыз – ауыл-ауылдардан келген студенттерімізге тиісті білім беріп қана қоймай, оларды Ел мен Жердің қасиетін бағалайтын Ұлт зиялысына айналатын тұлға ретінде қалыптастыру. Сондықтан, Ел Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың әлеуметтік бес бастамасы Тәуелсіз Қазақстанның инновациялық бағыттағы әлеуметтік-экономикалық дамуына жана серпін берері сөзсіз.

«ПРЕЗИДЕНТТІҢ БЕС ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМАСЫ» – ҚАЗАҚСТАН ӘЛЕУЕТІНІҢ КЕПІЛІ

Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ұжымы «Президенттің бес әлеуметтік бастамасын» іске асыру үшін, арнайы іс-шаралар жоспарын әзірлеп, қазіргі кезде сол жоспарға сәйкес жүйелі жұмыстар атқаруда. Ұлт Көшбасшысы анықтап берген ұтымды ұсыныстар барша қазақстандықтардың өмір сүру деңгейін жақсартып, халықтың әлауқатын көтеруге бағытталған. Осы орайда, үндеудегі жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту, шағын несие көлемін көбейтуге қатысты үшінші ұсынысқа ерекше тоқталып өтсек.

Мемлекеттің кемел келешегін қамтамасыз ететін негізгі ресурс – ол адам капиталы. Алайда бұл ресурстың мұнай, газ және басқа да пайдалы қазба байлықтары сияқты қайта қалпына келтірілмейтіні табиғи заңдылық. Дегенмен, ең басты ұлттық ресурс саналатын адам капиталын дамыту мақсатында мемлекетіміз барлық жағдайды жасап отыр.

Елбасының бес бастамасындағы маңызды мәселенің бірі – биылғы оқу жылында студенттерге арналған білім беру гранттарын 20 мың бірлікке көбейту. Оның 11 мыңы ақпараттық технология, робот техникасы және нанотехнологиялар саласындағы инженер мамандарды оқытуға бағытталмақ. Мемлекет басшысының бұл ұсыныстары университет ұжымын ерекше қуантып отыр. Себебі республикамыздың агроөнеркәсіптік кешенін «Ақылды», сандық технологиялар», арқылы дамытуды іске асыру кезек күттірмейтін мәселе. Сол себепті, мемлекет тарапынан бірінші кезекте еліміздің жарқын болашағына қызмет ететін жастарға үлкен қамқорлық жасалуда.

Үндеуде Елбасы мемлекеттік-жекеменшік серіктестіктің қатысуымен 75 мың орынға арналған студенттік жатақханаларды 2020 жылға дейін салуды жоспарлағанын атап өтті. Бұл, әсіресе 98% ауыл балалары білім алатын біздің университетіміз үшін қуана қабылдайтын жаңа бастама. Бүгінгі таңда университетімізде жатақханаға мұқтаж студенттердің 56% ғана орындармен қамтамасыз етілген. Қазіргі кезде 2000 студент жатақханаға мұқтаж.

масы халықты тұрғын үймен қамтамасыз етудің ең тиімді тетігі деп есептеуіміз керек. Бүгінгі күні университетте мемлекеттік тұрғын-үй бағдарламасы аясында 185 білім берушілер мен қызметкерлер қамтылды.

Тағы бір ерекше бастама – ол еңбек ақысы төменгі қызметкерлерге салық төлемін төмендету. Есеп бойынша еңбекақысы 60 мың теңгеден төмен адамдар енді 9,5 пайыздың орнына 1,0 пайыз ғана салық төлейді. Бұл әсіресе аграрлық сала қызметкерлеріне үлкен көмек. Себебі бүгінгі күні ауыл шаруашылығы саласында қызмет жасайтын адамдардың орташа еңбек ақысы 80 мың теңге. Сонымен қатар, өз бизнесін, өз кәсібін ашып, дамытқысы келген адамдарға жеңілдетілген шағын несиелер беріледі. Оған биылғы жылы мемлекеттік бюджеттен 62 млрд. теңге бөлінеді.

Біздің студенттер университет қабырғасында бизнес-жобаларын әзірлеп, нарыққа дайын жобалары-



озық технологиялар мен білімді тарту және оны қазақстандық жағдайға бейімдеу, ғылыми-зерттеулер нәтижелерін өндіріске енгізу, мемлекеттік-жекеменшік серіктестіктің құралдарын тәжірибеде қолдану, агроөнеркәсіптік кешеннің басымды бағыттарын дамыту. Хабтың құрамына Қазақстан-Жапон, Қазақстан-Корея, Агроинженерлік мәселелер мен энергия үнемдеу, Тұрақты егін шаруашылығы, Азықтық өнімдердің технологиясы мен сапасы, Су инновациялық орталықтары, Қазақстан-Беларусь агроинженерлік инновациялық орталығы, Инновациялық жылыжай, Оқу-өндірістік шаруашылығы және тағы басқа ғылыми-зерттеу зерт-

министрлігі, Ислам банкі және ЮНЕСКО қолдауымен Қазақстандағы және Орталық Азия аумағында су мәселелерін шешумен, құрғақшылық, су деңгейінің төмендеуі, топырақтың тұздануы сынды экологиялық проблемалар мен өзге де төтенше жағдайларда жедел әрекет етіп, су ресурстарын интеграциялық басқару мәселелерін зерттейтін Су хабы құрылды.

Қазіргі кезде университет Тағам қауіпсіздігі, Топырақтану және агрохимия, Жылу-энергетикасы, Биотехнология сияқты 11 мамандық бойынша және «Мемлекеттік индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы» негізінде мамандар дайындауды іске асырып отырған республика көлеміндегі 10 белді жоғары оқу орны санатына енген. Аталған мамандықтар бойынша жасалған модульдік бағдарламалар жұмыс берушілердің сұранысын қанағаттандыра алатын инновациялық бейіндігі бар. Осы бағыттағы жұмыстарды тиімді жүргізу мақсатында университетте жаңа 11 лаборатория ашылды. Оның ішінде «Жасыл экономика» және клеткалы инженерия» зертханасын ерекше атауға болады. Онда ауыл шаруашылық жануарларын бағалаудың кешенді түрдегі молекулалық-генетикалық са-





Гаухар АЛДАМБЕРГЕНОВА,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор:

әлеуметтік дағдысын дамытатын бағдарламалардың бірыңғай стандарттарын енгізу қажеттігі айтылды. Сонымен қатар, елімізде қазір орта білім беру саласында жаңартылған мазмұнға көшу басталды. Шын мәнінде бұл – мүлде жаңа бағдарламалар, оқулықтар, стандарттар және мамандар деген сөз. Оларды жүзеге асыру үшін, Президент атап көрсеткендей, педагогтарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру жолдарын қайта қарау керек болады. Сол себепті де Мемлекет басшысының университеттердегі педагогикалық кафедралар мен факультеттерді дамыту жөніндегі талабы дер кезінде қабылданған шешім екенін бағамдаймыз. Елбасы Жолдауымен сабақтас «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа үндеуі ұлттың рухани жаңғыру жолында алға қойылған міндеттер мен мақсаттарды жүзеге

тапсырды. Бұл тұрғыдан келгенде Қыздар Университеті жатақханаға мұқтаж студенттерді жатын орындармен қамтамасыз етіп отырған еліміздегі бірден-бір жоғары оқу орны. Десе де бұл орайда туындап отырған бірнеше мәселе бар. Атап айтар болсақ, университет қалашығындағы жатақханаларда ұзақ уақыттан бері күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмеген. Көріз жүйелері тозығы жетіп, басым бөлігі істен шығу қарсаңында тұр. Олқылықты жайттар орын алмас үшін көріз жүйелерін дер кезінде жаңалап, қалпына келтіру шаралары жасалғаны абзал болар еді. Ал, бұл мәселе қаржыға келіп тірелетіні белгілі. Десе де университет бюджетінде мұндай көлемдегі қаржының жоқтығы қол байлау болып отыр.

Тағылымды тәрбие мен өрісті білімнің іргелі ордасы атанған, көпшілік қауым «ізеттілік пен үлгі-

ұйымдастырып, ұйым мүшелерінің кәсіби дамуын қалыптастыруға күш салады. Бір бұл ғана емес. Онда шетелдік жоғары оқу орындарымен, колледж, мектептердің жас педагог-ғалымдарының халықаралық ұйымдарымен байланыс орнату да көзделіп отыр. Ассоциация биылғы жылдың 26 сәуірінде университет қабырғасында өтетін Қазақстан жас ғалым-педагогтарының I слеті қарсаңында өз жұмысын бастайды. Айта кетейік, аталған форумға 25 педагогикалық жоғарғы оқу орындарының өкілдері қатысады деп күтілуде. Қыздар Университетінде мектепке дейінгі ұйымдарда білім сапасын арттыру мәселесіне де айрықша мән беріліп отыр. Осы мақсатта биылғы жылдың басында оқу орны «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығымен бірлесіп «Мектепке дейінгі балаларды өздігімен оқуға үйрету

Мухсин Кармен бастаған делегация келіп, өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Құжат жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім, ғылым мен мәдениет, ғылыми-зерттеу саласы аясындағы ынтымақтастықты дамытуды қарастырады. Сонымен қатар, «Мевлана» бағдарламасы бойынша келісімшартқа қол қойылды. Бұл бағдарлама бойынша 2018-2019 оқу жылында білім алуға ниет білдірген 30-ға жуық профессор-оқытушы мен білім алушының құжаттары рәсімделіп, Түркияның конкурстық комиссиясына жіберілді. Екі жоғары оқу орындары арасында жүзеге асырылатын қос дипломдық білім беру бағдарламасы аясындағы магистранттарды оқыту алдағы оқу жылынан басталмақ. Биыл «Дара» қайырымдылық қорының ұйымдастыруымен жоғары оқу орнының базасынан алғаш рет Педагогикалық-психологиялық түзету кабинетін ашуды жоспарлап отырмыз. Бұл кабинет мүмкіндігі шектеулі балалардың адамгершілік, еңбексүйгіштік қасиеттерін қалыптастырып, олардың өмірге деген құштарлық сезімдерін ояту, ой-өрістері мен ойлау қабілеттерін жетілдіріп, толыққанды азамат дәрежесіне жеткізу мақсатында жұмыс жасайды. Ал, «Ақ жол» атты бала бақшаны ашу арқылы Co-working практикалық-бағыттағы оқыту алаңын жасауды қамтамасыз ететін боламыз. Ол Алматы қаласындағы мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқыту жүйесіне қолдау көрсетеді. Қолға алынған жобалар қатарында тек ағылшын тілінде білім беретін Қыздар колледжі де бар. Колледж университетте білім алуды жалғастыратын бакалавриат контингентін дайындауды жүзеге асырады.

Қазіргі күнде қарашанырақта студенттердің сапалы білім алып, ғылыммен, өнермен, спортпен айналысуы үшін, олардың бойында халқымыздың ұлттық құндылықтарын дарыту орайында бірқатар жұмыстар жасалып, университет отандық жоғары оқу орындары арасында үлкен беделге ие болып отырғаны көңілге қуаныш ұялатады. Сонымен қатар, оқу ордасы ғылым мен білімді өзара үйлестіріп, ғылыми зерттеу жұмыстарын ғылым мен технологияның жаңа нысандарына бағыттап жүргізуді басты мақсат етіп келе жатқанын атап өткізіп келеді. 70-жылдан астам уақыт белесінде Қыздар Университетінде ұйымдастыру мәдениеті қалыптасып, тиімді кадрлық менеджмент пен корпоративті басқару ісі де жүйеленді. «Мұғалім – адам жанының инженері». Нағыз ұстаз шәкірт жанына үніліп, дұрыс жолға сала білуі де қажет. Дамудың даңғыл жолына бағыт алған болашағы байанды елдің өрісі қашан да білікті де саналы ұрпағымен кеңейетіндігі, оларды мемлекеттің тұтқасы етіп тәрбиелеу қажеттігі Елбасының халыққа арнаған Жолдауына үнемі айтылып келеді. Ал, оны іске асыру мұғалімге жүктелген мәртебелі міндет. Сөз сонында Мемлекет басшысының үндеуінде атап көрсетілген бастамалар елімізде азаматтардың болашағына деген қамқорлықтың нақты іс жүзінде орындалатындығының нақты нышаны. Әрбір отандасымыз осыны саналы түрде ұғынса ғана белгілі бір нәтижеге жетуі болары. Жетістік пен табыс – келісті кенесе білген, бірлік пен тірлік үйлесім тапқан жерде. Ауызбіршілік қашқан, алауыздық тасқан жерде ешқашан да игілікті істер жүзеге асқан емес.

ЕЛБАСЫ ҮНДЕУІ БІЛІМ БАҒДАРДЫН БЕЛГІЛЕДІ

Бүгінде әлемде үлкен өзгерістер орын алуда. Жаңалығы желмен жарысқан жаһан жаңа тарихи кезеңнің табалдырығында тұр. Осыған сәйкес біз де өз сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға сіңісті болып қалған ескі таптарын қағидалар мен ұстанымдардан арылмасақ, дамыған елдердің легіне ілесе алмай қалуымыз мүмкін. Бұл тұрасында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында кеңінен талдап, жұртшылыққа жете түсіндірген болатын.

Елбасы: «Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады», – деп атап өтіп, өзгермелі дүниенің алдыңғы сапында жүру үшін бәсекеге қабілеттіліктің бірінші кезектегі мәселе болатынын қадап айтты. Ал бәсекеге қабілеттілікті қалыптастырып, оны ұдайы арттырып отыру үшін білімнің атқаратын рөлі айрықша зор екені белгілі. Сондықтан да Президент елімізде білімнің салтанат құруы жайына да айрықша мән беріп отыр.

Дана қазақта: «Білімдінің жүзі жарық» деген қанатты сөз бар. Егемендіктің елең-алаң кезінен бастап Елбасы білім беру саласына ұдайы назар аударып келеді. Мемлекет басшысы биылғы жылғы Жолдауында да білім берудің сапасын жаңа деңгейге көтеру талабын алға қойды. Бүгінгі заманда білімнің адами капиталды арттырудың алғышарты екеніне басымдық берген Мемлекет басшысы білім беру жүйесін жаңа индустрияландыру талаптарына бейімдеу қажеттігіне назар аударды. Осыған орай барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету талап етілді. «Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді теңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс», – деді осы орайда Нұрсұлтан Әбішұлы. Бұл үшін 2019 жылдың I қыркүйегіне қарай мектепке дейінгі білім беру ісінде балалардың ерте дамуы мен қалыптасуы үшін өз бетінше оқу машығы мен



асыруға бағытталған тағы бір құнды құжат болды. «Бес әлеуметтік бастама» – біздің ұлттық және әлеуметтік бірлігіміздің бір мақсатқа ұйыстырған дінгеі мықты платформамыз. Үндеудегі бес бастаманың бірі жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту мәселесіне арналды. Бүгінде еліміздің жоғары оқу орындарында 530 мыңнан астам жас оқып жатса, олардың 30 пайызға жуығы мемлекеттік білім беру грантының иегері. Мемлекет басшысы енді жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттыру үшін жыл сайын бөлінетін 54 мың грантқа қосымша 2018-2019 оқу жылында тағы 20 мың грант бөлу керектігін алға тартты. Біз мұны өскелең ұрпақтың болашағы үшін жасалып отырған қамқорлық деп қабылдадық. Мемлекет басшысы Үндеуде: «Біз әлемдік стандарттарға сай білім беру жүйесін қалыптастыра отырып, студенттердің білім алуына және тұратын жеріне жағдай жасауға тиісті назар аударуымыз қажет», – деп атап көрсетті. Осыған орай жоғары оқу орындары мен колледждер студенттерін жатақханамен қамтамасыз етуді

өнеге отауы» деп ат қойып, айдар таққан Қыздар Университеті 75 жылға жуық уақыт белесінде Қазақстанда педагогикалық кадрлардың қалың шоғырын дайындауға сүбелі үлес қосып келе жатқан ұлағат ұясы. Бүгінде Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ұжымы да Мемлекет басшысының міндеттемелерін нақты іс жүзінде орындау мақсатында жұмыс атқарып жатыр. Мәселен, ордалы оқу орнындағы білім жүйесін жетілдіре түсу мақсатында жуырда қолға алынған істің бірі – Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен университет базасында «Қазақстан жас педагог-ғалымдар ассоциациясының» құрылғаны. Жоғары оқу орны аталған жобаны Мемлекет басшысының биылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты халыққа Жолдауы негізінде іске асырды. Ассоциацияның негізгі мақсаты – еліміздің жас педагог-ғалымдарының диалог алаңын ұйымдастыру, ғылым мен білімді ұштастыра отырып, жастардың ғылыми идеяларының өндіріске енуіне ықпал жасау. Бұған қоса, ассоциация «Ой-талқы» атты тренингтер, қысқы, жазғы мектептер

және әлеуметтік дағдыларын дамытудың теориялық, әдістемелік мәселелері» атты алқалы басқосу өткізді. Отандық жоғары оқу орындары ой-өрісі дамыған, талантты, зерделі және ұлтжанды ұстаз дайындауды одан әрмен жаңа деңгейге көтере түсу қажет. Осы орайда осы тақілеттес жиындардың маңызы айрықша екенін атап өткен жөн. Қолға алынған бастамалардың қатарында «Полилот» орталығының ашылуы да атап өтуге болады. Ол университеттің профессор-оқытушылары мен студенттерінің тілдік біліктілігін арттыру мақсатында қызмет атқармақ. Орталықта ағылшын, қазақ, орыс, түрік, қытай, француз және неміс тілдерін тереңдете оқыту қолға алынады. Сондай-ақ, аударма қызметі (консалтинг) көрсетілетін болады. Ынтымақтастық ырысқа бастайтыны белгілі. Қазіргі таңда Қыздар Университеті әлем елдерінің 30-дан астам жоғары оқу орнымен әріптестік байланыс орнатқан. Олардың қатарында АҚШ, Үндістан, Франция, Қытай, Германия сынды мемлекеттердің беделді университеттері бар. Жуырда Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетіне Түркияның Нийде Омер Халисдемир Университетінің ректоры

– Сіз жазушы ретінде Кеңес одағы тұсында танылдыңыз. Ол кездегі халықтың жазушыға деген құрметі ерекше еді, оған сол кездегі жүйенің ықпалы болғаны сөзсіз. Жазушыға деген ол замандағы көзқарас пен бүгінгі замандағы көзқарастың паркынан не түйесіз? Бүгін әдебиетке келген жас буын Сіздер секілді оқырманға не бола ала ма?

– Ол кезде билік өз идеологиясын жүргізу үшін жазушыларды жақсы пайдаланды, шыққан кітаптарымызды таратты, шығармашылықпен алаңсыз айналысуға жағдай жасады. Біз мемлекетке идеологиялық тұрғыдан ғана емес, сатылымағы шыққан кітаптарымыз арқылы бюджетке де қомақты қаржы түсірдік. Партияның алақанында өстік. Алайда, шығармашылық еркіндік болмады, партияның қас-қабағына қарап жаздық, тарихты бұрмаладық, партияға жағымпаздық. Одан мен де құралақан болған жоқпын, десе де өзімше сақтанған кезім болды. Оған бір ғана мысал айтайын: мен шығармаларымда бай адамның образын Совет өкіметі түсіндіргеннен басқаша етіп жаздым. Байлар өз ортасындағы озық ойлы адам, озық ойлы болмаса байлық қайдан келеді?.. Қазақтың байлары ұлттық буржуазияның басы деп есептеп, шығармаларымда соны дәлелдедім.

Ал қазіргі жазушылар өз күнін өзі көріп жүр, қаламақы тоқтады. Жазушылар одағы мемлекет тарапынан қаржыландырылмайтын болды. Меніңше, биліктің жазушыларға қарамағының екі себебі бар. Бірінші – шындығында экономикалық жағдай нашар болды. Екіншіден – әдейі жасалды. Себебі, жазушылар барлық уақытта халықтың сөзін айтты. Алғашқы парламенттің құрамында Олжас Сүлейменов, Сұлтан Сартаев, Салық Зиманов сынды керемет мықты адамдар болды. Олар депутаттар тұрғай, Үкімет басшысының өзі тайсақтап қалатындай өткір сауалдар қоятын. Жазушылар да күшті болды. Олардың күшін әлсірету үшін билік оларға қаржылай көмек берген жоқ.

Кеңес Үкіметі тұсында Жазушылар одағының ролі Компартияның деңгейімен бірдей болды. Оны Желтоқсан көтерілісінен кейінгі қоғамдағы жағдайды реттеу үшін Колбиннің өзін Жазушылар одағына шақырып сөйлескенінен білуге болады. Шаханов Колбинге, қазақ тілін білмейсіз, қазақтың белсенді азаматтарымен қай тілде сөйлесесіз, аудармашы арқылы сөйлесу сенімді болмайды ғой, деді. Енді бір жазушы, итінізді самалетпен алдырдыңыз, оған мемлекеттің ақшасы жұмсалды, ол заңға қайшы емес пе деді. Тоқаш Бердияров болса Колбинге батыл қарап, Жолдас, Колбин, сіз оқушылар мен студенттердің алдында емес, жазушылардың алдында сөйлеп тұрсыз, ойыңызды нақты айтыңыз дегенде Колбиннің есі шықты. Жұбан Молдағалиев «Мен коммунистпін, Ұлы Отан соғысына қатысқан жауынгермін, сол соғыста өліп қалғанымға өкінемін. Мен не үшін соғыстым, менің қыздарымның шашынан сүйреп, тепкенін көру үшін соғыстым ба?», – деп өте батыл сөйледі. Мен де сөйлемек едім,

белгілі бір атағым болмағасын сөз берілген жоқ. Колбин залдан шығарда жұп-жуас болып кетті.

– Сіздің буынның елге-жерге, отанға деген сүйіспеншілігі әдебиет арқылы қалыптасты. Әдебиетке етене жақын болып өскен Сіздің замандастарыңыз неден ұтты, неден ұтылды? Бүгінгі заман ұрпағында бар қасиеттің қайсысы сіздерде жоқ деп ойлайсыз?

– Алдыңғы буын өзінен кейінгі ұрпаққа ылғи көңілі толмай жүреді. Бұл ежелден келе жатқан әдет. Бірақ аға ұрпақтың бір жақсы жері біз көбіне (мүмкін қателесетін шығармын) ұлшыл болды. Мұрат Әуезов пен Мақаш Тәтімовтер Мәскеуде «Жас

қызғаншақ. Қазақ халқы үлкен тұлпар болса осы жаман әдеттер тұлпардың жүрісін бөгеп тұр. Бұл жаман әдет қазіргі жастарда жоқ. Мүмкін бірен-саран бар шығар, бірақ жалпы алғанда бүгінгі ұрпақтың бойында дәл біздегідей күшті емес. Бұрынғы аға ұрпақтың бір артықшылығы – жастардың шығармашылығын міндетті түрде оқитын және оларға моральдық, материалдық көмек көрсетіп жүретін. Қазіргі классиктеріміз өзімен-өзі. Бұрынғы ағалар жылт еткен талант көрсе көзін ашып, қолдау көрсететін. Өкінішке қарай, бұл дәстүр үзіліп қалды. Әр ұрпақтың өзінің кемшілігі, артықшылығы болады. Қазіргі жас ұрпақ жанашыл, өмірге тез

түрліше аталғанымен заты біреу ғана. Жазушының шеберлігі сыналатын тұс та осы.

– Қазір тарих ғылымы үлкен оқиғалар мен айтулы тұлғаларға ғана емес, кішкентай оқиғалар мен кішкентай адамдардың тарихына мән бере бастады. Бұл үрдіс әдебиетте бар ма? Жазушы ретінде айтыңызшы, әдебиет үшін кейіпкердің үлкен я кіші болуы маңызды ма?

– Ол маңызды емес, кішкентай адамның да үлкен тағдыры болады. Оқиғаны үлкен, кіші деп бөлуге болар, алайда кейіпкерді бөле алмайсыз. Жазушының объектісі – адам. Жазушыға керек қасиет көп. Меніңше, оның ең маңыздысы – адамдарды

шылар жаза алмай отыр. «Жиырмамыншы ғасыр» романында Әлихан да, Міржақып та, Мұстафа да бар. Керемет үлкен полотно жасамасам да олардың іс әрекетін, арман-мұратын көрсеттім.

– Жазушы қоғамның тамыршысы деген сөз бар. Жазушы ретінде бүгінгі қоғамның тамыр соғысынан не сезесіз?

– Бұрын баяу дамыған қоғам қазір өте жедел дамып жатыр. Күн сайын қырық құбылады. Мұның жақсы жағы да бар, техникалық процесс, оқу білім жетіліп мүлде басқа арнаға бет бұрды. Жаһандану деген жайын шықты. Ол ұлттық құндылықтарымызды жұтып барады. Оған қарсы тұрудың жолы

Сәбит ДОСАНОВ,
ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты:

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ АРЫСТАРЫНА



тұлпар» ұйымын құрып Кеңес үкіметіне қарсы жұмыс істеді. Қарағандыда Бүркіт Ысқақов, Алматыда Қасен Қожа-Ахмет, Павлодарда Арман Қанаев сынды азаматтар Кеңес үкіметіне қарсы идеологиялық жұмыстар істеді. Менің деңгейім олардан төмендеу болған болуы керек, мен ұйым құра алмадым. Бірақ, қаламнан үлкен қару жоқ, қалам арқылы күресейін деп 25 жасымда «Ақ аруана» деген шығарма жаздым. Цензура өте қатал болғасын Орталық Комитеттегі адамдарға білдіртпес үшін ұлттың тағдырын түйе арқылы бердім. Мұның идеясы туған жерге деген отаншылдық сезімді көрсету. Портрактар ішкі ойымды байқамай қалып, шығарма өзбек, грузин, орыс, түрік тілдеріне аударылды.

Кеңес одағы тұсында Қазақстанда 30 млн қой болды, ет жоқ. Қойдың жүні көп, киім жоқ. Мұны жалғыз мен сезініп өскем жоқ, біздің ұрпақ тұтас сезінді. Кемшілігі – жүзшіл, рушыл, жершіл, күншіл,

бейімделгіш, ақпаратпен күшті қаруланған. Олар әдебиетте де жанашыл. Шетелде жүрген жастар тіпті білімді, ұлтшыл. Сол себепті Мағжанның сөзімен айтқанда «Мен жастарға сенемін!».

Аға ұрпақ өкілдерінің барлығы өз әлінше Тәуелсіздік үшін күресті, күреспеген ешкім жоқ. Алайда, бұл жұмыс бітті деген сөз емес. Ендігі мәселе жаннан тәтті, қаннан қымбат – тәуелсіздікті сақтау, нығайту. Еліміздің болашағы жастардың қолында, қазіргі жастар қандай болса, еліміздің ертеңі сондай болады.

– Әдебиет ендігі жерде терең психоанализге негізделуі керек дегенге көзқарасыңыз қалай?

– Психоанализ деген менің түсінігімде адамның жанын суреттеу. Ол аны заман ба, мына заман ба айырмасы жоқ. Әдебиет пайда болғалы әдебиеттің бірінші міндеті сол. Болған оқиғаны суреттеп журналист те жаза береді. Адамның ішкі әлемін суреттеу заманға сай

әдебиет пен өнер, қазақтың дәстүр. Ғабиден Мұстафиннің «Біз бұрын ұлтшылдықпен күресек, енді ұлтсыздықпен күресу керек» деген жақсы сөзі бар, ол күні бүгінге дейін құнын жойған жоқ.

Қазір Қазақстандағы елуге жуық театр бейнелеп айтқанда аш отыр. Драматургия жоқ. Жазылған драма оларға жетпейді, жеткені режиссердің көңілінен шықпайды. Осы теңсіздік реттелуі үшін Мәдениет министрлігі жанынан репертуарлық коллегия құрылып, аймақтағы театрларды пьесалармен қамтамасыз етудің тұрақты жүйесі жасалса.

Президенттің жанынан мәдениет жөніндегі ұлттық кеңес құруымыз керек. Мұндай кеңес Еуропа елдерінде, Ресейде бар. Оны төрағасы бекітіліп, мәдениеттің әр саласынан білікті маманды мүше етіп, ол елдің мәдениеті мен руханиятын бағыттайтын ұжымдық ақыл-ой орталығы болғаны жөн.

18 млн халқы бар Қазақстанда әртүрлі қорлардың саны 25 000 ға жетіпті. Бұл қорлардың көбін атақты адамдардың ұрпақтары ашқан. Тендерге түсіп мемлекеттен қаржы алып, елден жылу жинап ақша табады. Ол ақшаның қалай, қайда жұмсалатыны белгісіз. Бұл қорлардың жұмысын бақылауға алу керек деген ұсыныс айтамын. Сосын бізде газет көп, Шымкенттің өзінде 400 газет шығады екен. Ал телевидениемен тіпті қаным қас. Өйткені онда көбіне қолдан жасалған жұлдыздар «жарқырайды». Елден теп-тәуір жас қыздар келіп эфирге шығуға ұмтылады. Кімнің кімі қанша тұрады, үйі қанша бөлмелі, кім кімге үйленді, кім кімнен ажырасты дегенді ғана айтады. Ол жастарды бұзады. Арнаның барлығы концерт, бірінен бірі айнымайтын әндерді, бірінен бірі

– Қазір шетелден оқып келген қазақтың қызы көп. Арманыңыз орындалды ма?

– Арманыма жеттім. Қазір шынында ондай білімді, қайраткер қыздар көп. Алайда, қазақ әдебиетінде Алаш арыстарының образы жоқ. Қазақ әдебиеті Алаш арыстарына қарыздар. Тарихшылар бұл тақырыпты жетер жеріне жеткізіп зерттеп жазды, жазу-



АЛАШ ҚАРЫЗДАР

озғысы келген әншілер айтады. Сосын амал жоқ, Ресейдің арналарын көресің. Онда көретін дүние жетерлік, саяси пікірталас, танымдық хабарлар өте көп. Біздің арналар бірін-бірі қайталайды. Оларды біріктіріп, бақылауға алу керек. Ораз Әбішев деген мықты адам, деректі фильмнің атасы өмірден өтті. Ол түсірген деректі фильм өте көп. Аппаратын арқалап жүріп, Қазақстанның киелі жерлерін, Аспен деген тұлпар туралы, шөл даланы гүлге айналдырған еңбек адамдары туралы көптеген деректі фильмдер түсірді. Оның әрқайсысы 20-30 минут, адамға берер тәрбиесі жақсы, отанға деген сүйіспеншілігіңді арттырады. Телеарналардан осындай тәлім берерлік дүние бермесек ұлттық руханиятты сақтау қиын.

Одан кейін медицина саласында да көп келеңсіздік бар. Дәрі саудасымен кім болса сол айналысып жүр. Еліміздегі дәрінің 85 пайызы сырттан әкелінеді. Оның көбі мерзімі өтіп кетсе де сатылымда жүре береді. Ал дәрігерлікті кімнің ақшасы бар сол оқып жатыр, дипломды сатып алады. Мұндай дәрігер адам өлтірмегенде қайтеді? Бұл ұлттың болашағына оразан зор қауіп. Барлығы осындай деп айту жарамас, көбіне сондай. Сол себепті дәрігерлерді бірте-бірте мемлекет есебінен тегін оқытуға көшу керек. Білім бар адам оқиды, білімі жоқтар оқымайды.

Бізде қазір қағаз жұмсалатын өндіріс көп. Қағазды біз берісі Ресейден, арсы Финляндиядан, Жапониядан аламыз. Олар әкесінің құнын алады. Оған қанша миллиард ақша кетіп жатыр. Оны болдырмау үшін не істеу керек? Менің ұсынысым: Қызылордада картон шығаратын зауыт бар, соның негізінде қағаз шығаратын үлкен комбинат салу

керек. Оған шикізат болатын күріштің, бидайдың сабаны бізде көп, су бар. Инвестиция келсе өзін аз жылда ақтап шығады.

Қытайдағы қазақтарға жергілікті билік асыра сілтеп қысым жасап жатыр. Біздің елдің Сыртқы істер министрлігі Елбасының беделін пайдалана отырып, осы мәселеге бір шара қолдануы керек. Ондағы бауырларды жылатып қойып қарап отыруға болмайды.

Мәдениет министрлігіне Арыстанбек Мұхамедиұлы келген соң шеттен ешкімді шақырмай-ақ, өте көп қаржы жұмсамай-ақ «Алмас қылыш» атты тарихи сериал түсірді. Голливудқа дейін барып, «Әміре» фильмін түсірді. Бұл екі фильм кейінгі жылдардағы қазақ киносына қосылған үлкен олжа. Мұндай істе қазақ жазушылары министрліктің ісіне барынша қолдау білдіргені абзал. Кейкі батырдың басын алып келгені ең алдымен Елбасы Н.Назарбаевтың беделі арқылы жүзеге асты, екінші осы министрдің еңбегі. Ресей Мемлекеттік Думасының бірлебір құжат сыртқа шықпасын деген қаулысы бар. Кейкі батырдың басы елге келгесін қазақтың рухы көтерілді. Енді Кенесары батырдың басын әкелсек халықтың еңсесі тағы бір көтерілер еді.

— Өзіңізден кейінгі буыннан, тәуелсіздік дәуірінде танылған буыннан кімдердің шығармаларын оқисыз? Олар несімен ұнайды?

— Менің жазуым қанша көп болса оқуым да сонша көп. Күні-түні оқимын, өте еңбеккер адаммын. Уақыттың бағасын білу керек. Аптасына 15 шақты жерге шақырту аламын. Оның ішінде торқалы той, салтанатты жиын бар. Қазақтар қызық, тойына атакты адам қатысса той жоғары деңгейде өтеді деп

ойлайды. Онша араласпаса да шақырады. Уақытымды үнемдеу үшін олардың бір-екеуіне ғана барамын. Оған кеткен уақытымды оқуға арнаймын. Бала күнімізде тұрмыс өте нашар болды, соғыстан кейінгі уақыт қой. Тұрмыстың нашарлығы сол: аудандық комитеттің бірінші хатшысының әйелі қи жағады. Соны басқалары күндейді. Өйткені, өздері қоға, қамыс жағады. Қоғамен ет пісіріп отырғанда соның жарығымен кітап оқып отыр ем, мақта шалбарым өртеніп, мен есіріктеніп, шапқан атқа жеткізбей далаға атып шығып ем, бұғалық тастап әрең ұстап қалды. Содан аман қалдым. Кітап оқуға деген құмарлығым осыдан көрінеді. Біз тойып нан жемесек те кітап оқып өстік.

Қазір бізде (аттарын атамай-ақ қояйын) Құдай керемет талант берген ақындар бар. Бірақ оқымайды, ізденбейді. Сол себепті тақырып таппайды. Махаббат туралы, туған жер туралы ғана жазады немесе бегілі бір тұлғаға арнау өлең жазумен ғана шектеледі. Құдай берген қызыл сөзбен өлең шығара береді. Жазушы егер биікке өрлеймін десе оқу керек. Өз халқының ауыз әдебиетін, жазба әдебиетін, орыс әдебиетін, еуропа әдебиетін оқу керек. Елімізде 800 жазушы бар деп жүрміз, соның ішінде көп болса жиырмасы ғана оқиды, жиырмасы ғана жазады, қалғаны босқа жүр.

Кейінгі буын жазушылардан Нұрғали Оразды, Асқар Алтайды, Айгүл Кемелбаеваны оқимын. Ақындардың барлығын оқимын. Жастарға ара-тұра қамқорлық көрсетгі жүремің. Қазіргі жастарда күрескерлік жоқ. Сүйген қызы қарамай кетсе де, кітабы шықпай қалса да түңіліп шыға келеді. Өлеңдерінде де пессимизм басым. Олай болмайды.

Жас адам күрескер болуы керек.

— «Көп сыналған жазушымын» деп айтып қалдыңыз, Сізге арналған өлеңнің де көп екенін байқадым. Қазақ жазушыларының ішінде көп атақ алған қаламгерсіз. Сынның жазушыны қайрайтыны белгілі, арнау өлеңдер мен атақ-дәреже Сізге не береді?

— Мені көп сыналған жазушы деп айтады. Біраз сын естідім. Бірақ байыптап қарасам, сын 10 пайыз, мақтау 90 пайызды құрап кетеді екен. Оған дәлел мен туралы екі кітап шықты, қазір үшіншісі дайындалып жатыр. Үлкен-үлкен тұлғалар мен туралы жақсы пікір айтқан. Менің Алла берген бір бақытым, әр елдің паспортына айналған даналар: Расул Гамзатов, Шыңғыс Айтматов, Мұстай Кәрім, Қайсын Кулиев сынды қаламгерлердің барлығына ұнадым. Қазақтың кейбіріне ұнап, көбіне ұнамадым. Мен өзімнің қатарыма, жерлестеріме ұнамаймын, жастар мен қарияларға ұнаймын. Өмірде бір табысқа жетсем, осы жақсы адамдардың арқасы.

— ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Марфуға Айтқожина Сіз туралы «Ауыздықпен алысқан асау көрсем, көз алдымда тұрасың қашан да сен», деп жазыпты. Бұл мінезіңізбен көп жетістікке жеттіңіз бе, әлде көп опық жедіңіз бе?

— Асау дегені — күрескер адаммын. Жығылып жатсам да дұшпаныма берілмей, құлағынан тістеп жатамын. Л. Бетховеннің «Қайғы келіп есіңді қақса, есіңді аш та айқаса түс. Қалайда жеңіп шық», деген сөзі бар. Үйлену тойының үстінде қайтыс болған ұлымның қайғысы маған өте ауыр болды. Ол өте дарынды, артық туған бала еді. Сонда мені сақтаған бірінші — Аллаға деген сенімім, екінші — халықтың, елдің көңілі, үшінші — күрескерлік. Қайғымды жазумен жеңдім. Үш айдың ішінде «Қасқыр ұлыған түн» деген роман жаздым. Бірнеше кітап шығардым. Екі жыл бойы көңіл айтқандар тоқтаған жоқ. Қазақтың данышпан шалдарының «Қайғыны бөліссе азаяды, қуанышты бөліссе көбейеді» деген жақсы сөзі бар. Оның шын екеніне көзім жетті.

— Бір сөзіңізде «Мылтықсыз майданда» күн кешіп келемін деген едіңіз, қару қалам қазір қаншалықты қауқарлы? Қаламмен айтқан сөзіңіз жетуге тиіс нысанаға жете алып жүр ме?

— Қалам — қаруым қазір бұрынғыдан да қауқарлы. Себебі, өмірден көп нәрсе көрдік. Жазатын дүние көп, тәжірибе жиналды. Қазір 25 жасымда «Ақ Аруананы» қалай жазғаным таңғалам. Алла тағала бір идея берген болуы керек. Баяғыда Сәбит Мұқанов «Басым толған роман, пьеса, әңгіме қайсысын жазарымды білмеймін» дегенде таңғалатынымын. Ол менің ұстазым, прозаға келуіме сол кісі себеп болды. Одан бұрын тек мақала мен өлең жазатынымын. Менен Сәбен «Сен неге проза жазбайсың?» деп сұрады. Мен жаза алмайтынымды, сюжет жоқ екенін айтып ем, ол кісі «айналайын, сюжет деген мынау: Ауылда екі сауыншы бар, біреуі еңбеккер, күні-түні тыным таппайды. Сүтті де мол сауады, бұзаулары да аман. Екіншісі — жалқау. Сүт аз, бұзау өлі туады. Біріншісі депутат болады содан екеуінің арасында бақталастық

туады», — деп түсіндірді. Содан мен прозаға бет бұрдым. Менің алғашқы шығармаларымды Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсірепов екеуі қолжазбадан оқыды. Ол кездің шалдары қандай?! Қазіргілер ақша бермесек оқымайды. Сәбен мені үйіне шақырып «Қыран қалғымайды» повесімді оқытып өзі тыңдады. Төсекте жатып тыңдайды, арасында тоқтатып, бірденені қағазға түртіп алады. Сосын бір күні дастарқан жайып үйіне шақырды. Шәйіме сал деп шақпақ қанты нұсқады, бір қант салып ем, тағы сал деген соң екіншісін салдым, тағы сал деген соң үшінші қантты да шайыма салдым. Сәбен тағы бір қант сал дегенде шыдамай «Салмаймын, тәтті болып кетеді, жүрегім айнаиды» дедім. Шәй ішіп болып, жазу үстеліне келдік. «Сенің жетістігің қазақтың көркем тілін жақсы білгенің, кемшілігің де осы тілді білгенің. Тілді көп білемін деп бояуды оңды-солды жағасын. Суретшінің қолында алуан түрлі бояу болса да орнымен қолданады. Сен сөзді оңды-солды қолдана берген соң, оқушының жүрегі бағанағы қантты көп салған шәйің секілді айнып кетеді», — деді. Көрдіңіз бе?! Қалай үйретеді. Ол кісілер менің шығармашылығымның шындалуына көп көмек жасады.

— Шығармаларыңыз әлемнің көптеген тілдеріне аударылды. Қазақстанда ғана емес шетелдерде танымалсыз, түрлі атақ-данққа ие болдыңыз. Бақыттысыз ба?

— Бақытсыздық болмаса сол бақыт.

Күнде деп айтпайын, ара-тұра М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, С. Мұқанов сынды алыптардан кешірім сұраймын. «О, менің ұлы ұстаздарым, сендер алмаған атакты алып кеттім, сол үшін кешірім сұраймын» деп айтамын. Олар да мен алған атакты алар еді, тек олар өмір сүргенде шетелмен мұндай тығыз қарым-қатынас болған жоқ.

Жазушы ретінде бақыттымын. Ойыма алған шығармалардың барлығын болмаса да 60 пайызын жаздым, армандаған кейіпкерлерімді шығардым. Еңбегімнен асырып атақ алдым. Халықтың құрметіне бөлендім.

Бірақ адам ретінде бақыттымын деп айта алмаймын. Ұлым бар кезде бақыттымын деп толық айта алар едім. Өйткені, жанымды түсінер жарым бар, Олжас Сүлейменов сияқты мықты адаммен дос болуды Алла маңдайыма жазды. Төрт құбылам сай еді. Кенже ұлым керемет дарынды бала болатын.

Анам оқымаса да өте данышпан адам еді. Менің дүниежүзін аралап түрлі марапат пен атаққа ие болып жүргенімді көріп, наразы болған еді. «Қазақтың атағының барлығын алдың, ормандай орыстың да атағын алдың енді ол жетпегендей Франция дей ме сол жақтан да теміртерсек алып келдің, аспаннан түспейсің бе?.. Тым асқақтама, мұның арты жақсылыққа апармайды», — деген еді. Апамның осы сөзінен кейін көп ұзамай ұлым қайтыс болды.

«Бақытты едім өзін барда мен қандай, әкең енді нағыз сорлы сормандай...» — деп жаздым. Ұлым кеткен соң бақытсыз болып қалдым. Бір кем дүние...

— Әңгіменізге рақмет!

Әңгімелескен
Назым ДҮТБАЕВА

ЖЕКЕМЕНШІК КЛИНИКАЛАР САНЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

Қазіргі таңда елімізде жекеменшік клиникалардың саны артып келеді. Көш басын Ақмола облысы бастап тұр, қазіргі сәттің өзінде тегін көмек көрсететін мекемелер жұмыс атқарып жатыр.



«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақмола облыстық филиалының сарапшысы Шанхи Голубеваның айтуынша, 2018 жылы медициналық ұйымдар арасында мемлекеттік тапсырыс бойынша медициналық көмек көрсететін жекеменшік ұйымдар саны 33,8 пайызды құрап отыр. Қазіргі сәтте осындай жекеменшік 19 медициналық клиникалар мемлекеттік тапсырыс бойынша жұмыс атқарады.

Өткен жылы бұл көрсеткіш 17 болатын. Айта кететін болсақ, 2018 жылдың 1-қаңтарынан бастап, әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры медициналық қызмет үшін бірыңғай төлемшілер және кепілдендірілген тегін медициналық көмек көрсетудің операторы болып табылады. 2017 жылдың 7-13 қыркүйек күндері аралығында әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры міндетті түрде әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі

және кепілдендірілген тегін медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектілерінің бірыңғай базасын жасады. «Ақмола облысының денсаулық сақтау субъектілерінің бірыңғай базасына 68 медициналық ұйым кірді. Оның 45-і мемлекеттік болса, 23-і жекеменшік. Қазіргі кезде 63 медициналық ұйыммен (оның ішінде 19 жекеменшік) мемлекеттік тапсырыс бойынша 98 келісімшарт жасалды», – деп түсіндірді.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақмола облыстық филиалының сарапшысының айтуынша қазіргі кезде Көкшетау қаласында «Басар» ЖШС, «Авиценна», «Стоматология», «Мырза-Хан», «Invivo», «Көз орталығы», «BB Nuga», «Көкшетау теміржол ауруханасы», «Нефрос-Азия» сияқты медициналық мекемелер мемлекеттік тапсырыс бойынша жұмыс істеп жатыр.

НӘТИЖЕ КӨҢІЛ ҚУАНТАДЫ

Қазақстанда медициналық ұйымдарда корпоративтік басқару енгізілуде. Бұл жайында ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Заңгерлік қызмет департаментінің директоры Талғат Тұрмағамбетов мәлімдеді.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы жобасын қоғамдық талқылау барысында ол аталған құжаттың негізгі бағыты медициналық ұйымдарда корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру болатындығын айтты. Сонымен қатар оның сөзіне

қарағанда, заң жобасында интеграцияланған академиялық медициналық орталықтар мен университеттік клиникаларды құру тетігі арқылы ғылым, тәжірибе және білім берудің үш еселілігін қамтамасыз ету қарастырылған. Ғылыми-педагогикалық кадрлар мен білім беру және ғылымдағы медициналық ұйымдардағы оқушылардың құзыреттерін бағалауды, медициналық білім мен ғылым саласындағы стратегиялық серіктестік институтын енгізу көзделген. Жиын барысында Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығының бас директоры Айнұр Айыпханова ел тұрғындары медициналық қызмет

сапасына жиі шағымданатындығын айтты. «Медициналық қызметтер сапасы кадрлардың құзыретіне байланысты. Сондықтан, өткен жылы медициналық жоғары оқу орындарының барлық мұғалімдерін ілкі бағалау бір реттік бастама болды. Себебі Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекске сәйкес Денсаулық сақтау министрлігінде мұғалімдерді бағалау құзіреті жоқ. Ал мына заң жобасында ондай тармақ енгізіліп отыр», – деді ол. Айта кетерлігі, мұнан бөлек аталған заң жобасында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу мерзімін 2020 жылдан 2019 жылдың 1-қаңтарына ауыстыру туралы ұсыныстар енгізіледі деп ұйғарылған.

МЕДИЦИНАЛЫҚ КЕПІЛДІК

Медицина дамыған сайын емделудің түрлі жолдары пайда болуда. Бүгінде медициналық сақтандыру бойынша тегін қызмет түрлері ұсынылуда.

Медициналық сақтандыру – халықтың денсаулығын қорғау жүйесі. Қордағы қаражат есебінен азаматтарға тегін көмек көрсетіледі.

Жаңа жүйе тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККБК), Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) және басқа да қаржыландыру көздерінен құралмақ. «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі ең төменгі әлеуметтік стандарт болып саналады. Оның аясында медициналық көмекті қажет ететін төтенше және шұғыл жағдайларда, әлеуметтік маңызы бар ауруларды (туберкулез, АИТВ, психикалық ауытқушылықтар) анықтау мен емдеуде қызмет көрсетіледі. Сондай-ақ, бұл санатқа бастапқы медициналық-санитарлық көмек аясында басқарылатын негізгі созылмалы жұқпалы емес ауруларды, өзгелерге қауіп төндіретін өте жұқпалы ауруларды анықтау мен

емдеу кіреді», – деп атап өтті ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі Ләззат Ақтаева. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакетінде азаматтарға қымбат зертханалық және диагностикалық қызметтер, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінде қамтылмаған аурулар үшін амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, стационарлық көмекті алмастыратын медициналық қызмет пен медициналық оңалту емдомы қолжетімді болмақ. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі мен Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруда қарастырылмаған қызметтер өзге де қаржыландыру көздері арқылы қамтылуы тиіс. Сонымен бірге, Л.Ақтаева тегін көмек пен медициналық сақтандыруда қолжетімді болатын медициналық қызметтер туралы айтып берді.

«Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміндегі бастапқы медициналық-санитарлық көмек тізімі мынадай: профилактикалық екпелер мен медициналық тексерулер, мақсатты топтар скринингі,

тоқ ішек, сүт безі және жатыр мойны катерлі ісігі, қан айналымы аурулары мен глаукома, 1 жасқа дейінгі балалар патронажы мен жүктілікті бақылау. Сондай-ақ, созылмалы және әлеуметтік маңызы бар аурулармен ауыратын науқастарды үздіксіз бақылау (29 ауру тобы), жедел медициналық жәрдем, салауатты өмір салты бойынша дәріс беру, зертханалық диагностика қызметтері (126 қызмет), аспаптық диагностикалық зерттеулер (электрокардиография, артериялық қысымды тәуліктік бақылау, спирография)», – деді вице-министр. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміндегі консультациялық-диагностикалық қызметтерге бастапқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде басқарылатын созылмалы ауруы бар науқастарды үздіксіз бақылау (2,4 млн адам) және әлеуметтік маңызы бар ауруларды анықтау мен емдеу жатады. Одан бөлек, микроэлементтерді, ферменттерді, дәрілік заттарды биохимиялық зерттеу сынды 750 қызмет түрі енетін қымбат зертханалық диагностика мен аспаптық зерттеу қызметтерін қосуды ұсындық», – деп атап өтті Ләззат Ақтаева.



САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ КӨЛЕМІ ҰЛҒАЙДЫ

Жекеменшік клиникалардың саны артқан сайын оларға түсетін қаржы да кем болмайды. Мәселен, сәуір айының өзінде медициналық сақтандыру қорына 8 млрд.17 млн теңгеге жуық сақтандыру жарнасы аударылыпты. Мұның өзі халықтың денсаулығына бей-жай қарамайтындығын көрсетсе керек-ті.

Келтірілген деректерге қарағанда, сақтандыру жүйесі іске қосылған 2017 жылдың 1-шілдесінен 2018 жылдың 30-сәуіріне дейінгі аралықта жұмыс берушілер мен жеке кәсіпкерлер төлеген жарна көлемі 63,3 млрд. теңгені құрап отыр. Оның ішінде, 54,9 млрд теңге (87% жуығы) жұмыс берушілердің қарамағындағы қызметкерлері үшін жасаған төлемдері болса, қалған 8,4 млрд теңге (13% жуығы) – жеке кәсіпкерлер мен азаматтық-құқықтық негізде еңбек ететін тұлғаларға тиесілі. Аймақтар арасында жарна төлеу жағынан Алматы және Астана қалалары, сондай-ақ, Қарағанды облысы көш бастап тұр. «Жинақталған жарна Ұлттық банкте сақталып отыр. Еліміздің бас банкімен қаржыны сенімгерлік басқару туралы келісім бекітілген. Түскен қаражат МӘМС жүйесі іске қосылғаннан кейін сақтандыру шеңберінде көрсетілетін қызметтер ақысын төлеуге жұмсалып отыр» делінген баспасөз баяндамасында.



АЛМАТЫ КӨШ БАСТАП ТҰР

Алматылықтардың Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қорында жинаған сомасы 12 млрд. теңгеге жетті.

Қордың Алматыдағы бөлімшесінің баспасөз қызметі таратқан ақпаратқа сай, Қазақстанда жұмыс берушілер мен жеке кәсіпкерлер МӘМС қорына 2017 жылдың 1-шілдесінен 2018 жылдың 31-наурызына дейін 55,1 млрд. теңге аударған. Оның ішінде 7,7 млрд. теңгесі наурыздың еншісінде. Мамандардың айтуынша, Алматы аударылған сома бойынша көш бастап тұр.

Алматыда жұмыс берушілер мен жеке кәсіпкерлер міндетті медициналық әлеуметтік сақтандыру қорына 12 млрд. теңге аударды. Бұл Қазақстан бойынша түскен түсімнің 21,5 пайызын құрайды. Екінші орында Астана (12,5%) болса, үшінші орында Қарағанды облысы (8,1%) келеді екен.

Бетгі дайындаған: Қуат ҚҰМАРОВ
Қазақ-Америка университетінің студенті



ҰСТАЗ БІЛІКТІ БОЛСА, ШӘКІРТ БІЛІМДІ

Елбасымыздың «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі атап көрсеткен 100 нақты қадамының 79-шы бөлімінде: «Білім беру жүйесінде – жоғары сыныптар мен ЖОО-ларда ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезеңмен көшу. Басты мақсаты – даярланатын кадрлардың бәсекелестік қабілетін арттыру және білім беру секторының экспорттық әлеуетін көтеру керек», – деп айтылған еді.

Жаһандану ғасырында әлемдегі бәсекеге қабылетті мемлекеттер қатарына ену үшін ең алдымен білімді, білікті жастар қажет. Осы орайда елімізде 2015 жылдан бастап, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен көптеген іс-шаралар атқарылуда. XIX ғасырда көш бастап тұрған алып мемлекеттердің ресми тілі ағылшын тілі екенін және әлемнің ¼ осы тілде еркін тілде сөйлесетінін ескерсек, ағылшын тілін жетік білген адам бәсекеге бір қадам жақын екені белгілі.

Еліміздегі білім беру жүйесінде – жоғары сыныптар мен ЖОО-ларда ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезеңмен көшу мықтап қолға алынып жатыр. Білім беру жүйесінде ағылшын тілін сатылай меңгеру қолға алынуда. Тіпті қазіргі кезде ағылшын тілі кейбір балабақшаларда оқытылып жатыр. Бұл дегеніміз, бала мектеп бітірген кезде үш тілді жетік біліп шығады деген сөз.

Сонымен қатар, қазіргі кезде ғылым саласын дамыту көптеген экономикасы дамыған мемлекеттердің басты мақсаты болып отыр. Жоспар бойынша 2020 жылы еліміздің 95 пайызы үш тілді еркін меңгеруі тиіс. Мақсат айқын, жоспар нақ, алайда осы мақсатқа жету үшін ең алдымен білімі шындалған мұғалімдер керек екені бәрімізге белгілі. Көзі ашық, жан-жақты мұғалімдерге мемлекетіміз кенде емес. Алайда, білікті мамандардың саны республика аумағындағы білім беру ордаларына шақсақ, саусақпен санарлық жағдайда. Бұл ақауды шешу үшін, елімізде жаратылыстану ғылымдары бағытындағы пәндерді ағылшын тілінде білім беру жолында биыл 8871 мұғалім біліктілікті жетілдіру мақсатында тілдік курстарынан өтеді. Бұл жайлы Үкімет басшысы Бақытжан Сағынтаев мәжілісмендердің депутаттық сауалында айтқан еді. Білім және Ғылым Министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп отырып, жоғары сыныптарда жаратылыстану ғылымдары бағытындағы пәндерді оқытуды ұйымдастыру үшін педагогикалық кадрлардың алдын ала қажетті саны 18,4 мың адам екенін анықтады. Сондай-ақ, ведомство білім беру ұйымдарын, оның ішінде ауыл мектептерін кадрлар қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар қабылдады. Осылайша 2016-2017 жылдары біліктілікті арттыру курстарымен ағылшын тілінде оқытудың «Сliи» әдістемесі бойынша 12 337 жаратылыстану ғылымдары бағытындағы пәнінің ұстаздары қамтылды (8385 мұғалім А2 деңгейінде, 3952 - В1-С2 деңгейінде). 2018 жылы 8871 мұғалім курстарды жалғастырады (В2 деңгейіне дейін). Аталған курстармен 2019 және 2021 жылдары 3050 мұғалім қамтылатын болады», – дейді Премьер-Министр. Жауапқа сәйкес, ағымдағы оқу жылында 2095 педагог

жаратылыстану ғылымдары бағытындағы пәндерін ағылшын тілінде оқытуда (немесе ағылшын тілінде оқытудың пән элементтерін қолдануда). Курстардан өткені туралы сертификат алған сәттен бастап мұғалімдер мектепте кемінде 3 жыл жұмыс істеуге міндетті. «Зейнеткерлік жасқа (58 жас және одан жоғары) жақын (жаратылыстану ғылымдары бағытындағы пәндері бойынша) мұғалімдер саны 3632 адамды құрайды. Олардың ішіндегі 2157 пән мұғалімінің тілдік курстарда білім алу-дан бас тартуы кадрлармен қамтамасыз ету мәселесін шешуге кері әсерін тигізбейді. Биылғы оқу жылында 76 жоғары оқу орнында ағылшын тіліндегі педагогикалық мамандықтар бойынша 6 677 адам білім алып жатыр», – делінген жауапта. Мемлекет басшысының Бес әлеуметтік бастамасының біріне сәйкес, биыл студенттерге қосымша 20 мың оқу гранты бөлінетіні белгілі. Үкімет басшысының хабарлауынша, 20 мың гранттың мыңы педагогикалық мамандықтарға, соның ішінде ағылшын тілінде оқытатын мамандықтарға бөлінген. «Осыған байланысты көрсетілген шараларды іске асыру мектептерді кадрмен қамтамасыз ету мәселесін шешуге ықпал ететін болады», – деп жауап берді Бақытжан Сағынтаев. Айта кетсек, «Нұр Отан» партиясы фракциясының бір топ мүшелері (И. Аронова, Е. Бектұрғанов, К. Ержан, Б. Ертаев, К. Жақыпов, Ж. Жарасов, К. Сұлтанов, А. Тасболатов, Б. Измұхамбетов, Ю. Тимошенко) үштілдік білім беру жүйесі бойынша кадрлық мәселелер қалай шешілетінін білмек мақсатта Үкімет басшысы Бақытжан Сағынтаевқа депутаттық сауал жолдаған болатын.

Әрине, елімізде білім саласында бұдан да басқа тың жаңалықтар ашылып жатыр. Әсіресе, замандастарымыздың ағылшын тілін білуге деген айрықша құлшынысы көңіл қуантады. Еліміздің болашағы жастар екенін ескерсек, жастардың білім саласындағы жетістіктері ел ертеңінің жарқын екеніне сенім ұялатады.

Болашақта осы бағытта жұмыла жұмыс істесек, еліміздің бәсекеге қабылетті елдер қатарына еніп, жастарымыз әлемдік сұранысқа ие кәсіби білікті маман болатыны сөзсіз.

250 ТАЛАПКЕР ҰБТ-НЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ТАПСЫРМАҚ

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Әлемде Қазақстан халқы үш тілді білетін, жоғары білімді ел ретінде танылуы керек. Бұл: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикамен сәтті ықпалдасудың тілі», – деген еді.

Үштілділік – заман талабы, жаһандануға апарар баспалдақ, әлемдік коммуникацияға жетелер жол. Президентіміз атап өткендей, үш тілділік рухани жаңғырумен бірге өрбіп, бүгінгі қоғамның бет-бейнесіне айналуы керек. Осы орайда еліміздегі білім саласындағы жүргізіліп жатқан бірқатар реформалар өз нәтижесін беріп жатыр.

Оған дәлел республикамыздың біршама қалаларында интерактивті білім беру қолға алынып жатыр. Бұл әдістің басты мақсаты оқушының тек қана білім алып қана қоймай, өзара тәжірибе алмасып, білімін практика жағынан шыңдау болып табылады. Интерактивті білім берудің қазіргі кезде дәстүрлі білім беруден әлдеқайда тиімді екені белгілі болып отыр. Әзірге интерактивті білім беру тек тәжірибе ретінде ғана беріліп отыр.

Одан бөлек, Қазақстанда ең алғаш 2004 жылы Ұлттық Бірыңғай Тестілеу енгізілген еді. Алайда, бастапқы кезде бұл жүйе көптің көңіліне сенімсіздік ұялатады, талапкерлерді шошытқаны мәлім. Шындығында, білім беру тек бір жақты болмауы тиіс. Баланың сауатты болуына ата-ана да өз үлесін қосқаны абзал. Осы ретте, «Пәндерді ағылшын тілінде оқыту жоғары сынып оқушылары арасында жүргізіледі. Балаларға ағылшын тілін қазір үйретпесек, келешекте олардан кәсіби мамандар даярлай алмаймыз. Бұл – уақыт талабы. Ата-аналар мұны дұрыс түсінуге тиіс. Бұл ретте, қазақ тілін оқытуды да ұмытпауымыз керек» деген пікірді Елбасы алға тартқан болатын.

Уақыт өте келе, көптеген қателіктер өз шешімін тауып, бүгінде ҰБТ оқушылардың білімін тексерудегі оңтайлы әдіске айналды. Жылдар бойы жинаған білімнің нәтижесі арқасында республикамыздың қалаған оқу орнына ақысыз білім алуға мүмкіндік туып отыр.

Әрине, жыл сайын ҰБТ бағдарламасы шыңдала түседі. Осыған байланысты, биылғы жылы тест тапсыру жүйесіндегі соңғы жаңалықтарды ҚР Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев айтты. «Біз грантты алу кезінде оқуға түсетіндер үшін тең жағдайды қамтамасыз етуге үде берген болатынбыз. Өз сөзімізде тұрдық. Енді «Алтын белгі» иегері өзге де мектеп түлектерімен балдары тең болған жағдайда ғана басымдықты құқыққа ие. Жалпы, ҰБТ-ны тапсыру форматы бұрынғысынша қалады. Тек қана сұрақтардың басым бөлігі ауысты. Былтыр сұрақтардың 25 пайызын ауыстырсақ, биыл тағы да 25 пайызы өзгерді», – деді министр Орталық коммуникациялар қызметіндегі баспасөз мәслихатында. Сонымен қатар Е.Сағадиев ағымдағы жылы ҰБТ-ны ағылшын тілінде тапсыру мүмкіндігі енгізілгенін еске салып өтті. «250-ге жуық адам тұңғыш рет ҰБТ-ны ағылшын тілінде тапсырады деп қытылуде. Дәл сол сұрақтар енгізіледі, ешқандай жеңілдік болмайды. Негізі, бұл оқушылардың өздерінің ниеті бойынша жасалып отыр», – деді министр.

Өз кезегінде ҚР Білім және ғылым вице-министрі Асхат Аймағамбетовтың айтуынша, мектеп оқушысы тестті қай тілде тапсы-



ратынын өзі таңдайды. «Шынымен де, осы жылы Ұлттық бірыңғай тестілеуді ағылшын тілінде тапсыруға мүмкіндік берейін деп отырмыз. 10-наурызда тестті тапсыру туралы өтініштер қабылдана бастады. Аталған жұмыс мамырдың ортасына дейін жалғасты. Сондықтан ағылшын тіліндегі тесті кімнің және қанша адамның таңдағанын әзірше нақты санын дөп басып айта алмаймыз. Дегенмен, ағылшын тілінде білім беретін кейбір мектептер одан тысқары қалмайтын шығар», – деді А.Аймағамбетов Үкімет отырысынан кейінгі баспасөз мәслихатында. Оның сөзіне сүйенсек, ағылшын тіліндегі сұрақтардың қазақша және орысша нұсқадан айырмашылығы жоқ. «Ағылшын тіліндегі сұрақтар дайын және тест кітапшаларына енгізілді. Барлық сұрақтар оқу бағдарламасы аясын қамтиды және білім беру талаптарына сай жасалынған. Қазақ тілінде болсын, орыс тілінде болсын, мазмұны жағынан көп айырмашылық жоқ», – деп атап көрсетті А.Аймағамбетов.

Жасыратыны жоқ, еліміздің көптеген аймақтарында ағылшын тілін тереңдетіліп оқытатын, халықаралық стандарттар мен мемлекеттік бағдарламаны қатар алып жүрген біршама білім ордалары бар. Биылғы жылдың жаңалығы сол білім ордаларының түлектеріне жасалған оңтайлы шешім болары сөзсіз.

Анығында, көз жүгіртіп қарасақ еліміздегі білім жүйесінің қарқынды дамып, әлемдік стандарттарға сай білім ала отырып, жастарымыздың үштілділікпен қатар өзге де салаларда білімін ұштап жатқанына көз жеткізуге болады.

Көптеген жастарымыздың әлемдік деңгейдегі алдыңғы қатарлы университеттерге өз күшімен грант жеңіп, шақыртулар алып жатқаны көпшілікке мәлім.

Қазіргі кездегі білім саласындағы жасалып жатқан талпыныстар мұнымен тоқталып қалмасы анық. Мемлекет тарапынан қолға алынып жатқан бағдарламалар келешек ұрпаққа ертеңгі күнге нық сеніммен жоспар құрып, еліміздің жарқын болашағы үшін жұмыс істеуіне жол ашары сөзсіз.

Бетгі дайындаған: Әмина ӘЛМАХАН
Қазақ Америка университетінің І-курс студенті

ҰЙЫМ – ҚОҒАМ

Құдайдың берген санасының арқасында адам атаулы жаратылысынан ұйымдасып, қоғамдасып өмір сүруге бейімделген. Өйтпесе қатал табиғат жағдайында алып мамонттар секілді жер бетінен баяғыда жоғалып кетер еді. Қоғамдық қатынастар ғасырлар бойы дамып, осы күнге дейін жалғасып келе жатқанына бәріміз куәміз. Бүгінгі күні «демократиялық қоғам» деп атап жүргеніміздің өзі ұйым болып, яғни халық болып басқару дәрежесіндегі құрылым. Қазіргі партиялық жүйе сол ұйымдық басқарудың бір көрінісі деуге болады. Демек, қоғамның негізгі қозғаушы күші де – түрлі ұйымдар болып табылады. Елімізде жүздеген түрлі қоғамдық ұйымдарды есептегенде «Нұр Отан», «Ақ жол», «Әділет», «Ауыл», «Руханият», «Азат» коммунистер мен патриоттар сияқты сегіз саяси партия тіркелген. Олардың әрқайсысының алдына қойған мақсаттары мен арнайы жұмыс бағдарламалары бар. Айналып келгенде бәрі де халыққа қызмет етуге міндетті.

Осы саяси ұжымдардың ішінде саны жағынан ең көбі – «Нұр Отан» партиясы. Қарапайым тілде оны «билік партиясы» деп те атайды. Өйткені сайлауда ең көп дауыс жинап, еліміздің атқарушы органдары мен Парламентінде мол орынға иемденген. Ең қуатты партия еліміздің жан-жақты дамуына қандай үлес қосып отыр? Ол өзінің көшбасшы рөлін қалай атқарып келеді? Бұл туралы «Нұр Отан» партиясының баспасөз орталығының қызметкері, қаламгер Еламан Қоңырдың материалдары арқылы қалың оқырмандарымызды хабардар етуді жөн санадық.

ОҢ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ӨЗЕГІ

«Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаев партия қызметін жаңғырту жұмыстарына байланысты кеңейтілген отырыс өткізді. Партияның орталық аппаратында өткен жиынға партияның облыстық филиал төрағаларының бірінші орынбасарлары, облыс әкімдерінің орынбасарлары, вице-министрлер, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы, үкіметтік емес ұйым және бизнес қауымдастық өкілдері қатысты. Отырыста Мәулен Әшімбаев Елбасының партия қызметін жаңғырту жөніндегі тапсырмасы бойынша қолға алынған партиялық жобаларға кеңінен тоқталып, олардың мәні мен маңызы жөнінде баяндап берді. Айта кетейік, партия жұмысын тыңғылықты сараптаудың және халық тарапынан келіп түскен ұсыныстардың нәтижесінде, 20-дан астам партиялық жоба дайындалды. Олардың қатарында жұмысы қайта жандандырылған «Ардагерлерді ардақтайық!» және «Кедергісіз келешек» атты екі бұрынғы жоба да бар. Жиынды ашқан «Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары аталған тың бастамалардың басым бағыттарына тоқталып өтті. Оның айтуынша, жаңа партиялық жобалар халықтың партияға деген сенімін күшейтуге, еліміздегі стратегиялық бағдарламалық құжаттарды жүзеге асыруға жүйелі түрде қатысуға, білікті кадрлар тобын қалыптастыруға және партия қызметін жаңғыртып, оның жұмысына заманауи технологияларды қолдануға бағытталған. – «Нұр Отан» партиясы жаңғыру құндылықтарының жаршысы және еліміздегі басты қозғаушы күш ретінде қалыптасуы керек. Жаңа жобалардың барлығы сол мақсатқа жету үшін қолға алынып отыр. Біз көшбасшылық позициямызды сақтап қана қоймай, XXI ғасырдың аса тиімді және жоғары технологиялы саяси ұйымын құруымыз керек, – деді Мәулен Әшімбаев. Партия Төрағасының Бірінші орынбасары жаңа жобалардың барлығы Елбасының партия қызметін жаңғырту жөніндегі нақты тапсырмасы бойынша дайындалғанын атап өтті. Соның нәтижесінде, алдағы уақытта «Нұр Отан» партиясының қызметіне ағаш рет жобалық менеджмент тәжірибесі енгізілмек. Бұл тәжірибенің әлемдік деңгейде кеңінен қолданылатыны белгілі. Сол арқылы партияның орталық аппараты мен барлық филиалының жұмысы жүйеленетін болады. Өз сөзінде Мәулен Әшімбаев нұротандықтар аталған бастамаларды дереу жүзеге асырып қана қоймай, көп ұзамай олардың нәтижесін де көрсетуі керектігін айт-



ты. Сондай-ақ, «Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында қолға алынған жобаларға да ерекше тоқталды. Соның ішінде партияның бастамасымен және «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен үкіметтік емес ұйымдардың қолдауымен ашылатын 1000 IT сынып пен 20 IT орталықтың маңызы зор. Бұл жөнінде Мәулен Әшімбаев: «Аталған жобалар партияның елімізді цифрландыру ісіне қосқан нақты үлесі болмақ», – деді. Жиында шағын және орта бизнесті қолдауға бағытталған бастамаларды жүзеге асырудың тиімді тетіктері де сөз болды. Атап айтқанда, «Нұр Отан» Бірыңғай геоақпараттық онлайн-қызмет көрсететін портал құруды жоспарлап отыр. Сол арқылы қазақстандық кәсіпкерлер сатылатын немесе жалға берілетін коммерциялық мақсаттағы жер телімдері туралы жан-жақты мәліметтерге қол жеткізбек. Жаңа онлайн-қызмет осы бағыттағы жұмыстардың ашықтығын да қамтамасыз етеді. Мектеп асханалары мен спорт алаңдарының жұмысы да партия назарынан тыс қалған жоқ. Сондықтан жаңа партиялық жобалар арқылы бұл әлеуметтік нысандардың да жұмысы жанданып, заман талабына сай қызмет көрсетпек. Партияның бастамасымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында еліміздегі кітапханалар заманауи білім орталығы ретінде қайта құрылып, кітап қорының электронды нұсқасы дайындалатыны да атап өткен өкілдер. Одан бөлек «Нұр Отан» жасап отырған әсіресе, ауылдық жерлердегі жас буынның ағылшын тілін үйренуіне қолайлы орта қалыптастыруды қолға алып отыр. Бұл жұмысқа партия тілді еркін меңгерген отандық және шетелдік еріктілерді жұмылдырмақ. Отырыста партия хатшысы Тамара Дүйсенова аталған жобаларды жүзеге асырудың бірыңғай алгоритмі туралы айтты. Партиялық жобалар «Цифрлы Қазақстан», «Рухани жаңғыру» сияқты

маңызды мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруға және шағын және орта бизнесті қолдауға бағытталған. «Соған орай, партия Мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен, «Атамекен» ҰҚП және үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп жұмыс істейді» дейді партия Хатшысы. Жиын барысында сөз алған «ҮБҮРАІ жас программистер лигасы» қоғамдық қорының жетекшісі Әзиза Шөжеева «Тегін 1000 IT сынып» партиялық жобасын жүзеге асырудың тиімді тетіктеріне тоқталды. Осы жоба аясында жылына 150 мың қазақстандық мектеп оқушысы еуропалық білім беру тәсілімен бағдарламалау мен робот техникасының негіздерін үйренетін болады. Ал IT орталықтар базасында жылына 35 мың қазақстандық ақпараттық технология саласында білім алып, әлемдік нарықта жұмыс істеу мүмкіндік алады. Бұл жөнінде Method бағдарламалау мектебінің жетекшісі Дағар Давлетов баяндап берді. Кітапханалар жұмысын жандандыру жөнінде Мәдениет және спорт вице-министрі Ақтоты Райымқұлова арнайы баяндама жасады. Сонымен қатар бұл жиында партиялық жобалардың жергілікті жерлерде жүзеге асырылуы туралы да кеңінен әңгімеленді. Соған байланысты өкілдерден келген өкілдер сөз алып, жаңа бастамалардың шын мәнінде аясы кең екенін, сондықтан күш біріктіріп жұмыс істеу керектігін тілге тиек етті. Атап айтқанда, Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Ербол Нұрғалиев өңірде IT сыныптар ашу ісі қарқынды жүргізілетінін жеткізді. Ал Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Евыгений Ким мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің тиімділігін арттыру мақсатында Сыр өңірінде бірқатар игі істер жүзеге асырылып жатқанын тілге тиек етті. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Ербол Садыр да өңірде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында көптеген жұмыстар қолға алынғанын, соның ішінде кітапханаларды заманауи жастар орталығы ретінде қайта

құру ісі көңіл қуантарлық екенін айтты. Бұлардан бөлек, отырыста «Нұр Отан» партиясы Қарағанды облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Қадияша Оспанова сөз алып, кеңшілер өңіріндегі келелі істер жайын баяндап берді. Іс-шара соңында Мәулен Әшімбаев барша Мемлекеттік және жергілікті атқарушы орган өкілдерінің назарын жаңа жобаларды жүзеге асырудың басым бағыттарына аударды. Сондай-ақ ол барша нұротандықтарға Елбасы айқындап берген міндеттерді абыроймен орындап, көздеген мақсаттарға қол жеткізу үшін тынбай еңбек ету керектігін айтып, нақты тапсырмалар берді.

ОЗЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ ОҢ НӘТИЖЕСІ

Жаңғырудың жаңа кезеңіне аяқ басқан «Нұр Отан» партиясы бірқатар тың бастамаларды қолға алып, барлық бағытта жүйелі жұмыс жүргізуде. Бүгінде бұл жұмыстар өз нәтижелерін де бере бастады. Яғни, қазірдің өзінде халық партиялық бастамалардың игіліктерін көріп отыр. Осы бағыттағы жұмыстарды бағамдау мақсатында «Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаев арнайы сапармен Ақмола облысына барды. Сапар аясында ол партия қызметін жаңғырту мақсатында қолға алынған жобалардың жүзеге асырылуы барысымен танысты. Нақты айтқанда, Мәулен Әшімбаев облыс орталығындағы М. Ғабдуллин атындағы №3 мектеп-гимназияда болып, ондағы IT сыныптың әлеуетіне назар аударды. Сондай-ақ А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университетіндегі IT орталықтың тыныс-тіршілігіне зер салды. Өңірдегі бизнес қауымдастық өкілдерімен кездесуінде партия Төрағасының Бірінші орынбасары осы саладағы партиялық жобалар жайын кеңінен талқылады. Одан бөлек, еліміздегі кітапханаларды заманауи білім орталықтары ретінде қайта құру жұмыстары бойынша М.Жұмабаев атындағы Ақмола облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасында болды. Елбасы 2017 жылдың қараша айында өткен партия Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында нұротандықтардың алдына нақты міндеттер қойып, бірқатар басым бағыттарды анықтап берген болатын. Соның ішінде Мемлекет басшысы барлық партиялық технологияның ашық ақпараттық қоғамға бейімделуі, «Рухани жаңғыру» бағдарламасына белсене қатысу және мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің аясын кеңейтіп, кәсіпкерліктің дамуына үлес қосу мәселелеріне айрықша назар аударды. Осыған орай, «Нұр Отан» партиясы қолға алған стратегиялық жобалардың қатарында цифрландыруды жүзеге асыру, шағын және орта бизнесті қолдау және «Рухани жаңғыру» бағдарламасына үлес қосуға бағытталған бастамалар бар. Биіктерге бастайтын жоба Бүгінде Ақмола облысындағы осы бағыттағы қарқынды жұмыс көңіл қуантады. «Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары облысқа сапарын М.Ғабдуллин атындағы №3 мектеп-гимназиядан бастады. Білім ордасына Мәулен Әшімбаев облыс әкімі Мәлік Мырзалымен бірге келді. Мұнда партияның балаларға бағдарламалау негіздерін оқытатын тегін IT сыныптар ашу жобасы бойынша арнайы сынып ашылған. Онда мектеп оқушыларына Pascal, Java, PHP, Delphi сияқты бағдарламалау тілдері мен робот техникасы жайында тереңдетілген білім алуға мол мүмкіндік бар. Ол үшін қажетті жағдайдың барлығы жасалған. Осы ретте партияның бастамасымен еліміз бойынша 1000 IT сынып ашылып, онда жылына 150 мың бала бағдарламалау және робот техникасының негіздері жайында

ҰЙЫТҚЫСЫ

тереңдетілген білім алатынын атап өткен жөн. Мектеп директоры Айнагүл Балташеваның айтуынша, партияның бастамасымен қолға алынған ІТ сыныптың дәл осы білім ордасында ашылуы тегін емес. Өткен жылы осы мектепте «Бағдарламалау» үйірмесі ашылып, оқушылардың ІТ технология, 3D модельдеу сияқты жаңа инновациялық бағытта білім алуына мүмкіндік туған. Соның нәтижесінде, мектеп оқушылары түрлі инновациялық жобалар байқауында топ жарып, жоғары жетістіктерге қол жеткізуде. Бүгінде көкшетаулық мектеп оқушылары кеңінен қолданатын, 9, 11-сынып оқушыларының мемлекеттік емтихан мен ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындалуына арналған веб-сайты да дәл осы мектеп-гимназияның жас өнертапқыштары ойлап тапқан. Жаңа сыныптың арқасында енді оқушылар өңірдегі ақпараттық технологияның дамуына септіктерін тигізбек. Өңірлердегі мектептерде осындай ауқымды жұмыстардың табысты жүзеге асырылуы «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының жемісі екені сөзсіз. Осы ретте аталған білім ордасы 2016 жылы Көкшетау қалалық мектеп-гимназиялар арасында І дәрежелі дипломмен марапатталып, робот техникасы кабинетін жабдықтау үшін 1,165 мың теңге көлеміндегі сертификат иемденгенін атап өткен жөн. Ал өткен жылы физика кабинетін жабдықтау үшін 2,400 мың

басары қазіргі таңда білікті программистерге деген сұраныс өте жоғары екеніне назар аударды. Мұндай мамандар әлем бойынша тапсырыстар қабылдап, жұмыс істей алады. Бүгінде цифрлы қызмет нарығындағы тапсырыстар құны 3,5 трлн АҚШ долларын құрайтынын ескерсек, бұл бастама арқылы көптеген қазақстандық программистердің жұмыспен қамтылуына жол ашылатынын аңғарамыз. Экономикалық тұрақтылықтың кепілі Сонымен қатар «Нұр Отан» партиясы шағын және орта бизнесті қолдауға да басымдық бермек. Осы мақсатта кәсіпкерлерге арналған Бірыңғай геоакпараттық онлайн қызмет ұсынатын портал құрылады. Сол арқылы бизнес саласындағы мемлекеттік қызметтерді электронды форматқа көшіру, дамыған елдердің ең үздік үлгілерін енгізу және бизнестегі шығындарды азайту көзделіп отыр. Бұдан басқа кәсіпкерлердің еліміз бойынша коммерциялық мақсаттағы жер телімдері мен аукциондар туралы толық мәлімет алуына, бизнес жүргізудің бірыңғай стандартын енгізуге және электронды үкімет жұмысын жандандыруға да мүмкіндік тумак. Мәулен Әшімбаев Ақмола облысының бизнес қауымдастық өкілдерімен кездесуінде осы мәселелерді одан әрі пысықтады. «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының облыстық филиалында тараптар өңірдің бас жоспары енгізілген интерактивті карта даярлау бастамасын талқылады. Бұл карта арқылы



қазына» жобасы да сәтті жүзеге асырылуда. Соның аясында 94 әлеуметтік-мәдени және инфрақұрылымдық кіші жоба қолға алынып, 2017 жылы жалпы сомасы 298 миллион теңгені құрайтын 42 жоба жанданды. Одан бөлек, ауылдық кітапханаларды жаңғыртуға бағытталған «Ауылдық кітапхана – білім мен парасат ордасы» жобасы мен Magjan.kz тарихи-әдеби порталы жұмыс істейді. Бүгінде кітапхана қорында 361 036 кітап бар. Оның ішінде 122 215 кітап цифрландырылған. Партия Төрағасының Бірінші орынбасары партиялық жобалардың маңызы туралы айтып, оларды өңірлерде жүзеге асырудың маңызы зор екеніне тоқталды. – Партиялық жобаларды жүзеге асыруда Ақмола облысының қарқынды көңіл қуантады. Жаңадан ашылған ІТ сынып пен ІТ орталық жергілікті азаматтардың цифрлы сауаттылығын арттырып қана қоймай, олардың сұранысқа ие кәсіби бағдарламашы ретінде қалыптасуына мол мүмкіндік береді. Облыстық кітапхананың заман талаптарына сай бейімделуі де оқырмандар қатарының артуына өз септігін тигізеді деп сенемін. Кәсіпкерлікті дамыту бағытында да өңірде көптеген игі істер жүзеге асырылуда. Бұл жұмыстардың барлығы партиялық жобалардың жемісі екені сөзсіз. Алдағы уақытта партия қазақстандықтардың заман талаптарына бейімделген, инновациялық жетістіктерді еркін менгерген, ІТ саласында бәсекеге қабілетті болуы үшін бастаған жұмыстарын лайықты жалғастырады, – деді Мәулен Әшімбаев. Сапар соңында Мәулен Әшімбаев «Нұр Отан» партиясының Ақмола облыстық активімен кездесіп, партиялық жобаларды жүзеге асырудың тиімді тетіктерін жан-жақты талқылады. Сондай-ақ, ол осы бағыттағы партия жұмысының мақсат-міндеттерін айқындап, ақмолалық нұротандықтарға бірқатар тапсырмалар берді.

ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ – САПА МЕН ТАБЫС КЕПІЛІ

5 Мамыр 2018 ж. Елбасы өзінің бес әлеуметтік бастамасын жариялаған кезде халқымыз үшін айрықша маңызы бар бұл шаралардың тиянақты орындалуын бақылауға алуды «Нұр Отан» партиясына жүктеген болатын. Соған орай еліміздің жетекші саяси күші жүйелі жұмыс жүргізуде. Соның нәтижесінде, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша партияның мұрындық болуымен Президенттің бес әлеуметтік бастамасының жүзеге асырылуын бақылау жөніндегі Қоғамдық кеңес құрылып, оның алғашқы отырысы өтті. Кеңес құрамына еліміздегі жетекші саяси партиялардың басшылары, үкіметтік емес ұйымдар мен Қазақстан халқы ассамблеясының өкілдері, белгілі

қоғам қайраткерлері, белсенді азаматтар және сарапшы мамандар мүше болды. Отырысты «Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаев ашты. Ол Мемлекет басшысының партияға Қазақстан халқы ассамблеясымен және азаматтық қоғам өкілдерімен бірлесіп, «Бес әлеуметтік бастаманың» жүзеге асырылуын қоғамдық бақылауға алуды тапсырғанын айтты. Соған байланысты жаңадан құрылған Қоғамдық кеңес Елбасы бастамаларының уақытылы әрі сапалы орындалуына жалпыхалықтық бақылауды қамтамасыз етпек. Қоғамдық бақылауды жүзеге асыру үшін «Нұр Отан» партиясы Орталық аппараттан бастап, Мәжіліс пен барлық деңгейдегі мәслихаттардағы депутаттық фракцияларын, партияның филиалдары мен бастауыш партия ұйымдарын және қоғамдық қабылдау бөлмелерін жұмылдырады. Сонымен бірге, біз Президенттің бес әлеуметтік бастамасын уақытылы әрі сапалы жүзеге асырудың қазақстандықтар үшін қаншалықты маңызды екенін ескеріп, азаматтық қоғам өкілдерімен күш біріктіріп, жұмыс істеуді қолға алып отырмыз, – деді Мәулен Әшімбаев. Сонымен қатар партия Төрағасының Бірінші орынбасары «Нұр Отан» партиясы Президенттің бес әлеуметтік бастамасының жүзеге асырылуын айрықша бақылауға алатынын айтып, тіпті осы істе олқылық жіберген шенеуніктер дер кезінде анықталатынын да тілеу тиек етті. – Біз Президенттің бес әлеуметтік бастамасын жүзеге асыруда немқұрайлылық танытқан азаматтарды анықтап, қажет болса оларды жауапқа тарту мәселесін көтеретін боламыз «Нұр Отан» партиясы ешкімге Елбасы бастамаларын сөзбұйдалыққа салып, кешеулетуге жол бермейді, – деген Мәулен Әшімбаев Қоғамдық кеңестің аталған жұмыс бойынша ақпараттарды түрлі дереккөздерінен алып отыратынын жеткізді. Мәселен, мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, үкіметтік емес ұйымдар, сарапшылар және қарапайым халықпен тығыз жұмыс істеу арқылы Кеңес Елбасы бастамаларының орындалу барысын қатаң бақылап отырмақ. Осы ретте халық қажетті ақпараттарды қоғамдық қабылдау бөлмесі, партияның веб-сайтындағы арнайы 5bastama айдары немесе жедел желі арқылы хабарласып, бере алатынын атап өткен жөн. «Мұндай қадам бес әлеуметтік бастаманы жүзеге асыру кезіндегі олқы тұстарды уақытылы анықтап, оны тиімді шешу жолдарын қарастыруға мүмкіндік береді», – дейді «Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары. Жиын барысында Қоғамдық кеңестің төрағасы сайланып, оның жұмыс барысы пысықталды. Кеңес мүшелерінің қолдауымен төрағалық міндет Сенат депутаты Бакытжан Жұмағұловқа жүктелді. Оның сөзіне қарағанда, кеңестің жұмысын «Нұр Отан» партиясы ұйымдастыратын болады. Яғни, әр әлеуметтік бастама бойынша жұмыс тобы құрылып, оларға партия хатшылары жетекшілік етпек.



тенгенің сертификатымен марапатталған. Мектеп оқушыларының жетістіктеріне риза болған партия Төрағасының Бірінші орынбасары оларға сәттілік тілеп: «ІТ технология мен робот техникасы – жарқын болашақтың кепілі. Сондықтан жастардың осы салада жан-жақты білім алуының маңызы зор. Партия бұл бағытта тиісті қолдау көрсетеді», – деді. Бәсекеге қабілеттіліктің берері мол Мәулен Әшімбаев Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінде ашылған ІТ орталықтың да жұмысымен танысып, оның бағыт-бағдарын бағамдап қайтты. Бұл орталық партияның ІТ мамандар даярлау жобасы аясында ашылып отыр. Бүгінде мұнда жұмыссыз және өзін өзі жұмыспен қамтыған жергілікті азаматтар бағдарламалау негіздері бойынша білім алуда. Нақты айтқанда, олар Java, PHP, Delphi, C++3D, Max3D, Studio, MaxFoxPro және Corel3D бағдарламалары бойынша жан-жақты білім алып, осы салада өз бетінше жұмыс істеуді жәжірибе жасауда. Орталықта 15 компьютер мен интерактивті тақта орнатылған. Халықтың цифрлы сауаттылығын арттырып, бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптастыруға бағытталған бұл жоба бойынша елімізде жұмыс беруші ІТ компаниялар мен ірі жоғары оқу орын-дарының базасында 20 ІТ орталық ашылып, жылына 35 мың адам білім алады деп жоспарланып отыр. Орталық тәлімгерлерімен кездескен «Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орын-

ақмолалық кәсіпкерлерін жергілікті инфрақұрылымға қол жеткізіп, бос жер телімдері туралы толық мәліметтер алатын болады. Сол арқылы кәсіпкер өз ісін одан әрі жетілдіруге мүмкіндік алады. Мәулен Әшімбаев жергілікті кәсіпкерлерге мектеп асханалары мен спорт алаңдарын жандандыруға бағытталған партиялық жобалардың да маңызын түсіндіріп, оларды осы бастамада белсенділік танытуға шақырды. Ұлттық құндылықтардың өзегі Партиялық жобалардың қатарында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында еліміздегі кітапханаларды заманауи білім орталықтары ретінде қайта құру бастамасы да бар. Осы бағыттағы жұмыс барысымен танысу үшін «Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары М.Жұмабаев атындағы Ақмола облыстық әмбебап-ғылыми кітапханаға арнайы келді. Бүгінде бұл нысанда коворкинг орталығы ашылып, келушілердің кітап оқып қана қоймай, демалыстарын жайлы өткізуіне қолайлы жағдай жасалған. Яғни, топкен немесе жеке жұмыс істеуге арнайы орындар қарастырылған, тегін Wi-Fi орнатылып, қажетті техникамен жабдықталған. Сондай-ақ мұнда «Мобильді кітапхана» интерактивті оқу залы жұмыс істейді. Ол жерде келушілер қалаған кітаптардың электронды нұсқаларын ұялы телефондары арқылы оқи алады. Сол үшін кітаптардың QR-кодтары дайындалған. Кітапхана директоры Талғат Ибраевтың сөзіне сүйенсек, руханият ордасында «Рухани

ҰЙЫМ – ҚОҒАМ ҰЙЫТҚЫСЫ

(Басы 14-15-беттерде)

Кенестің басты міндеті – әлеуметтік бастамалардың жүзеге асырылуына қоғамдық мониторинг жүргізіп, тұрақты бақылауда ұстау. Сондай-ақ, бағдар-ламаньын орындау барысы туралы халыққа ақпарат беріп, қажетті түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру. Одан бөлек, Елбасы бастамаларын жүзеге асыру кезіндегі мәселелерді анықтап, тиісті мемлекеттік органдарға оларды шешу жолдарын ұсыну. Президенттің бес әлеуметтік бастамасы жарияланғалы бері екі ай уақыт өтті. Осы мерзімде Үкімет айтарлықтай жұмыс атқарып, арнайы Жол картасын да даярлады. Бүгінде осы бағдарлама бойынша бірқатар жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Бұл жөнінде Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменов баяндама жасады. Министрдің айтуынша, Жол картасы арқылы 35 іс-шара жүзеге асырылмақ. Әрбір отбасына баспана алудың жана мүмкіндіктерін беру бастамасы бойынша Ұлттық банк осы мамыр айында бекітілетін «7-20-25» бағдарламасын жүзеге асыруға кірісіп кетті. Соған орай банктер бағдарлама шарты бойынша осы жылдың екінші жартысынан бастап, жана ипотекалық кредиттер бере бастайды. Ал жалақысы төмен жұмысшылардың еңбекақысын көбейту үшін олардың салық жүктемесін азайту мақсатында «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, еңбекақысы төмен жұмысшылардың жеке табыс салығын төмендетудің оңтайлы тетігі айқындалды. Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсартуға бағытталған үшінші бастама бойынша тиісті Үкімет қаулысы қабылданды. Жана гранттардың бөлінуін қаржылай қамтамасыз етуді және олардың құнын ұлғайту үшін республикалық бюджетті нақтылау кезінде 5 млрд теңге қарастырылды. Сол сияқты шағын несие беруді көбейту және елді газбен қамтамасыз етуді жалғастыру бастамалары бойынша да нақты жұмыстар қолға алынды, – деді Т.Сүлейменов. Өз кезегінде Ұлттық банк төрағасының орынбасары Олег Смоляков «7-20-25» жаңа тұрғын үй бағдарламасының тетіктері мен шағын несие беру мәселесіне тоқталып өтті. Ал Қазақстан жоғары оқу орындары қауымдастығының президенті, «Тұран» университетінің ректоры Рахман Алшанов студент жатақханаларының құрылысы мен қосымша бөлінген 20 мың білім гранты жайында сөз қозғады. Одан бөлек, басқосуда мемлекеттік органдар мен саяси партиялардың жетекшілері, қоғамдық бірлестіктер мен үкіметтік емес ұйым өкілдері және білікті сарапшылар мен белсенді азаматтар өз алып, көтерілген тақырыпқа қатысты өз ұсыныстарын жолдады.

– Елбасының бес әлеуметтік бастамасын халық ерекше қуанышпен қабыл алды. Сондықтан, оның тиімді жүзеге асырылуы аса маңызды. Әрине, Үкімет тарапынан бүгінде бірқатар игі істер қолға алынып, жұмыстар жүргізілуде. Дегенмен олардың қаншалықты деңгейде екенін бақылап отырудың берері мол. Сол себепті бүгін Елбасының тапсырмасымен «Нұр Отан» партиясы арнайы Қоғамдық кеңес құрып отыр. Кеңес құрамына назар аударатын болсақ, еліміздегі жетекші саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері енген. Қоғамдық бірлестік өкілдері мен белсенді азаматтар да осы Кеңестің құрамында. Бұл дегеніміз – бес әлеуметтік бастаманың жүзеге асырылуы жалпыхалықтық бақылауда болатынын білдіреді. Осы ретте Қоғамдық кеңестің жұмысы туралы да айта кетейін, Яғни, Кеңеске мүше 27 адам бес жұмыс тобына бөлінген. Әр топқа «Нұр Отан» партиясының хатшылары жетекшілік етеді. Осылайша, біз Елбасының әр бастамасы бойынша нақты бақылау жүргізіп, олардың елге өз игілігін тигізіп қамтамасыз ететін боламыз, – дейді Президенттің бес әлеуметтік бастамасының жүзеге асырылуын бақылау жөніндегі Қоғамдық кеңестің төрағасы, Сенат депутаты Бақытжан Жұмағұлов.

«Нұр Отан» партиясының бүгінгі атқарып



отырған жұмыстары жайлы өзге де қоғамдық ұйымдар мен саяси партия өкілдерінің пікірлерін тындап көрелік.

Жамбыл Ахметбеков, «Қазақстан» Коммунистік халық партиясының хатшысы, Мәжіліс депутаты: – Қоғамдық кеңестің басты міндеті – Елбасымыздың бес әлеуметтік бастамасын жүзеге асыру ісін жан-жақты бақылау. Бұл ауқымды жұмысқа «Нұр Отан» партиясы өзге де саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің, тағы да басқа белсенді қоғам мүшелерін жұмылдырып отыр. Аталған Кеңес ең біріншіден, Елбасының тапсырмасы бойынша құрылды. Екіншіден, бүгінде елімізде Үкімет тарапынан көптеген бағдарламалар қабылданып, жүзеге асырылуда. Бірақ халық олардың бәрінің бірдей маңызы мен мәнін тиісті деңгейде түсінбеуі мүмкін. Осы тұрғыдан келгенде, жаңадан құрылған Қоғамдық кеңес Президенттің бес әлеуметтік бастамасын жүзеге асыруда аталған олқылықтардың алдын алуға жұмыс істейді. Бақылау қоғамдық деңгейде жүргізілгендіктен, оған кез келген азамат қатыса алады. Яғни, Елбасы бастамалары халықтың тікелей бақылауында деуге толық негіз бар. Сол арқылы бастамалардың олқы тұстарын анықтап, оған жауапты мемлекеттік органдарға өз ұсыныстарымызды жолдайтын боламыз. Қажет жағдайда Үкімет өкілдерін шақырып, атқарылған жұмыстары бойынша есептерін де тындауға мүмкіндігіміз бар. Сондықтан бұл бастаманың берері мол деп есептеймін және оған «Қазақстан» Коммунистік халық партиясы белсене атсалысатынын жеткізім келеді.

Әли Бектаев, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясының төрағасы, Сенат депутаты: – Әрине, әр партияның өзінің ұстанған бағыты, көздеген межелі болады. Бірақ біздің бәріміздің басымдығы бір арнаға тоғыстыратын дүние бар. Ол – халықтың мүддесі. Осы тұрғыдан келгенде жаңадан құрылған Қоғамдық кеңестің көтерер жүгі салмақты боларын аңғарамыз. Себебі, бұл Кеңеске бірнеше саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйым өкілдері, тағы да басқа белсенді азаматтар мүше болып отыр. Кейде белгілі бір жайттарға қатысты пікірлері үндеспейтін олар енді ортақ мақсатта жұмыс істеуге бел буып отыр. Ол әрине – Елбасының бес әлеуметтік бастамасының жүзеге асырылуына бақылау жүргізу. Бұл ретте «Ауыл» партиясы да нақты ұсыныстарын айтып, тиісті жұмыстарды қолға алмақ. Біз негізінен осы бастамалардың игілігін ауылдық жерлердегі халықтың көруіне күш жұмсайтын боламыз. Өйткені бес бастаманың барлығы да ауылдықтардың тұрмыс-тіршілігін жақсартуға тікелей қатысты. Сондықтан осы бағыттағы жұмыстарға басымдық беріп, Кеңес арқылы бақылауды күшейтуді ойлап отырмыз.

Серік Сұлтанғали, «Бірлік» саяси партиясының төрағасы: – Елбасының бес әлеуметтік бастамасы еліміздің жарқын болашағына бағытталған. Әсіресе, бұл бастамалар жастардың сапалы білім алып, олардың жайлы өмірлері үшін берілген мол мүмкіндік. Сондықтан оның жүзеге асырылуына тек

Үкімет пен әкімдіктер жауапты болмауы керек. Кез келген қазақстандық назар аударып, осы бағытта істеліп жатқан жұмыстарды бақылап отыруы тиіс. Құрылып отырған Қоғамдық кеңес халыққа осындай мүмкіндік береді. Өз басым бақылау жұмыстарына жастар тарапы белсене қатысады деп ойлаймын. Себебі, бастамалардың орындалуы олардың өмірлеріне тікелей қатысты. Мысалы, қолжетімді баспана, сапалы жоғары білім, жайлы жатақхана сияқты игі істердің жас буын үшін маңызы зор. Ал газбен қамтамасыз ету, шағын несие көлемін ұлғайту және жалақысы төмен азаматтар үшін салықты төмендету бастамалары барша халықтың жайлы өмір сүруі үшін қолға алынып отыр. Осындай басымдықтарды ескеріп, «Бірлік» партиясы бес әлеуметтік бастаманың жүзеге асырылуына қоғамдық бақылау жүргізуге өз үлесін қосатын болады.

ӘРІПТЕСТІКТИҢ АЯСЫ КЕҢЕЙЕ ТҮСПЕК

Қазақстан мен Ресей арасындағы өзара қарым-қатынас уақыт өткен сайын нығайып келеді. Соның ішінде партияаралық байланыстың да бар екенін ерекше атап өткен жөн. Осыған орай, «Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаев елімізге арнайы келген Ресейдің «Единая Россия» партиясының өкілдерімен кездесті. Көрші елдің делегациясын Қазақстанға аталған партия Бас кеңесі хатшысының орынбасары, Ресей Федерациясы Мемлекеттік думасының депутаты Сергей Железняк бастап келді. Сондай-ақ делегация құрамында Мемлекеттік думаның депутаты Рәсул Боташев пен Алексей Воевода және «Единая Россия» партиясы Орталық атқару комитеті Халықаралық байланыстар департаментінің жетекшісі Константин Петриченко да бар. Мәулен Әшімбаев екі партия арасындағы өзара ынтымақтастыққа ерекше назар аударып, достыққа негізделген бұл қарым-қатынас Қазақстан мен Ресей арасындағы стратегиялық әріптестіктің одан ары нығаюына да өз әсерін тигізетінін атап өтті. Сондай-ақ, ол ресейлік әріптестерін 2018 жылдың 18-наурыз күні Ресей Федерациясы президентінің сайлауын сәтті өткізулерімен құттықтады. Сайлауда Владимир Путиннің айқын жеңіске жетуі оған Ресей халқының ел дамуына қосқан үлесі үшін берген лайықты бағасы екенін айтқан Мәулен Әшімбаев: «Владимир Путиннің Ресей президенті болып сайлануы осыған дейін негізі қаланған екі ел арасындағы стратегиялық әріптестікті одан ары нығайта түседі деп есептеймін», – деді. Кездесу барысында екі ел басшыларының арасындағы өзара сенім мен достыққа негізделген қарым-қатынас жайы да сөз болды. Бұл жөнінде «Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары: «Біздің елдеріміздің арасында қарқынды саяси байланыс орнаған. Барлық салада ынтымақтастық серпінді дамып келеді.

Екі елдің өзара байланысының нығаюында мемлекет басшыларының достық қарым-қатынасы айрықша рөлге ие. Бұл елдеріміздің стратегиялық әріптестігінің негізі болып табылады», – деді. Сонымен қатар Мәулен Әшімбаев Қазақстан мен Ресей арасындағы мемлекетаралық және партияаралық байланыс жоғары деңгейде екеніне назар аударып, елдеріміздің қарым-қатынасы тәуелсіздікке құрмет, аумақтық тұтастық, ұлттық мүдде және бір-бірінің ішкі істеріне қол сұқпаушылық тұрғысынан қарқынды дамып келе жатқанын айтты. Бұл – әрине, ерекше атап өтерлік жайт. Мұндай қадам екі ел арасындағы сындарлы әрі перспективалы өзара қарым-қатынастың берік іргетасы екені сөзсіз. Кездесу барысында тараптар партияаралық әріптестікті, соның ішінде өңірлік партиялық құрылымдар арасындағы ынтымақтастықты нығайту, өзара іс-әрекеттің алдағы басым бағыттарын айқындау сияқты мәселелерді де талқылады. Екі елдің ішкі саясатындағы маңызды қадамдар, негізгі мақсаттар мен міндеттер жайы да әңгіменің арқауына айналды. Сондай-ақ, Нұрсұлтан Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауы мен Қазақстан Президентінің бес әлеуметтік бастамасында айтылған басым бағыттарға да тоқталып өтті. Соған орай, Мәулен Әшімбаев партия қызметін жаңғырту аясында «Нұр Отанның» – Қазақстанның стратегиялық әріптесі болып саналатын елдердің жетекші партияларымен халықаралық байланысты дамыту үшін қарқынды жұмыс істеп жатқанын айтты. «Бұл ретте Ресейдің алар орны ерекше. Сондықтан екі партияның әріптестігін нығайтуға айрықша көңіл бөлуіміз керек» деді Мәулен Әшімбаев. Осы ретте айрықша атап өтер жайт, бүгінде аталған екі саяси ұйым да жаңғыру үдерісін қарқынды жүргізуде. Соған байланысты екі партияның да өкілдері бір-бірінің тәжірибелеріне ерекше қызығушылық танытты. Бұл жөнінде Мәулен Әшімбаев «Нұр Отан» партиясының жүйелі жұмыс жүргізіп жатқанын айтып: – Бүгінде біз 20-дан астам партиялық жобаны дайындап, жүзеге асыру жұмыстарын бастап кеттік. Олардың қатарында партия қызметін трансформациялау, цифрландыру, шағын және орта бизнеске қолдау көрсету сияқты басым бағыттар бар. Біздің басты мақсатымыз – заманауи, инновациялық, жоғары технологиялы XXI ғасырдың саяси ұйымын құру, – деді. Сондай-ақ «Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары осындай кездесулер жаңа партиялық жобаларды жүзеге асыруда, мемлекеттік биліктің заң шығарушы органдарының жұмысына қатысуда, жастар саясатын жетілдіруде, халықаралық байланыстар мен басқа да салаларды дамытуда тәжірибе алмасуға мол мүмкіндік беретінін атап өтті. Өз кезегінде ресейлік делегация өкілдері де «Единая Россия» партиясы тарапынан жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік және экономикалық жобалар туралы айтып, партияның ішкі жұмысын жандандыруға бағытталған реформаларға ерекше тоқталды. Сонымен бірге, олар Қазақстан Президентінің игі бастамаларына да назар аударды. Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқының жағдайын одан ары жақсартуға бағытталған әлеуметтік бастамалары біздің де қызығушылығымызды ояты. Өйткені, біздер де осы бағытта көптеген жұмыстар атқарып, тың жобаларды қолға алдық. Сол бастамаларымыздың мәнін халықтың дұрыс түсінгені – біз үшін аса маңызды. Сондықтан, осы бағытта тәжірибе алмасудың берері мол деп есептеймін, – деді Сергей Железняк. Кездесу соңында тараптар екіжақты ынтымақтастықты нығайту үшін жұмыстарды одан ары күшейтетіндерін айтты. Сондай-ақ, «Нұр Отан» партиясы мен «Единая Россия» бүкілресейлік саяси партиясы арасында өзара іс-әрекет және ынтымақтастық туралы хаттамаға қол қойылды.

Еламан ҚОҢЫР
«Нұр Отан» партиясының
баспасөз қызметі

За последний год усилились силовые приемы «решения» проблем в сфере образования. В сентябре прошлого года, когда Министерство образования и науки РК обратилось в МВД республики по поводу распространения ложной информации о содержании казахстанских учебников. По данным МОН, в социальных сетях тиражировались снимки с якобы заданиями в казахстанских учебниках, в которых, к примеру, изображенный на картинке лось называется гусем, утверждали, что во 2 классах ввели новый предмет «Сексуальное воспитание» и т.д.

МОН – «СВЯЩЕННАЯ КОРОВА» РК? ВНЕ КРИТИКИ?

Тогда глава МОН РК Ерлан Сагадиев заявил о том, что «нападки» на министерство срежиссированы: «В этот раз наш юридический департамент почувствовал, что это достаточно организованная работа. В принципе, посоветовались с Министерством внутренних дел РК, написали им заявление с просьбой возбудить уголовное дело и привели факты. Их гораздо больше, чем то, что мы привели. Поэтому мы надеемся, что если организованно, то они (полиция) разберутся, найдут. У нас эффективные службы, и виновные будут наказаны».

И в октябре следователи ДВД Алматы пригласили для беседы сразу нескольких местных журналистов и блогеров, которые выступали с критикой новых, ставших скандальными казахстанских учебников. «Режиссерами нападков» на МОН и «распространителями ложной информации» оказались Андрей Зубов, редактор «Первого канала Евразия», Айгерим Болат, руководитель портала Matritca.kz, блогер Дмитрий Болдырев, руководитель PR-агентств Нуркен Халыкберген и россиянин Юрий Дорохов.

Как пошутил в соцсети Нуркен Халыкберген, «похоже, что критика учебников, по которым учатся и получают знания казахстанские дети в учебных заведениях, становится особо опасным деянием, раз столь вопиющим преступлением занимаются столичные мастера сыска, под кураторством министра».

Но в этой шутке просматривается и цель МОН – сделать запретным, даже преступным деянием критику учебников, да и в целом работу министерства. Ведь журналисты не тиражировали фейковые снимки с якобы заданиями в казахстанских учебниках и не утверждали, что во 2 классах ввели новый предмет «Сексуальное воспитание». Т.е. не за распространение ложной информации, а за критику учебников могут привлечь к ответственности, о чем недвусмысленно дали понять журналистам и общественности.

В итоге ни ДВД Алматы, ни МОН не дали разъяснений по поводу опросов/допросов журналистов: на каком юридическом основании и за что их приглашали в ДВД?

МОН ПРИЗНАЕТ КРИТИКУ СПРАВЕДЛИВОЙ

Это нонсенс! ДВД – это Академия наук, чтобы давать научную оценку критике учебников? Как полицейские определяют справедливую критику и распространение ложной информации? Ведь досудебное расследование велось по статье 274, часть 2, п. 3 УК РК – «Распространение заведомо ложной информации».

Или МОН не разобралось, где ложная информация, а где справедливая критика, и передало решить эту проблему ДВД?! По-хорошему, сотрудники МОН должны были сами найти эти фейковые материалы, снять скриншоты, опровергнуть их, а авторов – попросить извиниться и убрать ложную информацию. Если это не подействует – подать в суд на авторов этих постов.

МОН – «СВЯЩЕННАЯ КОРОВА» РК? ВНЕ КРИТИКИ?



А сейчас МОН оказалось в двусмысленном положении после вызовов журналистов в ДВД. Теперь МОН должно отозвать свое заявление в полицию, разъяснить ситуацию и вместе с ДВД – принести свои извинения. Это незаконное привлечение журналистов к досудебному расследованию.

Ведь эти учебники критикуют не только блогеры, журналисты, но и депутаты парламента, спикер сената Касым-Жомарт Токаев, президент Нурсултан Назарбаев. Тем более МОН официально дало разрешение на критику своих учебников. А теперь получается: критика учебников – подсудное дело?

Впоследствии МОН опосредованно признало критику журналистов справедливой, например, «знаменитой» лингвистической сказки «И-пызьявы» и слов вроде «отсырнул» больше не будет: предметная комиссия внесла изменения в скандальный учебник по русскому языку для 7 классов, а также в другие учебники по критическим выступлениям общественности.

Именно после критики в СМИ и соцсетях отменили некоторые поспешные решения, в частности, о сдаче ЕНТ выпускниками НИШ. После многочисленной критики учебников по обновленной школьной программе МОН решило привлечь к проверке новых учебников общественность: журналистов, блогеров и активных родителей.

УГОЛОВНОЕ ДЕЛО ЗА ОБРАЩЕНИЕ К ПРЕЗИДЕНТУ?!

Приблизительно по вышеуказанному сценарию МОН с вызовом журналистов в ДВД действовал и Комитет науки МОН РК, когда правоохранительные органы завели уголовное дело по факту распространения заведомо ложной информации и вызвали ученого-

астрофизика Максима Макукова на допрос.

«На интернет-ресурсе uvision.kz появились посты, которые содержали информацию клеветнического характера с обвинениями в создании коррупционных схем в деятельности государственного органа. Также в Комитет науки обратились учёные с информацией о подделке их подписей под распространяемым обращением к главе государства», – заявил председатель Комитета науки МОН РК Болатбек Абдралилов. И Комитет науки обратился в правоохранительные органы.

В итоге вышли на Макукова, одного из организаторов Обращения ученых к президенту. Однако Обращение составлено без клеветнического характера с обвинениями в создании коррупционных схем, ложной информации, с приведением фактов вопиющих нарушений законодательства в области науки.

Характерно, что и полицейские действовали незаконно, когда в здании обсерватории хотели изъять и осмотреть компьютеры, сотовый телефон, планшет Макукова. Этому помешало возмущение общественности.

ПРЕСЛЕДОВАНИЯ УЧЕНЫХ И ЖУРНАЛИСТОВ ДОЛЖНЫ БЫТЬ ПРЕКРАЩЕНЫ

В Казахстане обвинения в «распространении заведомо ложной информации» нередко стали использовать для подавления своих оппонентов. Похоже, эту негативную тенденцию взяли на вооружение и в МОН РК.

Если есть ложная информация в Обращении ученых к главе государства, надо ее опровергнуть, а не подавать в суд. С каких пор в науке силовые методы борьбы с оппонентами стали предпочтительней,

чем оппонирование на научной основе? Какие законные основания этих силовых приемов? Если кто-то отказался от своей подписи в Обращении, это не делает этот документ ложным.

Ведь эту проблему подняли и в парламенте – депутаты «Ак жола» повторно с 2015 г. требуют провести антикоррупционное расследование распределения научных грантов. Такой запрос в адрес премьер-министра был озвучен 7 февраля Меруерт Казбековой. Депутаты «Ак жола» в своем запросе попросили правительство рассмотреть вышеуказанные факты на предмет наличия коррупционных нарушений при распределении научных грантов. Это лучший выход из создавшегося тупика в научной сфере. И начинать надо с легитимности Национального научного совета, который распределял гранты.

В этом плане есть обнадеживающая новость. Как сообщила экс-заместитель председателя Комитета по науке МОН РК Ляззат Кусаинова, 27 апреля 2018 г. по вопросам, поднимаемым учеными относительно нарушений в составах ННС и распределений грантов, состоялись две встречи. Первая – с членом мониторинговой группы по противодействию коррупции Агентства по делам госслужбы Галымом Байтуком и председателем АДГСПК РК Шпекбаевым А.Ж. Вторая – совещание в Министерстве образования и науки РК под руководством депутата мажилиса парламента Ириной Смирновой и с участием депутата Меруерт Казбековой.

По мнению Кусаиновой, несмотря на то, что уполномоченный орган продолжает отрицать факты нарушений законодательства, ситуация преломилась из-за трех факторов. Это депутатские запросы парламентариев, поручение премьер-министра о необходимости проведения совещания с учеными для обсуждения возникших проблем и Обращение ученых к главе государства, на которое ответа не было получено.

Согласно Национальному докладу по науке за 2016 г., доля затрат на казахстанские научные исследования в ВВП составляет всего 0,17% (!). Некоторые эксперты отмечают, что при финансировании науки ниже 1% от ВВП в течение 5-7 лет может наступить необратимое разрушение научнотехнического потенциала страны. В развитых странах, в число которых стремится Казахстан, этот показатель намного выше – от 3 до 4%.

Надо донести до правитель-

ства, что с таким финансированием научных исследований Казахстану не светит место в 30-ке развитых стран, не будет роста экономики, инновационного развития системы образования, интеллектуального и информационного прорыва, конкурентоспособного человеческого капитала.

Как отмечают ученые, такое положение науки в СНГ только в Казахстане, где Академия наук – общественная организация. И ныне стоит острая проблема – вернуть прежний статус АН, вернуть базовое финансирование науки, поднять зарплату и престиж ученых.

Но для начала надо прекратить преследовать ученых и журналистов.

О причинах преследования ученых и его прекращении прокомментировала Ляззат Кусаинова на вышеуказанной встрече: «Допущенные нарушения законодательства явились причиной обращений ученых. Попытка уйти от ответа вынудили научную общественность публично высказывать свои критические замечания в Обращении к президенту. Но сам факт Обращения ученых к главе государства не может служить поводом для возбуждения уголовных дел, прессинга и травли ученых. Нарушения должны быть устранены, преследования в отношении Максима Макукова должны быть прекращены. Его действия не являются уголовным деянием, выражение мнения и гражданской позиции – это конституционное право каждого».

На этой встрече депутат Смирнова попросила руководителя Комитета науки изучить эту ситуацию и принять меры по недопустимости уголовного преследования.

Этот «научный» скандал вскрыл проблему отсутствия системного государственного подхода к развитию науки, принцип ее финансирования, определения основных направлений науки, ее слабую связь с экономикой, производством и т.д. Заодно показал во всей красе «ученых монополистов» – как от фирменного пирога научной кухни отрезать себе львиную долю, оставив остальным лишь крохи. Создается впечатление, что даже те средства, выделяемые государством, распределяются несправедливо, что вызовет стагнацию и даже угасание ряда научных направлений, отраслей и институтов.

И ныне все ждут решения правительства.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – 80 жылдам астам тарихы бар ғылым ордасы. Ол Қазақстанда алғашқы арнайы ашылған бірден-бір университет, 1970 жылдарда Қарағанды қаласында екінші университет ашылды. Кеңес үкіметі кезінде университеттерден тек осы екеуі болатын. Сондықтан, бұл жоғары оқу орнында кезінде білім алуға көптің қолы жете бермейтін. Бүгінгі күнге дейін республикадағы жоғары оқу орындарының ішінде көш басшысы саналатын «Қара шаңырақ» ғылым мен білімнің орталығы болып табылады. Осындай жоғары оқу орнында ғылыммен қатар жастарды білімге баулыған республика көлемінде ғана емес алыс және жақын шетелдерге танымал ғалымдардың бірі – Құрметті академик Талас Омарбеков ағамыз.

Ағамыз, бүгінде Жамбыл облысы, Байзақ ауданының Құрметті азаматы.

Талас Омарбеков бар өмірін ғылым мен білім беру қызметіне арнаған ұлағатты ұстаз, көрнекті ғалым. Қазақ халқында «Алдыңғы арбаның дөңгелегі қалай жүрсе, артқы дөңгелек те солай жүреді» деген мақалда айтылғандай, адам баласы да алдыңғы буынға қарай, кейінгі буын бой түзеп өседі және оның орнын басады. Бұл барлық адам баласына тән өмірдің заңдылығы болып табылады. Алдыңғы буынның өмірден алған білімінен, тәжірибесінен үлгі алып, оның өмірге қажетті жақтарын үйреніп, оны кейінгі ұрпаққа беріп, артынан шәкірттер тәрбиелейді. Студенттерді білім мен ғылымға баурай білген ұлағатты ұстаздардың бірегейі – Талас ағамыз.

Талас ағамыз отандық тарихтың дамуына сүбелі үлес қосқан тарихшы ғалым. Бүгінде тарихшы да, тілші де, әдебиетші де, тіпті басқа саланың маман иелері де тарихпен айналысып, тарих төңірегінде еңбектер жариялауда. Әрине, тарихты жазғанда ғылыми тілде тарихи дереккөздерге сүйене отырып, нақты дәлелдермен мысал келтіріп, оны тарихи фактілермен дәлелдеу бір бөлек, ол әр тарихшының қолынан келе бермейтін дүние. Ал тарихты ғылыми тілде сөйлетіп, дереккөздерге сүйене отырып, нақты, оны фактілермен дәлелдей алатын тарихшы ғалымдар ішіндегі бірегейі – Талас ағамыз.

Талас Омарбеков – өткен ғасырдың ортасында дүниеге келген, тарихтың бұл кезеңі Кеңес Үкіметінің кемеліне келіп, социалистік қоғам құруға коммунистік партия басшылығымен көп ұлтты КСРО-ның халықтары атсалысып жатқан жылдар болатын. Социалистік қоғамда коммунистік идеология үстемдік етіп, тарихтың ақтандақтары саналатын Қазақстанның ХХ ғасырдың 20-30 жылдардағы кеңес үкіметінің жүргізген: ұжымдастыру саясаты, байларды тәркілеу, 32-ші жылғы зұлаMAT, саяси репрессия, жалпы қазақ халқының ұлттық мүддесі тұрғысынан зерттеуге шектеу қойылған тақырыптар болды. Сондықтан ғалымдарға зерттеу мен мұрағат құжаттары негізінде табылған деректерді жариялау мен ғылыми еңбек жазуға тыйым салынған-ды. Бірақ ғалым мұрағат құжаттары негізіне сүйене отырып бірнеше еңбектер жариялап, партия сынына іліксе де, тарихтағы ашы шыңдықты зерттеу мен жазуда оған ешкім кедергі бола алмады. 1991 жылы КСРО-



ТАРЛАН ТАРИХШЫ

*Көрнекті ғалым, тарих ғылымының докторы, профессор
Талас Омарбеков жетпіс жасқа толды.*

ӨМІРДЕРЕК

- Талас Омарбеков 1948 жылы 29-ыншы мамырда Жамбыл облысы Байзақ (бұрынғы Свердлов) ауданы Ақжар ауылында дүниеге келген. Ол 1954 жылы осы ауылдағы сегіз жылдық мектептің бірінші класына барды.
- Жастайынан әкеден жетім қалған қағылез бала тарих іліміне ерте қызығады. Бесінші сыныптан бастап өз бетінше «Ерте дүние тарихы» пәнін оқып-үйренуге кіріседі.
- «Трудовой пахарь» колхозында он бір жылдық мектепті бітірген жеткіншек осы ауылда тракторшы, токарь, шопан болып еңбек етеді.
- Қалаған оқуына үш мәрте құжат тапсырып, Абай атындағы ҚазПИ-дің тарих факультетінің сырттай оқытатын бөліміне зорға түскен шәкірттің аса ізденімпаздығын аңғарған ұстаздар оны кейін ішкі бөлімге ауыстырады.
- Болашақ ғалымның курстық жұмыстардың өзі орта ғасырлар тарихына арналады. Төртінші курс студентінің баяндамасы Республикада екінші орынға ие болып, Қазақстан комсомолы Орталық комитетінің «Құрмет грамотасымен» және заттай сыйлықтарымен марапатталған.
- Жоғары оқу орнын түгескен жас 1971 жылы Жамбыл облысының Жуалы және Байзақ аудандарында тарих пәнінің мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі қызметтерін атқарды.
- 1972 жылдан бастап Талас Омарбеков республикалық газет-журналдарға тарихқа қатысты мақалаларын жариялай бастайды.

ның ыдырауынан кейін Қазақстан тәуелсіздігі жарияланып, Отан тарихындағы ақтандақтарды жанаша тұрғыдан зерттелу қолға алынды. Қазақстанда сталиндік тоталитарлық жүйенің орнығу тарихы мен оның салдарын зерттеген алғашқы отандық тарихшылардың бірі Талас ағамыз болды. Ол 20 ғасырдың 20-30-жылдары Қазақстанда байларды тәркілеу, шаруаларды күштеп ұжымдастыру саясатының зардаптарын ашып көрсетіп, сол тарихи кезеңде орын алған халық наразылықтарына жаңа тарихи көзқарас қалыптастырды. Қазақстанда 1929-1931 жылдардағы кеңестік тоталитарлық жүйеге қарсы болған ұлт-азаттық қозғалыстар зерттеліп, нәтижесі ғылыми еңбек болып жарияланды. Оның 1993 жылы қос авторлықпен (М.Койгелдиев) шыққан «Тарих тағылымы не дейді?», 1994 жылы «Зобалаң» және 1997 жылы «ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстан кәсіреті», «ХХ ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері» және Шыңғыс Омарбековпен бірігіп жазған «Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас», «Тарихпен өрілген тағдыр» деген монографиялар мен еңбектері жарияланды. Ғалымның тікелей басшылығымен ашылған «Алаш» ғылыми зерттеу орталығы кеңестік кезеңде зерттеуге тыйым салынған

қазақтың ру - тайпаларының тарихына байланысты 30 томнан астам еңбектер жазды. Бұл орталық 2007 жылы «Жылдың үздік ғылыми-зерттеу орталығы» деген номинацияға ие болды. Аталмыш ғылыми орталықтың «Алаш» тарихи-этнографиялық журналында Талас ағамыз түрлі тақырыптарды қамтыған ғылыми зерттеу мақалалары мен сын-пікірлері жарық көрді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен қолға алынған «Халық тарих толқынында» бағдарламасы аясында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ғылыми кеңесінің шешімімен университетте «Орталық Азияның дәстүрлі өркениетін зерделеу» Республикалық ғылыми-зерттеу орталығы құрылып, оның директоры болып тарих ғылымдарының докторы, профессор Талас Омарбеков тағайындалды. Талас ағамыздың тікелей бастамасымен: «Қазақ түркілерінің мемлекеттігі: ұлыстар, қағанаттар мен хандықтар», «Қазақ хандары», «Қазақ халқының этно территориясының қалыптасуының мәселелері», «Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы», «Орталық Азиядағы дәстүрлі өркениеттер тарихының мәселелері», 4 томнан тұратын «Орталық Азия көшпелілері өркениетінің тарихы», жоғары

оқу орындарының бакалавр студенттерге арналған 4 томдық «Қазақ елі» оқулығы және мектеп оқушыларына арналған «Қазақстан тарихы» (5-10 сыныптарға арналған) оқулықтары жарық көрді. «Қазақ елі» оқулығына сұраныстың көп болуына орай орыс және түрік тілдеріне аударылуда. Еліне, жоғары білікті мамандарды дайындау ісіндегі еңбегі еленген, бірнеше марапат иесі. Ол 1997 жылы Қазақстан Республикасы Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі болып сайланды. 2007 жылғы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» Мемлекеттік грантын иеленді. 2009 жылы ғылым мен білімді дамытуға сіңірген еңбектері және жоғары оқу орнындағы қызметі үшін «Құрмет» орденіне лайық деп танылып, марапатталды. 2017

■ ОҚШАУ ОЙ

АЙРЫҚША ПАЙЫМ-ПАРАСАТ

Талас Омарбеков дәуірлер толқынындағы айтулы құбылыстарға деген тосын көзқарасымен ерекшеленеді. Төменде ғалымның кейбір ой үзіктері ұсынылып отыр.

АЛАШ – «ҚАЗАҚ» ҰҒЫМЫНЫҢ СИНОНИМИ

Қазақ хандығы – Алты Алашты біріктірген саяси-қауымдық құрылыс. Ал «Алаш» ұғымы – «қазақ» сөзінің синонимі. Міне, осындай ұзақ жолдан өтіп, ақырында Ресейге отар болып, одан отаршылдық үшін күресте небір тарихи тұлғаларды шығарып, біресе қазақ, біресе Алаш атанып, осы дәуірге жеттік, оған да шүкіршілік.

БІЗДІҢ ТАРИХЫМЫЗДЫ БАСҚАЛАР ЖАЗДЫ

Біз әлі күнге дейін В.Бартольд сияқты орыс ғалымдары жазған тарихтың жетегінде келеміз. Жасыратыны жоқ, бізде жазба тарих болмай келді. Ауызша дәстүрлі тарих басым. Ол көбінесе күрескерлік рухқа, көркемдеп бейнелеуге, қияли баяндауларға да құрылып кетеді. Батырларымыздың отқа салса жанбайтыны, суға салса батпайтыны секілді суреттелетін жерлері бары белгілі. Бірақ осылай дегенімізбен, кейіпкерлер – заманында болған тарихи тұлғалар. Әрине, ертедегі хан-қағандар күнбе-күн, айма-ай, жылма-жыл тарихты жазып, көшпенді бола тұра, ата-бабаларымыздың мұрағаты болғанда, әңгіме басқаша болар еді. Бұл – біздің кемшілігіміз және қиыншылығымыз.

ӘЛІ ДЕ ТАРИХИ ШЫНДЫҚҚА ЖЕТЕ АЛМАЙ КЕЛЕМІЗ

Мұстафа Шоқайдың бір мақаласы «1916 жылғы көтеріліс туралы большевиктердің өтірігі» деп аталады. Қазір біз сол өтіріктен көтеріліс шындығын аша алған жоқпыз. Мұстафа Шоқай «ұлт-азаттық» сөзін қолданбайды. «Ұлт-азаттық» сөзін қолданып жүрген – мына бізбіз. Меніңше, «ұлт-азаттық» дегеннен арылуымыз керек. Бұл – Патша үкіметіне, оның отаршылдығына қарсы бағытталған ұлттық қозғалыс еді. Ешқандай ұлт-азаттық күрес емес. Мұстафаның мақаласын талдауды жалғастыратын болсам, ол «1916 жылғы көтерілістің баса назар аударатын ең маңызды тұсы қайсы?» деп сұрақ қояды. Бұл сұраққа 1916 жылғы қозғалыс жалпы алғанда ұлттық қозғалыс еді, онда таптық күрестің елесі де жоқ еді деп жауап береді өзі. Бұл – ешқандайда ұлт-азаттық емес, рулық қозғалыс.

КӨПТЕГЕН ЗЕРТТЕУЛЕР ТИІП-ҚАШТЫ ДҮНИЕЛЕР

Тайпалық көтерілістер Кеңес өкіметінің кезінде жақсы зерттелді. Көптеген құжаттар жиналды. Дегенмен, орысқа қарсы рулы ел болып көтерілгендер туралы деректер құпия болып қалды. Мысалы, «Қарқара көтерілісі» мүлде айтылмайтын. Тәуелсіздік кезінде де бірталай құжаттар жинақ болып басылып шықты. Бірақ, бұл зерттеулердің барлығы шашыраңқы, тиіп-қашты дүниелер.

**Гүлнар ҚОЗҒАМБАЕВА,
Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың Қазақстан тарихы
кафедрасының т.ғ.к., доцент**

■ МЕРЕЙТОЙ

Қаз дауысты Қазыбек бидің, Бұқар жыраудың елі, ақиық ақындар Сәкен мен Қасымның, Алаш кесемдері Әлихан мен Әлімханның елінде – қасиетті Қарағанды өңірінде Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты, Ресей Жазушылар одағы С.Есенин алтын медалінің иегері, ақын Ғалым Жайлыбайдың 60 жылдық мерейтойы аталып өтті.



Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ
Президент –
Редакторлар кеңесінің төрағасы –
Қазыбек ИСА

Бас редактор – Құлтөлеу МҰҚАШ
Бас редактордың бірінші орынбасары – Зейнолла АБАЖАН
Бас редактордың орынбасары – Азамат ТАСҚАРАУЛЫ
Жауапты хатшы – Гүлмира САДЫҚ

Бөлім редакторлары:
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Нұрлан ӘБДІБЕК (қоғам)
Айнұр АХМЕТ (мәдениет)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Астана тілшілер қосыны:
Азамат ТАСҚАРАУЛЫ
(8-702-931-89-86)

Ақмола облысы:
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

Арқалық қаласы:
Нұрсұлтан НҰРМАН
(8-702-688-84-87)

Алматы облысы:
Айтақын БҰЛҒАҚ (8-702-239-62-99)
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)
Мырзағали НҰРСЕЙІТ (8-701-771-6496)
Қанат БІРЖАНСАЛ (8-775-323-0850)

Батыс Қазақстан облысы:
Қажымұқан ҒАБДОЛЛА
(8-701-111-61-05)

Жезқазған қаласы:
Жанат АСАНҚАПИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)

Сәтбаев қаласы:
Абдолла ДАСТАН
(8-(71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)

Қарағанды облысы:
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)

Қостанай облысы:
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)

Семей қаласы:
Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)

Маңғыстау облысы:
Сағындық РЗАХМЕТ (8-775-379-84-88)

Оңтүстік Қазақстан облысы:
Әбдіғаппар АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)

Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)
Түркістан қаласы:
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

Атқарушы директор – Әзірет ЖАРЫЛҚАСЫН

Тарату бөлімі:
Алматыда:
Асхат ТЕЗЕКБАЕВ (8-701-499-27-80);
(8-777-115-13-49)

Астанада:
Көбей ЖЕТІБАЙ (8-775-665-74-10)

Шымкентте:
Мүтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),

Астанада «Алты Алаш» (87015728847)
дүңгіршіктерінде сатылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19.12.2012 жылы тіркелген.
Күәлік №13976-Г (Алғашқы күәлік №1270-Г, 01.08.2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз.

Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.

Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.

Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді

АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 000
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

Редакцияның мекен-жайы:
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, К.Сейітов көшесі, 11 үй

Байланыс телефоны:
8 (727) 398-57-31

E-mail: qazaquni2000@gmail.com
www.qazaquni.kz

Кезекші редактор – Зейнолла АБАЖАН

ТОО «Қазақ үні»
БИН 000540006784
ИИК KZ50856000000385541
АҒФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК КСІВКЗКХ, Кбе 17

Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды. Алматы қ., С.Мұқанов к., 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген

Төрт аттылы

Соғыстың шарпып өткен өрті-ай, жылдам,
Естияр ағалардан ерте айырылған, –

Төрт бала –
Қазақ дейтін жыр-еліне,
Төрт атқа мініп келдік – төрт ауылдан.

Дәуітәлі! деген, шіркін, қандай жігіт,
Жырлады Жыландысын хандай қылып!
Көргені көзін ашып жылан еді,
Жұтты ғой сол соңынан қалмай жүріп...

Қарасаң, тау басында – обалары,
Әр жерде бір-екі-үштен молалары;
Жүрсіннің² туған жері – жер түбінде,
«Жер жоқ-деп өзі айтады – одан әрі...»

Көрсетпей өркениет қарасын да, –
Мен туғам Қызыларай даласында.
Өскенмін Маулидей³ асыр салып,
Арқар мен арландардың арасында!

Көгілдір Ақсоңаңның аспаны мен, –
Көк жасыл! –
Көрмедім ғой басқаны мен!

... Ғалымның⁴ туған жері – станция,
Пойыздар жүйткіді онда составымен...
Жұт болса, малдан талай бас қырылып,
Арқаның үсті – боран, асты – бүлік;

Ақырып пойыз мұнда өткен сайын,
Ал, бізде жатады ылғи қасқыр ұлып...
Соғыстың шарпып өткен өрті-ай, жылдам,
Естияр ағалардан ерте айырылған, –

Төрт бала –
Қазақ дейтін жыр-еліне,
Төрт атқа мініп келдік – төрт ауылдан.

¹ Маугли – қасқырдың асырауындағы бала, (Р. Киплингтің кейіпкері).

² Д. Стамбекұлы. ³ Ж. Ерман. ⁴ Ғ. Жайлыбай.

Серік АҚСҰНҚАРҰЛЫ

qazaquni.kz

Маң далада туылған маңғаз ақын...

Ғалым Жайлыбайға

*Жүрек дертін жыр менен ән жазатын,
Туған елден Ақынға бар ма жақын,
Дарыныңа Сәкеннің даңқын қоссын,
Маң далада туылған маңғаз ақын.*

*Таңда мынау таңдаулы тарланы кем,
Батыраштар басса да қанға кілең,
Ұмтылады дүлдүлдер алға, білем.
Жауыздықпен шабысқан шабысы бар,
Ауыздықпен алысқан ардакүрең,*

*Өлең – мәңгі, тереңде жатса мәні,
Ақындарға бас иген патша-дағы,
Бабында олар бағасын тапса, кәні,
Алатауды жіберді желпіндіріп,
Аңқи соққан Арқаның ақ самалы.*

*Дүбір тілеп тыпырышып тұрған шағын,
Бауыр жазар кең жазық қырды аңсадың.
(Айналмада тыз етпе жүр қанша мың...)
Сол бір екпін құратпай құрғақ сөзді
Мәлдіреттің бұлақтай жыр моншағын.*

*Ісі болмай тұрмыстың не дерімен,
Сырласатын сырбазсың өлеңімен.
Кеңістіктен бояулар көре білген,
Теңіздің де ой аулар тереңінен...*

*Заман мынау болмай тұр жанға жайлы,
Таланттыны тап басып талғамайды.
Толқып жүріп күтеміз толған айды,
Алдымыздан ашылар ақмаңдай күн,
Ақындардың сезімі алдамайды!..*

Қазыбек ИСА

ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

«Қазпошта» арқылы Жазылу бағасы:

1 айға – қала – 299,29, аудан/ауыл – 317,93
3 айға – қала – 897,87, аудан/ауыл – 953,79

6 айға – қала – 1 795,74, аудан/ауыл – 1 907,58
12 айға – қала – 3 591,48, аудан/ауыл – 3 815,16